

Б. Қ. Әбдіғұлова

**ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНАН
ӘҢГІМЕЛЕР
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 5-сынып
мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Алматыкітап баспасы
2010

УДК 373
ББК 74.266.3
Ә 14

Әбдіғұлова Б. Қ.
Ә 14 Қазақстан тарихынан әңгімелер. Әдістемелік құрал. Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. – 140 бет.

ISBN 978-601-01-0364-1

УДК 373
ББК 74.266.3

ISBN 978-601-01-0364-1

© Әбдіғұлова Б. Қ., 2010
© «Алматыкітап» баспасы, ЖШС, 2010

5-СЫНЫПТА «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ӘңГІМЕЛЕР» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кездегі қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа бағдарлар, қоғамның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы осы заманғы білім беруге қойылатын талаптарды да өзгертті. Өркениетті елдердің көпшілігінде білім берудің мақсаты, мазмұны мен технологиялары оның нәтижесіне қарап бағаланады. Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Осы ретте орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отырған қоғам жағдайында алынған терең білімнің, дағдының негізінде оқушыны еркін бағдарлана білуге, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға және өздігінен дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдайтын жеке тұлға етіп қалыптастыру.

XXI ғасырда білімге деген жаңа көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша сипатталуда. Білімнің – құндылық, жүйе, үрдіс, нәтиже ретінде төрт жақты сипаты біртұтас қарастырылады. Әлемдік білім беру кеңістігінде, өркениетті елдерде білім беру ісі **нәтижеге бағытталған білім (НББ)** үлгісі болып табылады.

Біздің елімізде білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті жаңа сапалық сипатқа ие болу жолындағы үлкен бетбұрыс алдында тұр. Кеңестік дәуірде білім беру жүйесінің соңғы нәтижесі жеке пәндер бойынша алынатын білім, білік, дағды (ББД) болып саналды. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе – білім, білік, дағдыны меңгеруге бағытталудан біліктілік алуға көшу. Білік және біліктілік ұғымдарының мәнін анықтайық.

«Білік» (competentia) – латын сөзі. Адамның белгілі бір сала бойынша кең ауқымды, терең, жан-жақты білімі бар, хабардар, білгір ұғымында. Тәжірибесі мол маман деген мағынаны білдіреді.

Ғылыми-әдістемелік еңбектерде **білік**:

– «оқушының меңгерген білімін, оқудағы іскерлігі мен дағдыларын қолдануға даярлығы, сонымен қатар практикалық және теориялық міндеттерді шешу үшін қажетті өмірлік қызмет тәсілдері»;

– «жеке тұлғаның сапалы әрі өнімді әрекет жасауға қажетті өзара байланысты қасиеттерінің жиынтығы (білім, іскерлік, дағды, қызмет тәсілдері)»;

– «оқушының білімдік даярлығына алдын ала қойылатын талап не «норма», т.б деп көрсетілген.

Шетелдік әдебиеттерде «біліктілік» – «терең білім», «тапсырманы талапқа сай орындау қабілеті» деген анықтамалар берілген. Ресей ғалымдарының еңбектерінде біліктілік мазмұны «әлеуметтік-психологиялық», «коммуникативтік», «кәсіби-педагогикалық» ұғымдары арқылы пайымдалады:

- тұлғаның дайындық сапасына қойылатын талап;
- кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапа;
- оқушының білімі мен білігін бағалау сапасы, нәтижелі әрекет жасау қабілеті, т.б.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде **біліктілік**:

- «туындаған мәселелер мен міндеттерді тез шешуге жағдай жасайтын практикалық қызметті жүзеге асыруға қабілеттілігі»;
- «тұлғаның белгілі бір саладағы қызметіне қатысты қасиеттер жиынтығы мен тәжірибесі» делінген.

Сонымен, біліктілік дегеніміз – білім, білік, дағды мен іс-әрекет жиынтығы. Кез келген жағдайда оқушының білімін, дағдыларын жүзеге асыра алуы және мәселелерді шешу үшін адамның өзінің іс-тәжірибесінің болуы деп түйіндейміз.

Бүгінгі таңда ғалымдар біліктілікті нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде қарастырады.

Біздің елімізде «нәтижеге бағытталған білім» (НББ) ұғымы туралы көптеген көзқарастар мен пікірлер бар. Нәтижеге бағытталған білім беруге тән негізгі ерекшелік «бағытталған» сөзіне тікелей байланысты.

Нәтижеге бағытталған білім оқушылардың жеке жетістіктері шеңберінде белгілі бір нәтижелерге жету үшін бағытталған білім беру үрдісін сипаттайды. Сонымен, оқушылар қандай маңызды мәселелерді түсінуі қажет, олар не істей білуі тиіс және қандай қасиеттерін дамытуы керектігін анықтау қажет. Осыдан кейін ғана оқушылардың қабілеттері мен қасиеттерін дамытуға қол жеткізуге бағытталған құрылым мен оқу жоспары дайындалады. Сөйтіп, НББ оқушылар оқу соңында қандай нәтижелер көрсетуі тиіс екендігін негіздейді. Осы тұрғыдан мұнда білім беру **«Не үшін оқытамыз?»** деген сауалға жауап алудан басталады. Осы сұраққа жауап ретінде алынатын соңғы нәтижелер нақты жеке пәндер бойынша меңгерген білім, білік, дағдылары емес, өмірлік дағдыларға байланысты іске асырылады. Содан кейін барып **«Оқушыны оқуға қалай үйретеміз?»** деген мәселені шешуге байланысты болады. Егер бұрын мұғалімнің басты мақсаты оқушыға жүйеленіп, өңделген дайын материалды, ақпаратты жеткізу болса, қазіргі уақытта мұғалімнің де,

оқушының да рөлі өзгерді. Бүгінгі мақсат оқушыға дайын ақпарат беру ғана емес, оқушылардың өздігінен оқып-үйренуі, өздігінен ізденуі, өзіне қажетті білімді табуы және ұтымды пайдалануы. Мұғалім мұнда оқушылардың пәнді өздігінен меңгеруіндегі сарапшы ретінде, оқу үрдісіне және оқушының жаңа материалды қабылдауына мүмкіндік жасауға көмектеседі. Оқушылар мұғалімнің басқаруынсыз өздігінен оқып-үйрену дағдыларын пайдалануға үйренеді.

Оқушылар өздігінен оқып-үйрену, оқу материалын қабылдау дағдыларын дамыту арқылы «**қалай оқуы керектігін үйренеді**». Осындай оқытудың нәтижеге бағытталуы нәтижесінде оқушылар өмірге қажетті кең ауқымды дағдыларды, біліктіліктерді меңгеруге мүмкіндік алады.

5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихынан әңгімелер» курсының мазмұны мен құрылымының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық.

Курс мазмұнын оқып-үйренуге бағдарлама бойынша 68 сағат бөлінген.

5-сыныпқа арналған Қазақстан тарихынан әңгімелер курсының мазмұны бес бөлімнен тұрады, қорытып-қайталауға және өлке тарихын оқып-үйренуге қосымша сағат берілген.

5-сыныпқа арналған Қазақстан тарихынан әңгімелер курсының мазмұны жағынан да, оны оқыту әдістемесі жағынан да басқа тарих курстарынан ерекшеліктері бар.

Тарихты дербес пән ретінде оқып-үйрену 5-сыныптан, «Қазақстан тарихынан әңгімелер» деп аталатын алғашқы курстан басталады. Әңгімелер курсын оқып-үйрену барысында оқушылар тарихтан белгілі бір көлемде, тұжырымдалған бастапқы білім алады. 5-сыныпта Қазақстан тарихының сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі оқиғалары қамтылады. Еліміздің тарихында болған аса маңызды оқиғалар мен құбылыстар хронологиялық реттілігімен баяндалады.

Бұл курстың басты ерекшелігі – ондағы материалдар көлемі жағынан шағын әрі әңгіме түрінде берілуі. Еліміздің әртүрлі кезеңдеріндегі өмірі, тұрмысы және тіршілігінің тарихи бейнесі суреттеледі.

Жүйелі курста ұзақ әрі күрделі үрдіс ретінде оқылатын құбылыстар 5-сыныпта суреттеу, баяндау, нақты образын тартымды да әсерлі әңгімелеу арқылы ашып көрсетіледі. Мұнда күрделі үрдістер мен ұғымдар жүйесін барынша толық әрі терең ашып көрсетуден гөрі, аса маңызды тарихи құбылыстың негізгі кезеңдері, айтарлықтай белестері туралы алғашқы түсініктер беріледі. Мұның өзі оқушылардың келесі сыныптарда өтілетін тарих пәнінің күрделі де жүйелі курстарын жетік меңгеруіне көмектеседі.

Оқулық пен бағдарламада 10 – 11 жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілген. Психолог ғалымдардың пікіріне қарағанда, бұл

жастағы шәкірттер мінез-құлығының дамып, қалыптасуы жағынан қиын, өтпелі кезеңдегі «кіші жеткіншектер» деп танылған. Осы ретте қазіргі заманғы білім беруші мұғалімнің ғылыми-теориялық білімі жан-жақты, терең болуы, оқыту әдістемесін жетік білуі талап етіледі.

Бұл курстың жетекші идеясы – оқушыларды қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, биік мәдениетке тәрбиелеуге септігін тигізу. Осы мақсатта оқулықта курстың жетекші идеясын аз-аздап, бірге-бірте ашуға, бұл үрдістің аса маңызды жақтарын мүмкіндігіне қарай толық көрсетуге септігін тигізетін факторлар іріктеліп алынған. Сонау ерте заманда Қазақстан аумағында мекендеген сақ, ғұн, түрік тайпалары, олардың өмірі мен тұрмысы, тәуелсіздік жолындағы ерлік күрестері оқушылардың жадында тек жақсы сақталып қана қоймай, олардың сезіміне әсер ететіндей баяндау қарастырылады. Сондықтан Тұмар патшайым, Шырақтың ерлігі, Еділ-Аттила, Білге, Күлтегін, Тоныкөк, Қайырхан туралы материалдар оқушылардың көкейіне қонымды жеткізіліп, олардың бойында отаншылдық сезімдерді қалыптастыруға көмектесуі тиіс.

Бесінші сынып оқушылары еліміздің тәуелсіздігі мен азаттығы жолында күрескен, аттары аңызға айналған Тұмардан бастау алған ержүрек жауынгерлер, қазақ билері мен батырлары, хандары мен халықтың ерлігі, бүгінгі күндегі ғарышқа самғаған қазақ елінің мақтаныштары Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаевқа дейінгі тарихи қайраткерлер легімен, еліміздің тарихының қаһармандық беттерімен танысады, тарихымызда болған елеулі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи қайраткерлер туралы оқып біледі. Сонымен қатар олар мүлде жаңа, тың оқиғалармен және тарихта аты қалған адамдардың өмірі және қызметімен танысуға мүмкіндік алады. Олар, мәселен, Ұлы Отан соғысы туралы бірқатар мәселелерді бастауыш сынып материалдарынан, сыныптан тыс ата-аналарынан естуінен, балаларға арналған көркем әдебиеттерді оқудан, фильмдер мен спектакльдерден біледі. Бірақ оқушылардың бұл түсініктері үзік-үзік әрі жүйесіз болып келеді. Сондықтан мұғалім, оқушылардың сабақта және сабақтан тыс алған білімдерін пайдалана отырып, оларға осы мәселелер бойынша алғашқы жүйелі білім және түсініктер алуға көмектесуі тиіс. Алайда бұл идея тек қызықты фактілерді жүйесіз әңгімелеп берумен ашылмайды. Сабақта қайсыбір тарихи оқиға не құбылыстың басты кезеңдерін көрсететін материал сұрыпталып алынуы қажет. Сондықтан қазіргі сабақта оқушыларға материалды не ақпаратты дайын күйінде ұсынбай, оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, өзіне қажетті білімді іздестіруге, табуға, өз өмір тәжірибесінде пайдалануға көңіл аударғанымыз жөн. Оқушылар өздігінен «қалай оқу керектігіне үйренеді». Осы ретте сабақта түрлі көрнекіліктер: карта, кесте, бейне және аудиофильмдерден, электронды оқулықтан үзінді

пайдаланылады, қосымша әдебиеттермен танысады, мұғалім дәстүрлі және интерактивті әдістерді қолданады. Тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруға жағдай туғызады. Оқушылар өздігінен жауап іздеп, талдайды, қорытындылайды, өз пікірін еркін білдіруге, оны күнделікті өмірінде қолдануға ұмтылады. Міне, осындай оқытудың нәтижесінде оқушыларға өмірге қажетті дағдылар мен біліктіліктерді меңгеруге мүмкіндік беріледі.

Оқулықта жоғарыда атап көрсеткендей тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметі, ерлік істері баяндалады. Іріктеп алынған материалдардың мазмұны оқушылардың танымын кеңейтіп, тарихтағы адамның рөлін түсінуге көмектеседі. Ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихи оқиғалар туралы түсініктерін нақтылай түседі.

5-сыныптағы оқу материалының мазмұны онда берілген ұғымдардың белгілі бір жүйесі арқылы ашып көрсетіледі. Бұл сыныпта арнаулы терминдердің, тарихи ұғымдардың ғылыми толық анықтамасы айтылмайтыны белгілі. Мысалы, «ғасыр», «біздің заманымыздан бұрынғы», «біздің заманымыз», «тарихи карта», «топонимика», «этнография», «археология», «қазақ» атауы, «тәуелсіздік» және басқа ұғымдар 10–11 жастағы оқушылардың көкейіне қонымды түрде жеткізіледі. Сонымен қатар ғылыми негіздегі мәтіннің түсінуге қажетті белгілері ғана ашылады. Бұлар сол ұғымды басқа бір жеке не қарама-қарсы ұғымдармен салыстыру арқылы тарихи құбылыстың анағұрлым нақты, айқын жағын ашып көрсетуге көмектеседі.

Бағдарлама бойынша «Тарих әлемі» атты бірінші бөлімін оқып-үйренуге 14 сағат бөлінген. Оқулықта тарихи деректер, тарихи уақыт, тарихи карта туралы алғашқы түсініктерді одан әрі тереңдете түсуге мүмкіндік берілген. Бірінші бөлімде сонымен қатар білімдік, тәрбиелік және дамытушылық жағынан маңызды фактілер мен идеяларды сұрыптап алуға ерекше назар аударылған. Мұнда әсіресе «Отан», «туған өлке», «Қазақстан – менің Отаным», «халықтар арасындағы татулық пен түсіністік, адамгершілік», т.б. ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыруға баса мән берілген.

Жалпы түсініктердің мағынасы жүйелі түрде, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жай баяндау, әңгімелеу, суреттеу арқылы ашылып көрсетіледі.

Курстың мазмұны бастауыш білім беру сатыларында «Дүниетану», «Ана тілі» пәндерінен алған білімдерін пайдаланып, тарих сабағында оқушылардың білімін одан әрі тереңдете түсуге жағдай жасалған.

Оқулық мазмұнының екінші бөлімі «Тарихқа саяхат» деп аталады, оны оқып-үйренуге 24 сағат берілген. Бұл бөлімде сақ тайпаларының өміртіршілігі, Түрік қағанатының құрылуы, белгілі билеушілер, ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби, ортағасырлық қалалардың пайда болуы, өркендеуі, құлдырауы, қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының құрылуы,

қазақ хандары Абылай, Әбілқайыр, батырлар мен билер, тәуелсіздік жолындағы күрес басшылары: Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары Қасымұлы және қазақ ағартушылары: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының өмірі мен қызметі туралы оқушылар білімін тереңдете түсуге назар аударылған.

Тарихтың бастапқы курсында тарихи үрдісті барынша толық әрі жан-жақты көрсету мүмкін болмаса да, бұл үрдістің кейбір жақтары: мысалы, материалдық және рухани мәдениет дамуының ең маңызды, ең елеулі әңгімелерін ғана оқып-үйрену қарастырылады. Сондықтан «Ғажайыптар әлемінде» деп аталатын үшінші бөлімді оқып-үйренуге 8 сағат уақыт бөлінген. Онда архитектуралық ескерткіштер, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, шешендік өнері, наным-сенімі, Наурыз мерекесі, дала музыкасы туралы әңгімелер баяндалған.

«XX ғасырдағы Қазақстан» атты төртінші бөлім мен «Тәуелсіз Қазақстан» атты бесінші бөлімді оқытып-үйретуге 22 сағат бөлінген. Бұл бөлімде Кеңес өкіметінің орнауы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан, соғыстан кейінгі кезең, мәдениеті мен ғылымының дамуы, Қазақстанның тәуелсіздік алуы, еліміздің Конституциясы, мемлекеттік рәміздері, Қазақстан және оның дүниежүзіндегі орны туралы мәселелер оқушылардың жасына сай, жеткілікті ғылыми дәрежеде толық әрі терең түсіндірілуі қарастырылған.

Оқулықтағы әрбір параграф бір сабақ ішінде өтілуге арналған. Жыл бойына бөлінген 68 сағатқа 68 параграф берілген.

Оқу құралының авторы ұстаздарға шығармашылық табыс тілейді.

I БӨЛІМ. ТАРИХ ӘЛЕМІ

Бірінші бөлімде дүниежүзі тарихынан алғашқы түсінік беріледі. Тарихи деректер, жазбаша, заттай деректер, археология, этнография және өлкетану туралы түсініктер қалыптастыруда жұмыс жүргізіледі.

Тарихи уақыт, тарихи оқиғалар, мыңжылдық, «біздің заманымыздан бұрынғы», «біздің заманымыз» жайындағы түсініктердің мәні ашып көрсетіледі.

Тарихи карта, Қазақстан Республикасының аумағы, шекарасы, жер-су аттары – топонимика туралы 3–4 сыныптарда «Дүниетану» пәнінен алған білімдері одан әрі толықтырыла түседі.

«Қазақстан – менің Отаным» тақырыбын оқып-үйрену, оқушылардың «Отан», туған өлке, «Қазақстан – менің Отаным» деген түсініктерін қалыптастыруға бағытталады. «Ана тілі», «Дүниетану» пәндерінен алған білімдері кеңінен пайдаланылады. Еліміздің табиғаты, қазба байлықтары,

көп ұлтты халықтары, олардың арасындағы түсіністік қатынастардың маңызы, қалалары мен мәдениеті туралы материалдар оқушы жасына сай ашып көрсетіледі. Осы тақырыптарды оқып-үйрену оқушылардың Отанына, туған еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілігін, республикада тұратын басқа халықтардың тарихы мен салт-дәстүрлерін құрметтеу сезімін тәрбиелеуге үлес қосады.

Қайталау сабағының мақсаты – тарих пәніне деген оқушылардың қызығушылығын арттыру. Осы мақсатта оқушылардың материал таңдау, картамен жұмыс жасау, өзіндік қорытынды жасау біліктерін дамытуға көңіл бөлінеді.

«Тарих әлемі» тақырыбын оқытуда сан алуан оқыту әдіс-тәсілдерін: оқулық, құжат, қосымша материалдармен жұптасып және жеке өзіндік жұмыс жасау, бейнефильмдер мен электронды оқулықтардан үзінді пайдалану, проблемалық сұрақ-тапсырмалар қою, оны шешу, көркем әдебиеттен әсерлі үзінділер келтіру, оны талдау, түрлі таным белсенділігін арттыратын тапсырмаларды орындау, пікірсайыс өткізу, т.б. қолданған тиімді. Оқытудың сан алуан әдістері мен тәсілдерін шебер ұштастыру оқушылардың оқу материалын жақсы меңгеруіне, ой-өрісін кеңейтуге және есте сақтау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

§1. «Қазақстан тарихы» пәні

Сабақтың мақсаты: оқушыларды алғаш рет «Қазақстан тарихы» пәнімен таныстыру. Тарих дегеніміз не? «Қазақстан тарихы» пәні нені оқытып-үйретеді, оны оқудың маңызы қандай деген сауалдарға жауапты оқушылар жасына сай көңілге қонымды түрде түсіндіру.

Қазақстан тарихын оқып-үйрену – еліміздің тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеуге септігін тигізетін мектептегі ең қажетті пәндердің бірі екенін ашып көрсету.

Оқушыларды өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Оқушылармен «тарих», «Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы– дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі» деген алғашқы түсінік қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: Қазақстанның саяси-әкімшілік картасы, оқулықтағы иллюстрация, «Оқулықты қалай пайдалану керек?» жаднамасы.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Тарих не туралы баяндайды?
2. Тарихты білу не үшін керек?
3. Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі.

Жаңа материалды оқып-үйрену түсіндірмелі оқуға, картамен жұмысқа, мәтін, сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жұмысқа негізделеді.

Жаңа сабақты оқып-үйрену оқушыларға сұрақ қоюдан басталады. Сұрақ тақтаға жазылады.

1. Өзіміз оқып-үйрене бастаған пән қалай аталады?

2. Тарих қандай пән? Ол нені зерттейді?

3. «Қазақстан тарихы» пәні не жайлы әңгімелейді?

4. «Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Бұл сұрақтарға жауап беруге оқулықтағы тақырып мазмұны, «Оқулықты қалай пайдалану керек?» деген жаднамамен жұмыс жүргізу көмектеседі.

Жоғарыда берілген сауалдар бойынша оқушылармен әңгімелескеннен кейін, мұғалім «Тарих дегеніміз не, тарихты білу не үшін керек?» – деген сауалдар бойынша оқу материалын оқушылардың жас ерекшелігіне сай қарапайым тілмен түсіндіреді.

Оқушылар «Қазақстан тарихы» оқулығын ашып, ондағы тақырыпшалар мазмұнына мұқият назар аударады. Оқулық мәтіні, карталар, иллюстрациялар және қосымша әдебиет тізімімен танысады.

Оқушылар дәптерлеріне тақтаға мұғалім жазған «Тарих», «Қазақстан тарихы» пәніне берілген анықтаманы жазып алады.

«Тарихтың атасы» аталған Геродот, Сыма Цянь, Рашид ад-Дин, Мұхаммед Хайдар Дулати туралы алғашқы түсінік беріледі.

Содан соң жоспардағы үшінші мәселе «Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі» туралы материалды оқушыларға күрделендірмей, түсіндірмелі баяндау арқылы көңілге қонымды жеткізген жөн. Мұнда Қазақстан аумағы, астанасы, алыс және жақын мемлекеттер туралы картамен жұмыс жүргізіледі.

Мұғалім қайтадан сабақ бастамастан бұрын оқушылар назарын тақтада жазылған 4 сұраққа аударып, олар сауалдарға жауап қайтарады. Оқушылар тарихтың не екеніне анықтама береді. Оқулық мәтінінен «Қазақстан тарихы» және «Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі» туралы жазылған абзацты тауып оқиды. Оқушылар жауаптарында бесінші сыныпта өз Отанының тарихын оқып-үйрене бастағанын атап көрсетеді.

Тақтаға не плакатқа жазылған «**Оқулықты қалай пайдалану керек?**» жаднамасына оқушылардың назары аударылады. Оқушылар жаднамада жазылған мәтінді дауыстап оқып танысады. Мұғалім оқушыларды оқулық құрауыштары құрылымымен таныстырады.

Оқулық құрылымы: мәтін, сұрақтар мен тапсырмалар, карталар, иллюстрациялар, қосымша мәтіндерден тұрады.

Оқулық бөлімдерге, бөлімдер параграфтарға, ал параграфтар тақырыптарға бөлінген. Әр параграфтың соңында сұрақтар мен тапсырмалар енгізілген.

Сабақты қалай әзірлеу қажеттігі жайлы оқушыларға кеңес береміз.

Жаднама:

1. Үйге берген сабақты асықпай түгел оқып шығып, мазмұнын түсінуге тырысыңдар.

2. Тапсырмалар мен сұрақтарға жауап дайындаңдар.

3. Оқулықпен жұмыс істеуде қара әріппен, курсивпен жазылған терминдер мен ұғымдарға, сандық мәліметтерге, даталарға, адам аттарына назар аударыңдар.

4. Иллюстрацияларға, суреттерге назар аударыңдар, оларға байланысты сұрақтарға жауап беріңдер.

5. Оқулықтың карталарын зер сала оқыңдар. Географиялық атауларды, шекараларды, оқиға болған жерлерді, тарихи ескерткіштерді және басқа объектілерді табыңдар.

6. Тарихи оқиғалар жылнамасын білу тарихты түсіну үшін маңызды. Тарихи оқиғалар жылнамасы оқулықтың соңында, 218–223 беттерде берілген.

7. Оқулықтың мәтінін жақсы ұғып алу керек, оны жаттаудың керегі жоқ. Оқыған тақырыптың мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беруге үйренгендерің дұрыс.

Кітап – халықтың мәдени игілігі.

Оқулық – білім көзі, адал дос, көмекші, ақылшы. Кітапқа деген сүйіспеншілік, оған ұқыпты қарау ғасырлар бойы қалыптасты. Ол сендердің қолдарыңда, жас достар. Оның өмірін ұзарту, өз орындарыңды басатын жеткіншектерге жыртылмаған, шимайланбаған, таза күйінде табыс ету сендерге байланысты. Сондықтан оны құрметтей білейік, күтіп ұстайық.

Оқулық туралы жаднамамен танысып болған соң, оқулық жазу күрделі де жауапты жұмыс екенін, ол әр азаматтың қолынан келе бермейтінін айту керек. Бір ғана кітапты шығару үшін көптеген ғалымдардың еңбектері зерттеліп, іріктелетіндігі, мұғалімдердің озат тәжірибесі, табандылығы, үлкен білімділігі мен жауапкершілігі талап етілетіні атап көрсетіледі.

Оқушыларда ғалым, ұстаз және еңбек адамдарына деген құрмет, білім алуға құштарлық сезімдерін қалыптастыру және кітапқа деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне баулу маңызды.

Жаңа материалдарды қорытындылай келе, оқушылар төмендегідей ой жинақтайды.

Қазақстан Республикасы – Қазақстанда тұрақты тұратын адамдардың Отаны. Әр оқушы өзін ең алдымен өз халқының бөлшегі, Қазақстан

Республикасының азаматы ретінде сезінуі қажет. Елінің бүгінгі және ертеңгі болашағына, оның қандай болатынына жауапты және өзі өмір сүріп отырған қоғамды одан әрі жетілдіруге үлес қосуы тиіс. Олай болса, әрбір адамның тарихты, өз Отанының тарихын білуінің маңызы зор. Отан тарихы халқымыздың **өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін және ертеңгі болашағын** оқытып-үйретеді. Қолдарындағы Қазақстан тарихының құндылығы да сонда. Онда Отанымыздың күрделі тарихы, ұзақ жүріп өткен жолы, маңызды фактілері мен оқиғалары объективті, яғни ол қандай болса нақ сондай, алуан түрлі, тұтас күйінде баяндалған деп мұғалім сөзін қорытындылайды.

Үйге тапсырма: §1. «Қазақстан тарихы пәні» тақырыбын оқу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§2. Тарихи деректер

Сабақтың мақсаты: оқушыларда дерек, жазбаша және заттай деректер, тарихи деректер туралы алғашқы түсініктер қалыптастыру. Тарихты оқып-білудің маңызы туралы білімдерін кеңейте түсу. Дерек көздерін салыстыра отырып, айырмашылықтарын таба білу, біліктерін дамытуға бағыт беру. Оқушылардың қазба жұмысын жүргізетін, ертедегі жазулар сырын оқитын, шығармашылықпен жұмыс жасайтын адамдардың еңбегін бағалауға, оларды құрметтеу сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, қазба жұмыстары материалдары, ертедегі жазулар бейнеленген иллюстрация, бейнефильмнен үзінді пайдалану.

Оқып-үйренген материалды қайталау.

1. Жаңа пән қалай аталады?
2. «Қазақстан тарихы» пәнін оқып-үйренудің қандай маңызы бар?
3. «Тарихтың атасы» атанған ғалымдар туралы не білесіңдер? Олар не жайлы жазып қалдырған?
4. «Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының құрамдас бөлігі» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?
5. Үйде сабаққа қалай дайындалу керек?
6. Оқулықты қалай пайдаланасыңдар?

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Тарихи деректер.
2. Жазбаша деректер.
3. Заттай деректер.
4. Қазақ шежіресі.

Жаңа материалды оқып-үйрену.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің әсерлі ауызша баяндауы, оқушылармен сұрақ-жауап бойынша әңгімелесу, оқулық мәтінімен жү-

мысқа, иллюстрацияларды талдауға және картамен жұмыс істеуге ұш-тастырылады.

Мұғалім оқушылар назарын тақтадағы жазуға аударады. Онда былай жазылған: *«Өте ертеде, бұдан он мыңдаған жылдар бұрын адамдар қалай үй салған, немен шұғылданған, шапқыншыларға қарсы қалай күрескенін біз қайдан білеміз?»* Бұл проблемалық сұрақтарға оқушылар сабақ соңында жауап беретіні атап айтылады.

Мұғалім бейнефильм, не мультимедиялық фильмнен (электронды оқулықтан), археологиялық жұмыс нәтижесінде табылған заттар (қыш құмыралар, ыдыстар, олардың сынған қалдықтары т.б.), ертедегі жазулар, тастағы суреттер, көне қолжазбалар, кітаптар бейнеленген фильмдерден үзінді көрсетеді. Егер бейнефильм не электронды оқулық болмаған жағдайда, қазба жұмыстарында табылған заттар, көне жазулар бейнеленген иллюстрация тақтаға ілінеді.

Оқушылар бейнефильм, мультимедиялық фильм не иллюстрациялық материалдарды мұқият қарайды, ондағы түсініктеме жазуды дауыстап оқып танысады. Содан кейін мұғалім оқушыларға сұрақ қояды. Қазба жұмыстары қай жерде жүргізілді? Одан қандай заттар табылды? Олар қай жылдары табылған? Оны тапқан қандай ғалымдар? Қандай жазулар табылды? Ертедегі жазуларда нелер жазылған? Бізге олар қалай жеткен?

Мұғалім оқушылар жауаптарын мұқият тыңдап, толықтырады. Электронды оқулық не иллюстрациялық материалдардан жазбаша, заттай деректерге не жататынын көрсетеді. Жоспарда қарастырылатын 4 мәселені әңгіме түрінде баяндайды. Оқушылар тақтадан кадаскоп арқылы көрсетілген жаңа сөздерді: тарихи деректер, сына жазу сөздерінің мағынасын жазып алады.

Мұғалім «Қазақ шежіресі» тақырыпшасын әрқайсысы өздігінше оқып танысып, мына сұрақтарға жауап берулерін өтінеді: Қазақ шежіресі деген не? Онда не жазылған?

Оқушылар өздігінше оқулық мәтінімен танысып, қойылған сұрақтарға жауап береді. Содан кейін оқушылар «Тарихи, жазбаша және заттай деректер» деп аталатын кестені өздігінше толтырады.

Кесте: Тарихи, жазбаша және заттай деректер

Р/с	Заттай деректерге не жатады?	Жазбаша деректерге не жатады?	Тарихи деректерге не жатады?

Оқушылар тақтаға шығып, кестені толтырады.

Оқушылардың біреуі білімпаздарға арналған «Авеста – ең көне кітаптар жинағы» деп басталатын мәтінді дауыстап оқып шығады. Оқушылар оқулықта берілген сұрақ-тапсырмаларға ойланып жауап береді.

Оқушылар сабақ соңында төмендегідей қорытындыға келеді. Тарихты оқып-үйрену үшін заттай, жазбаша және тарихи деректер аса маңызды. Ондағы материалдар өте ертедегі біздің ата-бабаларымыздың өмір-тіршілігінен құнды мәліметтер береді. Өткен замандағы адамдардың тіршілігі жайында біз деректерден, әңгімелерден, көне кітаптардан, халықтың ертегілері мен аңыздарынан білеміз.

Үйге тапсырма: §2. «Тарихи деректер» тақырыбын оқып, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу тапсырылады.

§ 3. Археология

Сабақтың мақсаты: археология ғылымы, археологтар қазба жұмыстарын қалай жүргізеді, археологиялық білімнің маңызы, еліміздегі қазба жұмыстарының нәтижесі туралы мәселелерді ашып көрсету. Археолог ғалымдар жұмысының маңызды әрі жауапты екенін ашып көрсету арқылы ғалым адамдарға деген құрметтеушілік сезім қалыптастыру. Оқушылардың әр түрлі тарихи деректермен өздігінше жұмыс істеу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, сұрақ-тапсырмалар жазылған карточкалар, оқулықтағы суреттер.

Оқып-үйренген материалды қайталау.

Қазба жұмыстары не үшін жүргізіледі? Еліміздің қай өңірлерінде қазба жұмыстары жүргізілуде, атап, картадан көрсетіңдер. Жазбаша және заттай деректерге не жатады? Қазақ шежіресі бізге қалай жетті? Деректерді оқып-үйренудің қандай маңызы бар?

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Археология.
2. Археологиялық ескерткішке саяхат.
3. Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулер.

Жаңа материалдарды оқып-үйренер алдында тақтада ілінген түрлі түсті иллюстрациялық материалдарға оқушылар назары аударылады. Археологиялық жұмыс нәтижесінде табылған түрлі жазба және заттай ескерткіштер бейнеленген иллюстрациялар: ежелгі қоныстар, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, молалар, керамикалық заттарды суреттейді. Ескі қолжазбалар жайлы оқушылар сұрақтар бойынша ауызша баяндап, талдау жасалады.

«Археология ғылымы туралы не білдіңдер? Археолог ғалымдардың жұмысын суреттеңдер. Археологтар немен шұғылданады? Өздерің тұратын жерде қандай археологиялық ескерткіштер бар? Олардың тарихы туралы не білесіңдер?» деген сауалдар бойынша әңгіме өткізіледі.

Оқушылар жауаптары тыңдалып, қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізіледі. Археология ғылымы, археолог-ғалымдар, археологиялық ескерткіштер туралы түсіндірмелі оқуға негіздеп әңгіме құруға болады. Археология, археолог, археологиялық ескерткіш сияқты жаңа терминдердің мәні ашып көрсетіледі. Оқушылар жаңа сөздерді, олардың анықтамаларын дәптерлеріне жазып алады.

«Археологиялық ескерткішке саяхат» тақырыпшасын мұғалім археолог ағай болып және бірнеше оқушылар дауыстап оқиды. Басқа оқушылар мәтінді іштей оқып, мазмұнын талдайды. Содан кейін оқулықтың соңында берілген 1–3 сұрақтарға жауап береді.

«Елімізде жүргізілген археологиялық зерттеулер» туралы тақырыпты картамен жасалатын жұмыспен ұштастыруға болады. Бұл тақырыпшаны мұғалім түсіндіреді, оқушылар картадан ескерткіштер табылған жерлерді көрсетеді. Елімізге белгілі археолог ғалымдармен таныстырылады. 4–5-сұрақтар бойынша талдау жасалады.

Оқушылар назары тақтаға не кадаскоп арқылы ватманға жазылған «Алтын ережелер» деп аталатын жаднамаға аударылады.

Алтын ережелер

Қымбатты оқушылар!

1. Сабақта басқа оқушы сөйлеп жатқанда, сөзін мұқият тыңда, ойын бөлме. Өзіңнің кезегінді күтуге үйрен.

2. Егер осы мәселе туралы толықтырғың келсе, не қосымша айтатындарың болса, не түзейтін ойың болса, қолыңды көтер. Мұнда кімнің, қашан сөйлейтінін мұғалім анықтайды.

3. Өркімнің өз ойын айтуға, пікірін білдіруге құқығы бар. Сондықтан өз ойын айтушы оқушыны емес, оның пікірін, көзқарасын, ойын, идеясын сына. Оқушының жеке басын сыйла, тіл тигізбе.

4. Сөзің нақты, қысқа, түсінікті, дәлелді болсын, өте ұзақ сөйлеп, берілген уақыттан шықпа.

5. Оқушының пікірі не ойы сенің пікіріңмен сәйкес келмеуі мүмкін, сондықтан кез келген ой-пікірді (не көзқарастарды, идеяларды) дұрыс қарап қабылдауға үйрен.

6. Кей жағдайларда ең жақсы ойлар, тамаша пікірлер, не тың пікірлер талқылау барысында пайда болуы мүмкін. Оны қабылдауға дайын бол.

7. Біздің ұстазымыз бізге көмектеседі, біздің жауабымызды түзейді, біздің құқығымызды қорғайды және біздің жұмысымызда бағыт беріп, бағалайды.


«Қазақстан тарихы» пәнін жақсы меңгеруде сәттілік тілейміз.

Оқушылар үш топқа бөлініп, төмендегідей кесте-сызбалар толтырады. Бірінші топтың оқушылары «Археологиялық ескерткішке не жатады?» деген кестені толтырып, тақтаға жазып талдайды.

Екінші топтың оқушылары «Еліміздің қандай жерлерінде археологиялық зерттеулер жүргізілді?» деген кестені толтырып, талдайды.



Үшінші топтың оқушылары «Елімізге белгілі қандай тарихшы, археолог ғалымдар туралы білесіңдер?» деген кестені толтырады.



Үйге тапсырма: §3. «Археология» тақырыбын оқып-үйрену, сұрақ-тапсырмаларға дайындалу. «Білімпаздар үшін» материалы бойынша 2 оқушыға хабарлама дайындап келу тапсырылады.

§ 4. Этнография

Сабақтың мақсаты: оқушыларға этнография ғылымы, этнограф-ғалымдар туралы алғашқы түсініктер беру. Тарихшы, археолог, этнограф ғалымдарға деген құрметтеушілік сезімді тәрбиелеу. Оқушылардың тарихи материалдардан негізгі ойды таба білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: этнографиялық материалдар бейнеленген иллюстрациялар, қазақ халқының салт-дәстүрі бейнеленген иллюстрацияларды пайдалану.

Оқып-үйренген материалды қайталау барысында §3 соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізу керек.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Этнография дегеніміз не?

2. Этнографиялық зерттеу қалай жүргізіледі?

Жаңа материалды оқып-үйрену түсіндірмелі оқу арқылы жүзеге асырылады. Түсіндірмелі оқудың барысында халықтың тұрмысын, киімін, салт-дәстүрін көрсететін иллюстрациялық материал пайдаланылады. Иллюстрациялық материалға байланысты төмендегідей сұрақ-тапсырмалар бойынша талдау жасалады. Әңгімелесуге арналған сұрақтар: Этнография қандай ғылым? Этнограф ғалымдар немен шұғылданады? Археологтар мен этнограф ғалымдар қандай ортақ мәліметтер жинақтайды? Осы ғалымдардың зерттеу жұмыстарында ерекшеліктер не айырмашылықтар бар ма? Қазақ халқының қандай салт-дәстүрін білесіңдер? Халықтар бір-бірінен: тілі, киімі, ұлттық тағамдары және тағы қандай белгілері арқылы ерекшеленеді? Оқулықта берілген суретке қарап ойларыңды дәлелдеңдер.

Жаңа материалды оқып-үйрену барысында сөздік жұмысы жүргізіледі. Этнография, этнограф, дәстүр сөздерінің мәні түсіндіріледі.

Сабақтың соңында қысқаша жинақтап әңгімелесу жүргізіледі. Оқулықтағы жаңа сөздер мен олардың анықтамасын тауып жазуға арналған тапсырманы оқушылар жұп болып орындайды.

Оқушылар төрт топқа бөлініп жұмыс істейді. Топтағы оқушыларға мынадай тапсырма беріледі. «Тарих», «Қазақстан тарихы», «археология» және «этнография» ұғымдарының анықтамасын айтып, оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтарды табындар». Бұл тапсырма тақтаға жазылады. Оқушылар өз қалауы бойынша осы ұғымдардың қайсысын тандаса, сол топта жұмыс жасайды. Оқушылар алдымен оқулықты пайдалана отырып ұғымдардың мәнін, ортақ және айырмашылық белгілерін анықтайды. Содан кейін әр топтан бір оқушы тақтаға шығып, кезектесіп ұғымдардың мәнін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дәлелдейді. Соңында мұғалім толықтырулар мен түзетулер енгізіп, жұмысты қорытындылайды.

Кесте: «Тарих», «Қазақстан тарихы», «Археология», «Этнография» ұғымдарының анықтамасын жазып, ортақ және айырмашылық белгілерін табыңдар.

Ұғымдар	Анықтамасы	Ортақ белгілері	Айырмашылықтары
Тарих			
Қазақстан тарихы			
Археология			
Этнография			

Үйге тапсырма: §4. «Этнография» тақырыбын оқып-үйрену, сұрақтар мен тапсырмаларға ауызша дайындалып келу. «Білімпаздар үшін» материалы бойынша 2 оқушыға әңгіме дайындап келу тапсырылады.

§ 5. Өлкетану

Сабақтың мақсаты: оқушылардың «өлке», «өлкетану» туралы түсінігін, бастапқы ұғымын нығайту және кеңейте түсу. Бұл түсініктердің мазмұнын оқушыларға түсінікті және көкейіне қонымды мысалдар арқылы жеткізу олардың өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: «Туған өлке», «Туған жер» туралы бейнефильм, иллюстрациялық материалдар, «Біздің өлке» кестесі, карта.

Оқып-үйренген материалды қайталау жұмысы үйге берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Өлке.
2. Өлкетану.
3. Өлкетану мұражайы.

Жаңа материалды оқып-үйрену өлке туралы иллюстрациялық материалдар бойынша әңгімелесумен және оқушылардың оқулықпен жұмысымен ұштастырылады.

Оқулық мәтіні оқушылардың тапсырманы орындауына және ойларын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылар оқулық мәтінімен танысып шыққан соң, жұптасып, топта немесе барлық сынып болып төменде берілген сұрақтарға жауап беру үшін ізденіс жасайды.

Тақтаға төмендегідей сұрақтар жазылады:

1. Тақырыпта қандай мәселе қарастырылады?

2. Өлке тақырыпшаларында сендерге қандай нәрселер жаңалық (тың) болып табылады? «Өлке» тақырыпшасының қай тұстары сендерді таң қалдырады?

3. Осы тақырыпшада айтылғанның барлығымен келісесіңдер ме? Жоқ әлде келіспейтін мәселелер бар ма?

Оқушылар осы сауалдар бойынша жауап іздейді, сөйтіп, тақырыпшадағы жалпы идеяны анықтайды.

Әрбір оқушы топпен жұмыс істей отырып, осы оқып шыққан тақырыпша бойынша өздігінше сұрақ құруы керек. Әр оқушы сұрақ дайындайды. Осы сұрақты ол бүкіл сыныпқа не жанындағы серігіне қояды. Осыдан кейін барып олар өздерінің сұрағына өздері жауап береді. Мұғалім оқушылардың дайындап келген сұрақтарына және оны басқа оқушыларға қойған кезде әрдайым қолдау жасап отырғаны жөн. Оқушыларға өздігінен қорытынды жасауды үйретуге, мәтіндегі негізгі ойды табуға көмектесу қажет.

«Өлкетану» тақырыпшасын оқып-үйренуде оқушылар рөлдік ойынға қатысады. Әр оқушы оқулық мәтінін кезектесіп дауыстап оқиды. Ал мәтінді оқымаған басқа оқушылар бақылаушылар рөлінде болады. Оқушылардың әрқайсысы оқулық мәтінін оқып болған соң, талдау жасайды. «Өлке – мемлекет иелігіндегі жер» дегенді қалай түсінесіңдер? Өлкетану дегеніміз не? Мұнда оқушылардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әрекеттеріне назар аударамыз.

Мектепте өлкетануға арналған мұражай болса, сонда барып, 10–15 минут өлкетану туралы оқушылар білімін тереңдетуге мүмкіндік бар. Мұндай сабақтар оқушыларды туған өлкеге, оның адамдарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге және туған өлке жайлы білімдерінің тереңдей түсуіне септігін тигізеді.

Мұғалім «Өлкетану мұражайына» саяхатты ойша елестету арқылы әңгімелеп береді. Содан кейін тарихи және мәдени ескерткіштер: тарихи, археологиялық, өнер, тарихи ескерткіштер туралы мәтінді оқушылар оқулықтан іштей оқып танысады.

Сабақ соңында мұғалім сабақты қорытындылап, оқушылар білімін бағалайды.

Үйге тапсырма: §5. «Өлкетану» тақырыбымен танысу, ондағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§ 6. Тарихи уақыт

Сабақтың мақсаты: тарихи уақыт өлшемі, күнтізбелер жайлы алғашқы түсінік қалыптастыру жұмысын бастау. Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыра білу біліктерін дамыту. Оқушыларға уақыттың қадірін біліп, дұрыс пайдалану қажеттілігін түсінікті тілмен жеткізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, карточкалар, кадаскоп.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

Уақыт – тарихи өлшем.

Күнтізбелер: Ай және Күн күнтізбелері.

Юлиан күнтізбесі.

Григориан күнтізбесі.

Қазақ күнтізбесі.

Бұл тақырыпты меңгеру оқушылар үшін қиындық туғызады. Уақыт ұғымымен жұмыс бастамас бұрын оқушылар назары тақтаға немесе кадаскопқа аударылады. Кадаскоп арқылы онда жазылған қазақ халқының мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын оқушылар кезектесіп оқиды. Мақалдардың мәнін түсіндіреді. «Уақыт тас екеш тасты да тоздырады», «Әр адам өз заманының баласы», «Кешегі күннен алыс жоқ, ертеңгі күннен жақын жоқ», «Мезгіл жетсе, мұз да ерір», «Адамды заманы билейді», «Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы», «Әр айдың аты басқа», «Заманың қалай болса, бөркінді солай ки», «Әр заманда бір көреген», «Ескіні еске алмай, жаңа жадына түспейді» (*Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Қазақстан, 1990*)

Мұғалім: Иә, балалар, сонымен, біз бүгін қандай тақырыпты қарастырамыз? Ойланыңдар, бұл тақырыпта не туралы сөз болады?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын толықтырып, күнделікті өмірде уақытты өлшеу үшін сағат пайдаланатынымызды айтады. Содан кейін оқушылар оқулықты ашып, «Ойланайықшы! Бізге дейін адам баласының өмірінде қандай маңызды тарихи оқиғалар болды? Әл-Фараби қай жылдары өмір сүрді? Отырар қаласы қашан салынды? Талғат Мұсабаев қашан, қай жылы ғарышқа ұшты?» деген сұрақ-тапсырмаларға жауап іздейді.

Мұғалім тарихи өлшем туралы түсінік береді. «Ал, қане, ойланып жауап беріңдер. Секунд дегеніміз не? Минутта қанша секунд бар?» деген сауалдарға ауызша жауап береді. Сонымен қатар қосымша сұрақтар бойынша әңгіме өткізіледі. Тәулік, жыл, ай дегеніміз не? Бір жылда қанша күн бар? Бір айда қанша күн бар?

Күрделі тақырыпты жақсы түсіну үшін, мәтінді оқымас бұрын, осы тақырып бойынша «ой шабуылын» өткізген тиімді. Осы мақсатта оқушыларға мынадай сұрақтар қоюға болады: «Сендердің ойларыңша, бұл тақырыпта не жайлы айтылатын болады?» Оқушылар түсініксіз жаңа сөздерді дәптерлеріне жазып алады. Содан кейін жанындағы парталас көршілерінен таныс емес жаңа сөздердің мағынасын сұрап, талқылайды. Сөйтіп, оқушылар бір-бірімен өздерінің білгендерімен бөліседі және сөздік қорларымен алмасады.

Мұғалім Ай, Күн күнтізбелері туралы материалды түсінікті тілмен әңгімелейді. Содан кейін Юлиан, Григориан және қазақ күнтізбесі туралы мәтінді үш оқушы дауыстап оқып шығады. Ал басқа балалар оқулық мәтінін көз жүгіртіп оқиды.

Мұғалім оқушылар жауаптарын тыңдап, толықтырады.

Үйге тапсырма: §6. «Тарихи уақыт» тақырыбын оқу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§7. Жыл санау

Сабақтың мақсаты: оқушыларға жыл санау қалай пайда болғаны және қазіргі жыл санау қашан басталғаны туралы мәселені ашып көрсету. Жыл санауды білудің маңыздылығын түсінікті тілмен жеткізу. Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыру, дәлелдей алу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильм.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмаларға арналған сауалдар негізінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

Ертедегі адамдар уақытты қалай есептеген?

Қазақша жыл санау.

Хижра.

Қазіргі жыл санау.

Біздің заманымыз және біздің заманымыздан бұрын ұғымдары.

«Жыл санау» тақырыбы бұның алдындағы «Тарихи уақыт» тақырыбының жалғасы болып табылады. Бұл тақырыптың мазмұны да оқушылардың меңгеруіне қиындау келеді.

«Жыл он екі ай» деп аталатын мультфильмнен үзінді көрсетіледі.

Мұғалім: Қымбатты оқушылар! Сендер қалай ойлайсындар, бұл тақырыпта не туралы оқып-үйренеміз?

Оқушы: Жыл мезгілі.

Оқушы: Жыл он екі ай.

Оқушы: Жыл санау.

Күрделі тақырыпты оқушылар түсінуі үшін мұғалім осындай «ой шабуылын» өткізгені пайдалы.

Мұғалім: Иә, балалар, біз бүгін «Жыл санау» туралы оқып-үйренеміз. Содан кейін тақтаға не кадаскоп арқылы көрсетіледі, не үлкен қағазға: «Ертеде жыл санау қалай жүргізілген? Естеріңе түсіріңдер! («Дүниетану», 3-сынып). Біздің заманымыз – б.з., біздің заманымыздан бұрын – б.з.б. деген сөздерді қалай түсінесіңдер? Қазақтардың жыл санауы қалай болған?» деген сұрақтар жазылады. Бұл сұрақтарға оқушылар сабақ соңында жауап береді.

Оқушылар үш топқа бөлініп, оқулық мәтіні негізінде күнтізбелерді салыстырып, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін табады.

Кесте: Күнтізбелерді салыстырып, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін табыңдар.

Күнтізбелер	Ортақ белгілері	Ерекшеліктері
Юлиан күнтізбесі		
Григориан күнтізбесі		
Қазақ күнтізбесі		

Әр топтан 1 не 2 оқушыдан шығып, тақтадағы не ватмандағы кестені толтырады. Басқа топтың оқушылары жауаптарға мұқият қарап, түзетулер енгізіп, талдайды. Мұндай тапсырмалар оқушылардың түсінуіне қиындық келтірмей, мәтіннің мағынасын тереңірек ашуға көмектеседі.

Көп жылғы зерттеу нәтижесінде оқушылардың бірқатары біздің заманымыздан бұрын болған оқиғаларды есептеуде екі тоқсандай, кейде одан да көп уақыт, көбінесе осы мәселені дұрыс түсіне алмай, қателесіп, даталарды айыруды қиындықпен игеретінін байқадық.

Оқушылар қиын мәтінді жақсы түсіну үшін «ой шабуылы» ұйымдастырылады. Оқушылар назары тақтаға аударылады. Тақтаға сызық сызылып, ол үш бөлікке бөлінеді.

Өткен / Бүгін / Келешек

Мұғалім өмірде болған әрбір оқиға, не болып кетті, қазір не болып жатыр және болашақта не болатынына бөлінетінін атап өтеді. Тақтада жазылған: «Өткен/ Бүгін/ Келешек» деп бөлінген сызықтар сендерге қандай бояуда, не түсте көздеріңе елестейді?» – деген сауал қойылады. Оқушылардың бұл жұмысқа қатысуына психологиялық жағынан әсер етіп, қиялын дамытыңыз. Оқушыларға әр бөлік түрлі бояуда қандай түстерде көрінеді. Осы түстер бойынша олар жаңа материалдарды қандай деңгейде қабылдау қабілеттері

және көзқарастарына қарай мұғалімге қызықты мәліметтер береді. Адам баласы әрқашан уақытты дұрыс анықтап, бағыт алуға ұмтылады. Ол үшін адам уақытты **есептейді, бөледі және алып тастайды.**

Осы үш сөзді тақтаға жазған дұрыс. Оқушылармен төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме жүргізіледі. Уақыттың қандай өлшемдерін білесіңдер? Адамзат тарихын оқып-үйрену үшін қандай уақыт алынады? Қалай ойлайсыңдар, адамдар алдымен қандай уақыт өлшемін ойлап тапты? Неліктен?

Оқушыларға сұрақ қойылады: Адамға неліктен дәл жыл санау қажет болды? Қандай оқиғалар түпкі жыл санау нүктесі болып табылады? Мұғалім оқушылардың ойын тыңдаған соң, оларға оқулық мәтінін оқып шығу тапсырылады. Оқушылар ғасырдың бірінші және соңғы жылдарын шатастырмау үшін оларға мына мәселелерге ерекше назар аудару керек. Біздің заманымыздағы ғасырлар әрдайым 01 жылымен басталып, 01 жылымен аяқталады. Осыған байланысты б.з.б. 1 ғасыр б.з.б. 100 жылы басталады да, б.з.б. 1-жылы аяқталады. Оқушылар қателесіп, көпшілік жағдайда б.з.б. соңғы жылды б.з.б. «нөлдік» жылы деп есептейді. Мұғалім б.з.б. жылдың соңғы 1-жылы аяқталып, «нөлдік жылы» жоқ екенін түсіндіруі қажет.

Оқушылар біздің заманымыздан бұрын болған оқиғалардың даталарын есептеуде жиі қателесетіндіктен, басқа алдағы тақырыптарды (мысалы, сақтар, ғұндар туралы тақырыптарды оқу барысында) оқып-үйренгенде тарихи даталармен жұмысты ұдайы жүргізіп отырғаны жөн.

Содан кейін мұғалім оқулықтағы және тақтада көрсетілген уақыт сызығымен жұмысты түсіндіреді. Түрлі уақыт сызығына байланысты есептер шығарып көрсетеді. Есептер шығаруда оқушылар қатыстырылады.

Сабақты пысықтау барысында тақтада не үлкен қағазда жазылған проблемалы сұраққа оқушылар жауап береді. Сабақ барысында оқулықтағы қосымша есептер бойынша жұмыс жүргізіледі және үйге осы тапсырмаларды аяқтап келу тапсырылады.

Үйге тапсырма: §7. «Жыл санау» тақырыбымен танысу және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§8. Тарихи карта

Сабақтың мақсаты: оқушыларға карта, картаның шартты белгілері, картамен жұмыстың маңызы туралы мәселелерді ашып көрсету. Оқушылардың тарихи кеңістік туралы түсініктерін кеңейту. Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыра білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: физикалық карта, Қазақстан Республикасының әкімшілік картасы.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмаларға негізделеді.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

Карта тарихы.

Картадағы қазақ жері туралы мәліметтер.

Картаның маңызы.

Практикалық сабақ түрінде өткізіледі.

Ұзақ жылдар сабаққа қатысу, оқушылар білімін тексеру олардың біразының тарихи картаны, ондағы объектілерді дұрыс көрсете алмайтынына көз жеткізді. Оның көптеген себептері болуы мүмкін, соның бірі – мектепте тарихи оқиғаларға байланысты карталардың жетіспеуі, ал кей мектептерде карталар өте ескірген, не болмаса мүлдем жоқ.

Бұл мәселені шамалы болса да шешуге электронды оқулықтар көмектесе алады. Мысалы, «Қазақстан тарихы» деп аталатын электронды оқулықта сонау көне заманнан бүгінгі кезеңге дейінгі кең ауқымды тарихи материалдар, иллюстрациялар, карталар, түрлі сызбалар мен тестілер, олардың жауаптары сияқты қажетті материалдар баршылық.

Сабақта тарихи кеңістік бойынша жұмыс жүргізгенде оқушылардың есінде жақсы сақталатындай борлы карта-сызбасын пайдаланған орынды. Мұғалім қолына бор алып, оқушыларға Қазақстан Республикасының астанасына, солтүстік пен оңтүстікке, батыс пен шығысқа, облыс орталықтарына **«ойша саяхат»** жасайтындарын айтады. Мұғалім бормен тақтаға Қазақстан Республикасының шекарасын, Астана қаласын, содан кейін Алматы қаласын белгілейді. Содан кейін солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс, орталық облыстарды атап, сол аймақтарды, осы өңірдегі ірі өзендер мен таулардың суретін салып белгілейді. Батыс облыстар аталып, Каспий теңізі, Жайық, Тобыл өзендерін сызып көрсетеді. Содан кейін Арал теңізін, Балқаш көлін, Іле Алатауын, Сарыарқа даласын, Қарағанды көмір бассейнін, Алтай тауларын, Ертіс, Есіл өзендерін, Жетісудың жеті өзенін, Мұғалжар тауларын, Түркістан қаласын, Байқоңыр ғарыш айлағын, т.б. тізбектерін белгілейді.

Борлы сызбамен жұмыс істеу оқушылардың картографиялық білімдері мен біліктерін қалыптастыруға ықпал жасайды. Мұғалім ең басты объектілерді оқушыларға нақты сызып көрсету арқылы, олардың картаны дұрыс пайдалана білуіне көмектеседі.

Жаңа сабақты оқып-үйрену оқушылардың оқулықтағы пәнаралық байланысқа арналған сұрақтарға жауап беруден басталады.

Мұғалім карта тарихы және картадағы қазақ жері туралы тақырыпшаларды оқушыларға түсіндіреді.

Содан кейін оқушылар үш топқа бөлініп, «Картаның маңызы» деген тақырыпшаны әркім ішінен оқып шығады. Әр топ оқушылары осы оқылған тақырыпша бойынша өздігінше сұраққұрастырады. Осы сұрақты ол алдымен жанындағы парталас серігіне қояды, содан кейін өз тобына қояды. Осыдан кейін сұрақ дайындаған оқушылар өз сұрағына өздері жауап қайтарады. Мұғалім, тікелей осы тақырыпша бойынша оқушылар өздері дайындаған және сыныптастарына қойған сұрақтарды қолдап отырғаны жөн.

Оқушылар оқулықта қойылған сұрақтарға жауап береді. Картамен жұмыс жүргізіледі: Картаны білу не үшін қажет? Географиялық және тарихи картаны салыстырып, оларға не ортақ және қандай айырмашылықтары бар деген сауалға карталарды салыстыра отырып жауап береді.

Оқушылар жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмаларды өздігінше орындайды. Мұғалім тексереді.

Үйге тапсырма: §8 «Тарихи карта» тақырыбын оқып, сұрақтарына жауап дайындау, оқулықта берілген қосымша тақырыпты оқып танысу тапсырылады.

§9. Қазақстан әлем картасында

Сабақтың мақсаты: оқушылардың бастауыш сыныптарда Қазақстан Республикасының аумағы, ірі қалалары, қандай мемлекеттермен шектесетіні туралы алған білімдерін одан әрі толықтыру және жүйелеу. «Топонимика» ұғымын қалыптастыру үшін жұмыс жүргізу. Оқушылардың отансүйгіштік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыру біліктерін дамыту үшін жұмыс жүргізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: Қазақстан Республикасының картасы, еліміздің жер-суы, өзен-көлдері, таулары, табиғат жағдайлары бейнеленген иллюстрациялар мен бейнефильм, электронды оқулық.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға және мұғалімнің қосымша сауалдары негізінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан аумағы.
2. Топонимика.

Бұл сабақ оқушылармен жұп болып практикалық жұмыс жасауға негізделіп жүргізіледі. Оқушылар төрт топқа бөлінеді.

Мұғалім тапсырмасы бойынша Бірінші топ оқушылары оқулықтың «Қазақстан жерінің аумағы» деп аталатын тақырыпшасын ашып, ондағы картамен жұмысқа арналған тапсырманы орындайды.

Екінші топ оқушыларына «Білімпаздарға арналған материалмен» танысып, ондағы негізгі ойды айтып беру тапсырылады.

Үшінші топ оқушылары дүние жүзі картасы бойынша төмендегідей тапсырмаларға жауап береді: Картадан Қазақстанның қандай мемлекеттермен шектесіп жатқанын табындар. Осы мемлекеттердің астанасын атап, картадан көрсетіндер. Осы мемлекеттер туралы не білесіңдер?

Төртінші топ оқушылары оқулықтағы «Сен білесің бе?» атты қосымшадағы «Еуразия» деп аталатын материал мазмұнымен таныстырады.

Оқушылар жауаптары талданып, мұғалім олардың жауаптарын толықтырады.

Оқушылар назары тақтаға аударылады. Онда мынадай тапсырма берілген: Өзің тұратын қаланың (ауылдың) аты қалай аталады? Ол қала атауының шығу тарихы туралы не білесің? Өзің тұратын өлкедегі өзенкөлдер атының мағынасы нені білдіреді?

Мұғалім оқушылар жауаптарын тыңдап: «Топонимика дегеніміз не?», «Жер-су аттарын білу бізге не үшін қажет?» деген сауалдар негізінде әңгіме өрбitedі. Оқушылар топонимика сөзінің мәнін дәптерлеріне жазып алады. Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

«Қазақстан – менің Отаным» атты кестені әр оқушы оқулық мәтінін пайдалана отырып өздігінше толтыра бастайды. Келесі сабақта бұл кестемен жұмыс жалғастырылады.

Кесте: «Қазақстан – менің Отаным»

№	ҚР қандай мемлекеттермен шектеседі?	Отан дегеніміз не?	Қазақстанның табиғат жағдайлары	Қазақстанның қазба байлықтары	Қазақстан қалалары

Оқушылар оқулықты өздігінен оқи отырып, оның бірінші бағанасын толтырады. Мұғалім сабақ соңында оқушылар білімін бағалайды.

Үйге тапсырма: §9. «Қазақстан әлем картасында» тақырыбымен танысып, оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу тапсырылады. Оқушыларға қосымша тапсырма беріледі. Бірінші топ оқушылары «Қазақстан – менің Отаным» деген тақырыпта иллюстрациялық материалдар, екінші топ оқушылары «Отан, туған өлке», «Қазақстан – менің Отаным» деген тақырыпта мақал-мәтелдер дайындайды. Ал үшінші топ оқушыларына «Отан үшін батырлық көрсеткен хандар, билер, батырлардың және қазіргі адамдардың ерлігінен» мысалдар, әңгімелер дайындап келу тапсырылады.

§10. Қазақстан – менің Отаным

Сабақтың мақсаты: оқушылардың «Отан», «Туған өлке», «Қазақстан – менің Отаным» туралы түсініктеріне, бастауыш пәндерден алған білімдеріне сүйене отырып, оқушылардың өзі туып-өскен жеріне, мекеніне, халқына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Бастауыш мектепте алған білімдерін қорытындылау, одан әрі толықтыру. Оқушылардың өз Отанына деген отаншылдық сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу.

Сабақтың басты идеясы – әр оқушы өзін ең алдымен халқының бір бөлшегі, Қазақстан Республикасының азаматы, сонан кейін әлем азаматы ретінде сезінулерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиofilm, иллюстрациялық материал.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақ-тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

Отан.

Қазақстан – менің Отаным.

Отанды сүю дегеніміз не?

Бұл тақырып алдыңғы § 9-дың жалғасы болып табылады.

Оқушылар назары бейнефильм не аудиofilmнен пайдаланылған үзіндіге аударылады. Үзінді көрсетілгеннен кейін оқушылар §10 тақырыбындағы «Отан деген не?» атты тақырыпшамен танысып, ондағы сұрақтарға жауап береді.

Содан кейін мұғалім «Қазақстан – менің Отаным», «Отанды сүю деген не?» деген мәселелер бойынша оқушылардың көңіліне қонымды мысалдар келтіре отырып баяндайды.

Мұғалім оқушыларға төмендегідей сұрақтар қояды. Біздің Отанымыз қалай аталады? Еліміздің толық атын оқулықтан тауып, оқып шығындар. Патриот деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ата-бабаларымыз туған жері мен елін қорғау үшін қандай ерліктер жасады? Қазіргі күні Отан үшін қандай ерлік істер жасалуда? Күнделікті өмірден мысалдар келтіре отырып, ойыңды дәлелде. «Қазақстан – менің Отаным» дегенде сендерге қандай сезім келеді? Қазақстан тарихын оқып білудің қандай маңызы бар?

Содан кейін оқушыларға «Қазақстан – менің Отаным» атты қысқаша эссе (шығарма) жазуға 10 минут беріледі.

Шығарма не эссенің көмегімен келесі сабақта оқушылардың тақырыпты қалай түсінгенін білуге болады. Оқушылар жұмысты ойдағыдай әрі жақсы орындауы үшін үнемі жазбаша жұмыстар жасап дағдыландырған пайдалы.

Шығарманы бағалаудың критерийлерін жасап алған оңды, бұл тексеру жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Кесте: **Оқушылар шығармасын бағалау критерийлері**

Р/с	Критерийлер	Баға
1	Тақырыппен байланыстылығы.	
2	Сенімді және сендіре алу шеберлігі.	
3	Идеяның ерекшелігі.	
4	Нақты дәлелдер келтіруі.	
5	Мәтінді жоспарлау дұрыстығы.	
6	Грамматикалық және әріптік жағынан дұрыстығы, қателігі.	
	Жалпы баға:	

Үйге тапсырма: §10. «Қазақстан – менің Отаным» атты тақырыпты оқып-үйрену, ондағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§ 11. Қазақстанның табиғаты

Сабақтың мақсаты: оқушылардың еліміздің табиғат жағдайлары, қазба байлықтары, өсімдіктер дүниесі мен жануарлары туралы білімдерін одан әрі кеңейте түсу. Еліміздің жері, табиғи, қазба байлықтары, өсімдіктері мен жануарлары, су көздері т.б. мемлекет меншігінде екендігін нақты материал арқылы жеткізу. Табиғат байлықтарын сақтау мен ұқыпты қорғау республиканың әрбір азаматының міндеті екені ашып көрсетіледі. Оқушыларға экологиялық тәрбие беруге көмектесу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, аудио және бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сауалдары бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстанның табиғат жағдайлары.
2. Қазба байлықтары.
3. Өсімдік дүниесі мен жануарлары.

Жаңа материалды оқып-үйрену «Қазақстан Республикасының табиғаты, табиғи ресурстары» туралы бейнефильмнен үзінді пайдаланудан басталады. Бейнефильм болмаған жағдайда кадаскоп арқылы еліміздің табиғаты, қазба байлықтары, өсімдіктері мен жануарлары туралы иллюстрациялық материал көрсетіледі.

Мұғалім: Ал, балалар! Біз бүгін қандай тақырыпты оқып-үйренеміз?

Оқушы: Еліміздің әсем табиғаты туралы оқимыз.

Оқушы: Еліміздің қазба байлықтары жайлы сабақ оқимыз.

Оқушы: Өсімдіктері мен жануарлары туралы оқып білеміз.

Оқушылар жұптасып жұмыс жасайды. Оқушылар үш топқа бөлінеді, бірінші топтағылар «Қазақстанның табиғат байлықтары», екінші топтағы оқушылар «Қазба байлықтары», үшінші топтағылар «Еліміздің өсімдіктер дүниесі мен жануарлары» туралы оқулық мәтінімен өздігінше танысады. Мұғалім нұсқауымен оқушылар бетпе-бет жұптасып тұрады (не отырады). Әр топ берілген уақыт көлемінде тапсырманы орындайды.

Содан кейін әр топтың оқушылары (үш топтың) тақтада не үлкен ватман қағазда жазылған кестені толтырып, өздері дайындаған материал бойынша, сынып алдына шығып сөйлейді.

Кесте: «Менің елім – Қазақстан»

Р/с	Табиғат байлықтары	Қазба байлықтары	Өсімдіктері мен жануарлары

Мұғалім жұмысты бақылап, қателескен жағдайда не толықтырулар қажет кезде көмекке келеді.

Осындай жұппен жұмыс істеу оқушылардың белсенділігін арттыруға, өз ойларын ашық айтуға, көзқарасын қорғауға не дәлелдеуге үйретуге септігін тигізеді.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §11. «Қазақстанның табиғаты» тақырыбымен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу тапсырылады.

§12. Қазақстанның халқы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың «Отан» туралы түсінігін кеңейту және «халықтар арасындағы ұлтаралық келісім» туралы түсініктерін қалыптастыруда жұмыс жүргізу. Оқушыларды Отанын сүйуге, қазақ халқы мен республикада тұратын басқа халықтардың тарихын, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. Халықтар арасындағы өзара түсіністік, татулық және достық қарым-қатынастың дамуы – еліміздің өркендеуінің басты кепілі деген идеяны оқушылар жасына сай күнделікті өмірден нақты мысалдар келтіріп түсіндіру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық және этнографиялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан халқы.
2. Халықтар арасындағы ұлтаралық келісім.

Жаңа материалды оқып-үйрену электронды оқулықпен жұмыстан және бейнефильмнен көрсетілетін «Қазақстанда тұратын халықтар» туралы үзіндіден, не оқушылар өздігінше жинақтаған халықтар достығы, түрлі ұлт өкілдерінің киімі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы иллюстрациялық-этнографиялық материалды көрсетуден басталуы мүмкін.


Мұғалім: Оқушылар! Біз бүгін қандай мәселені оқып-үйренеміз?

Оқушы: Республикада тұратын халықтар туралы.

Оқушы: Халықтар арасындағы достық және бейбіт қатынас жайлы.

Оқушы: Халықтардың тұрмысы, салт-дәстүрімен танысамыз.

Мұғалім: Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар. Бүгінгі тақырыбымызда көп ұлтты Қазақстан халқы, түрлі ұлттар арасындағы достық пен татулық қатынас, өзара түсінушілік пен көмек, ауызбіршілік туралы оқып білеміз. Олай болса, тактаға қараңдар. Кадаскоп арқылы тактадағы мына сөздерге назар аударыңдар. Құрметті оқушылар! Қазақстан Республикасында қандай ұлттың адамдары бейбіт қатар, достық қатынаста өмір сүріп жатыр? Әрқайсың бір ұлттың атын тауып, дөңгелек ішіне жазып шығыңдар. Басқаларың біреу сөйлеп жатқанда сөзін бөлмей тыңдаңдар.



Оқушылар өздері жазған ұлт туралы не білетінін айтады, басқалары толықтыруы мүмкін. Сөйтіп, барлық оқушылар ұлттар туралы не білетінін айтып болғанша, осылай әңгіме жалғаса береді. Бақылап отырған мұғалім қорытынды жасайды.

Сабақтың **негізгі идеясы** – халықтар арасындағы ұлтаралық келісім болғандықтан, осы мәселеге ерекше мән берген дұрыс. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың республикамыздағы халықтар арасындағы келісім туралы саясатты жүргізудегі маңызды рөлі атап көрсетілуі тиіс.

Содан кейін оқушылар өз қалауы бойынша жұп болып отырады. Оқулықтың әрбір абзацын оқып танысады. Жаңа терминдердің, ұғымдардың, сөздердің (мәтінде кездесе) анықтамасын тауып, дәптерлеріне жазады. Топтағы әр оқушы абзац бойынша оқып, білгенін, терминдердің мағынасын бір-біріне айтады. Оқығаны бойынша сұрақтар даярлайды, оны сыныптасына қояды. Оқушылар жаңа тақырып бойынша оқығанын жақсы меңгерген соң, бір-бірімен ауысып отырады да (басқа топтың балаларына), білетін ақпаратпен алмасады. Сөйтіп, оқушылар оқулық мәтініндегі барлық мәліметтерді өздігінше бір-біріне жеткізеді. Сабақ соңында материалдармен және тапсырмалармен танысады. Оқушылар «Білімпаздар үшін» мәтінін оқып, алған әсерімен бөліседі.

Үйге тапсырма: §12. «Қазақстанның халқы» тақырыбын оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруге дайындалып келу.

§13. Қазақстанның қалалары

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Қазақстанның қалалары, олардың тарихы, өнеркәсіп орталықтары, мәдени ошақтары туралы білімдерін одан әрі тереңдете түсу. Оқушылардың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи құбылысты салыстыра білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Алматы.
2. Қарағанды.
3. Атырау.
4. Павлодар.
5. Семей.

Жаңа материалдарды оқып-үйрену барысында «Қазақстан Республикасының аумағы, мемлекеттік рәміздері, астанасы, халықтары бейнеленген». «Тәуелсіз Қазақстан» бейнефильмінен үзінділер, не Отан туралы түрлі түсті иллюстрациялық материал пайдаланылады.

Облыс орталықтары, ірі қалалары жайлы жаңа материалдарды оқып-үйрену картамен жұмыс істеуден басталады. Қазақстан Республикасының шекарасын, астанасын картадан табыңдар. Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер? Атаңдар және картадан көрсетіңдер. Қазақстан қанша экономикалық аймаққа бөлінген? Атап, картадан аймақтарды табыңдар. Елімізде қанша қала және ауыл бар екендігін білесіңдер ме? Қалалар мен ауылды мекендер туралы не білесіңдер? Әңгімелеп беріңдер.

Электронды оқулық пен бейнефильмен республикамыздағы қалалар, облыс орталықтары, халқы, негізгі шаруашылығы туралы үзінділер көрсетіледі.

Мұғалімнің нұсқауы бойынша «Менің сүйікті қалам» атты жұп бойынша жұмыс жүргізіледі.

Сыныптағы парталар екі-екіден қойылып, оқушылар 4–5 баладан 5 топқа бөлініп отырады. Мұғалім оқушыларға тапсырманы түсіндіреді. Оқулықта 5 қала туралы материал берілген, осы қаланың тарихы, халқы, кәсібі, мәдени орталықтары туралы сипаттама дайындаңдар. Оқушылар қала туралы иллюстрациялық материалдан қабырға газетін; қаланың карта-сызбасын дайындауын; өз қолдарымен қаланың суретін, өнеркәсіп орындарын, мәдени орталықтарын салуын; осы қалада туып-өскен, не қызмет жасаған қоғам қайраткері, тарихи-мәдени ескерткіштер туралы қысқаша хабарлама не эссе (шығарма) дайындап келуіне де болады.

Бұл тапсырманы орындауға 7–8 минут уақыт беріледі.

Әр топтан екі не үш оқушы шығып, мысалы, біреуі Павлодар қаласы туралы сипаттама береді, келесі оқушы осы қалаға қатысты тарихи қайраткердің өмірі мен қызметі жайлы мәлімет береді. Үшінші топ қолдан сызған карта-сызбасын көрсетуі мүмкін.

Келесі топтың бір оқушысы мүмкін Алматы қаласына сипаттама беріп, ал екінші топтағы балалар тарихи-мәдени ескерткіштер, халқы туралы дайындаған қабырға газетін көрсетуі мүмкін.

Сөйтіп, әр топ оқушылары қаланы сипаттаудан басқа, тағы да қосымша қандай материалдар дайындағанын көрсетіп, оның мәнін түсіндіреді.

Оқушылар бір-біріне сұрақ қоюы мүмкін, оған жауап беріледі.

Жұмыс соңында қай қаланың сипаттамасы қаншалықты жақсы шыққанын сынып оқушылары таңдап, өздері шешеді.

Мұғалім, тапсырма орындау барысында топтың біреуі түсінбей жатса, қайта түсіндіріп, қажет болса көмек береді.

Жұмыс дәптерімен және оқулықтағы «Сен білесің бе?» материалдарымен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §13. «Қазақстан қалалары» тақырыбын оқып-танысу және сұрақтар мен тапсырмалар бойынша дайындалып келу тапсырылады.

§14. I бөлім бойынша қорытынды қайталау

Сабақтың мақсаты: 13 сабақтың материалын жинақтап жүйелеу. Оқушылардың деректер, тарихи уақыт, тарихи карта туралы түсініктерін одан әрі кеңейте түсу. Оқушылар бойында «Қазақстан – менің Отаным» идеясын қалыптастыруда жұмысты жалғастыру. Оқушылардың өз халқының тарихына деген қызығушылығын дамыту. Қазақ халқының және республикада тұратын басқа халықтардың тарихын, тілі мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Тарихи материалды салыстыру, оқиғалар мен құбылыстардың ортақ белгілерін анықтау, өз пікірін еркін білдіру біліктерін қалыптастыруда жұмыс жүргізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, аудио және бейнефильм, иллюстрациялық материалдар, карточкалар, кадаскоп.

Қайталау сабағында жұмыс істеудің негізі – оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар және оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған проблемалы тапсырмалар, құжатпен жұмыс, кроссворд, викторина шешу, т.б. пайдалануға болады.

Мұғалім оқушылар назарын оқулықтағы қайталауға арналған негізгі түйінді мәселелерге аударады. Сонда берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Содан кейін осы тақырыптарды оқу барысында кездескен жаңа сөздер және терминдермен жұмыс жүргізіледі.

1. Термин сөздердің мағынасын көп нүктенің орнына жазыңдар:

Тарих – ...

Археология – ...

Этнография – ...

Жазбаша деректер – ...

Зағтай деректер – ...

Карта – ...

Топонимика – ...

2. «Күнтізбелер» атты кесте-сызбаны толтырыңдар.

Қандай күнтізбелерді білесіңдер?

3. Сен білесің бе? Тапсырманы орындаңдар.

1. Біз тарихты қалай оқып білеміз?	1.
2. Уақыт өлшемдерін атаңдар.	2.
3. Тарихи деректерге не жатады?	3.
4. Жер-су аттарының мәнін білу не үшін керек?	4.
5. Қазақстанда қанша қала мен ауыл бар?	5.

4. Тарихи даталар бойынша диктант.

Алматы қаласының неше мыңжылдық тарихы бар?

Қарағанды қандай өнеркәсіп орталығы?

Атырау деп қала қай жылдан бастап аталады?

Павлодар қаласының іргесі қай жылы қаланған?

Семей қаласының іргесі қашан қаланды?

Төмендегі кестеге дұрыс жауабын тауып жазыңдар:

Р/с	Терминдер	Қате жауап	Дұрыс жауап
1	Папирус	Халықтың шығу тегін, таралуын баяндайды.	
2	Пергамент	Қамыс сабағына жазылған жазу.	
3	Палеография	Төл терісіндегі жазу.	
4	Шежіре	Деректерді жазу-сызу материалдары мен құралын, жазумен безендіруілуін зерттейтін тарихи пән.	
5	Өлке	Отанға деген сүйіспеншілік.	
6	Патриотизм	Ел, жер, аймақ, өңір.	

Үйге тапсырма: §14. Бірінші бөлім бойынша қорытынды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

II БӨЛІМ. ТАРИХҚА САЯХАТ

§15. Қазақстан аумағын мекендеген алғашқы адамдар мен ежелгі тайпалар

Сабақтың мақсаты: оқушыларды алғашқы адамдардың өмірімен, еңбегімен және тұрмыс-салтымен таныстыру. Ертедегі адамдардың өмірі мен тұрмыс-салты туралы тарихи нақты материал адамның адал еңбегі туралы ұғымды қалыптастыра бастауға мүмкіндік береді. Сабақ материалы оқушылардың еңбек адамына деген сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Оқу материалы еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге септігін тигізеді. «Ру», «тайпа» ұғымдарын қалыптастыру жұмысы басталады. Оқушылардың тарихи құбылыстарды сипаттау біліктерін дамытуда жұмыс жүргізу керек.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: алғашқы адамдардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігі бейнеленген иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Адамның пайда болуы және оның дамуы туралы.
2. Қазақстан аумағындағы алғашқы адамдар.
3. Алғашқы адамдардың қоныстары.
4. Алғашқы адамдардың шаруашылығы (кәсібі).
5. Алғашқы адамдардың діни сенімдері.

Жаңа материалды оқып-үйрену иллюстрациялық материалды талдауға, мұғалімнің алғашқы адамдардың өмірі туралы әсерлі әңгімесіне, «ойша саяхатқа», картамен жұмысқа, оқулық мәтінін оқу және талдауға, жұмыс дәптерімен жұмысқа негізделіп өткізілуі мүмкін. Бірінші тақырыпша бойынша мұғалімнің түсінікті әңгімесі картамен ұштастырылады.

Алғашқы адамдардың қоныстары, шаруашылығы (кәсібі) және діни сенімдері туралы иллюстрациялық материалды пайдалану сабаққа өзіндік әсер етеді әрі оқушылардың жаңа материалды ойдағыдай меңгеруіне ықпал жасайды.

Мұғалім оқушыларды төрт топқа бөліп, «Алғашқы адамдар» туралы материалмен таныстырады. Содан кейін әрқайсысына тапсырма береді.

Бірінші топ оқушылары әңгімелесуге дайындалады. Алғашқы адамдар дегеніміз кім? Олардың өмірі жайлы мағлұматтарды біз қайдан білеміз? Алғашқы адамдар қандай аумақты мекендеген? Олар жайлы сендер не білесіңдер?

Екінші топ оқушылары мынадай сұрақтарға жауап дайындайды: Алғашқы адамдардың өмір-тіршілігі қандай болған? Олардың сырт пішініне сипаттама беріңдер. Алғашқы адамдар мал шаруашылығынан басқа тағы немен шұғылданған? Олар немен тамақтанды деп ойлайсыңдар?

Үшінші топ оқушылары тақтаға ілінген иллюстрациялық материал негізінде алғашқы адамдардың тұрмыс-салты бойынша әңгімеге дайындалады. Суреттерге қарай отырып, алғашқы адамдардың тұрған жайы қандай болғанын суреттеңдер. Алғашқы адамдар немен айналысып жатқанын айтып беріңдер (мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер, балық аулау, аңшылық кәсібі туралы). Олар қандай еңбек құралдарын пайдаланғанын айтып беріңдер.

Төртінші топ оқушылары «Алғашқы адамдардың діни сенімдері» деген тақырыпта сипаттама дайындап, тақырыпшаның күрделі жоспарын жасайды.

Содан кейін оқушылар жауаптары талданып, толықтырылады. Мұғалім тапсыруы бойынша 3 оқушы бірінен соң бірі оқулықтағы мәтінмен танысып, дауыстап оқып шығады. Оқулықта берілген тапсырмалар негізінде жұмыс жүргізіледі. Оқушылар «Қазақстан жерін ертеде мекендеген адамдар мен тайпалардың өмірі мен тұрмысы» атты кестені оқулық мәтіні негізінде өздігінше толтыруды бастайды.

Кесте: «Қазақстан жерін ертеде мекендеген тайпалардың өмірі мен тұрмысы»

Тайпалар	Шаруашылығы	Қоғамдық құрылысы	Ішкі, сыртқы саясаты	Кәсібі	Діни нанымдары
Сақтар					
Ғұндар					
Түрік тайпалары					

Бұл тапсырманы орындауды осы сабақта бастап, келесі сабақтарда жалғастырады.

Сабақты бекіту мақсатында жұмыс дәптерімен жұмыс жасалады.

Үйге тапсырма: §15. «Қазақстан аумағын мекендеген алғашқы адамдар мен ежелгі тайпалар» тақырыбын оқып шығу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§16. Сақтар

Сабақтың мақсаты: оқушыларды сақ тайпаларының өмірімен, еңбегімен және тұрмыс-салтымен таныстыру. Ертеде Қазақстан аумағын мекендеген сақ, үйсін, қаңлы, ғұн және басқа да тайпалардың қазақ халқының арғы ата-тегі болғанын ашып көрсету. Ертедегі сақ тайпаларының өмірі мен тұрмыс-салты туралы тарихи нақты материал адамның адал еңбегі жайлы ұғымды қалыптастыра бастауға мүмкіндік береді.

Оқу материалы еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге септігін тигізеді. «Патша», «көсем», «ақсақал» ұғымдарын қалыптастыру жұмысы басталады. Оқушылардың тарихи құбылыстарды салыстыру біліктерін дамыту жұмыстары.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: оқулық картасы, сақтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігі бейнеленген иллюстрациялық материалдар, «Алтын адам» атты электронды оқулықтан үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Сақ тайпалары.
2. Сақтардың шаруашылығы (кәсібі).

Жаңа материалды оқып-үйрену иллюстрациялық материалды талдауға, мұғалімнің сақтардың өмірі туралы әсерлі әңгімесіне, «ойша саяхатқа», картамен жұмысқа, оқулық мәтінін оқу және талдауға, жұмыс дәптерімен жұмысқа негізделіп өткізілуі мүмкін.

Бірінші тақырыпша бойынша мұғалім оқушыларға сақтар қазақтардың ата-тегі екендігіне тоқталып, олардың мекендеген аумағын картадан көрсетіп, сақтар туралы деректерде не айтылғанын баяндайды.

«Сақтардың шаруашылығы» деп аталатын тақырыпшаны оқып-үйрену **практикалық жұмыс** негізінде жүргізіледі.

Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп, әрқайсысына тапсырма береді.

Бірінші топ оқушылары оқулық картасы негізінде әңгімелесуге дайындалады. Сақтар дегеніміз кім? Олардың өмірі жайлы мағлұматтарды біз қайдан білеміз? Сақтар қандай аумақты мекендеген? Олар жайлы грек, парсы деректерінде не айтылады?

Екінші топ оқушылары мынадай сұрақтарға жауап дайындайды: сақтардың өмір-тіршілігі қандай болған? Олардың сырт пішініне сипаттама беріңдер. Сақтар мал шаруашылығынан басқа тағы немен шұғылданған? Олар немен тамақтанды деп ойлайсыңдар?

Үшінші топ оқушылары тақтаға ілінген иллюстрациялық материал негізінде сақтардың тұрмыс-салты бейнеленген суреттер бойынша әңгімеге

дайындалады. Суреттерге қарай отырып, сақтардың тұрғын жайы қандай болғанын суреттендер. Киіз үй дегеніміз не? Киіз үйге сипаттама беріңдер. Сақтардың немен айналысатыны туралы айтып беріңдер (мал шаруашылығы, егіншілік, қолөнер, балық аулау, аңшылық кәсібі туралы). Олар қандай еңбек құралдарын пайдаланғаны туралы ойланып жауап беріңдер.

Оқулық мәтіні, карта, тақтада көрсетілген иллюстрациялық материалдар оқушылардың осы білім көздерінен өздеріне қажетті мәліметті алуға және білімдерін толықтыруға көмектеседі.

Мұғалімнің тапсыруы бойынша 3 оқушы бірінен соң бірі оқулық мәтінін дауыстап оқып шығады. Оқулықта берілген тапсырмалар негізінде жұмыс жүргізіледі. Оқушылар «Ертеде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың өмірі мен тұрмысы» атты кестені оқулық мәтіні негізінде өздігінше толтыруды жалғастырады.

Кесте: «**Қазақстан жерін ертеде мекендеген тайпалардың өмірі мен тұрмысы**»

Тайпалар	Шаруашылығы	Қоғамдық құрылысы	Ішкі, сыртқы саясаты	Кәсібі	Діни нанымдары
Сақтар					
Ғұндар					
Түрік тайпалары					

Бұл тапсырманы орындау келесі сабақтарда жалғастырылады.

Сабақты бекіту мақсатында жұмыс дәптерімен жұмыс жасалады.

Үйге тапсырма: §16. «Сақтар» тақырыбын оқып шығу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§17. Тұмар патшайым

Сабақтың мақсаты: оқушыларды ержүрек сақ тайпалары, олардың жорықтары, сақ патшасы Тұмардың елін, жерін қорғаудағы ерлік істерімен таныстыру. Шырақтың ерлігі және парсылардың сақ жеріне жорығымен таныстыру. Сабақ материалы оқушылардың отансүйгіштік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Оқушылардың тарихи қайраткерге сипаттама беру біліктерін дамытуда жұмыс жүргізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, «Шығыс коллекциясы» атты электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау §16-та берілген сұрақтар мен тапсырмалар негізінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ержүрек сақ тайпалары.
2. Парсы патшасы Кирдің сақ тайпаларына қарсы жорығы.
3. Ерлігі аңызға айналған қолбасшы әйел – Тұмар патшайым.
4. Шырақтың ерлігі.

Жаңа материалды оқып-үйрену барысында «Шығыс коллекциясы» атты электронды оқулықтан сақ тайпаларының қару-жарақтары, киімдері және ертедегі қазақ жерін мекендеген тайпалар өмірінен, олардың жорықтары бейнеленген сюжеттен (бейнефильм арқылы) үзінді пайдаланса, сабақтың тәрбиелік-танымдық мәні арта түсер еді.

Электронды оқулық, бейнефильм болмаған жағдайда, «Қазақ тарихы» журналындағы сақтардың өмірі, жорықтары, жауынгерлері бейнеленген иллюстрацияны пайдалануға болады. Сонымен қатар «Аруна» баспасынан шыққан «Томирис» атты кітаптан үзінді және иллюстрациялық материалдарды пайдаланған тиімді.

Осы үзінділер негізінде әңгіме өткізіледі.

1. Сендер сақтар туралы қандай жаңа, тың мәлімет алдыңдар?
2. Сақтарды неліктен өнерлі де жеңілмейтін садақшылар деп атайды?
3. Сақ патшайымы Тұмардың ерлігі туралы не білесіңдер?

Мұғалім оқушылар жауаптарын толықтырып, оларды өз қалауы бойынша үш топқа бөледі:

Мұнда оқушылардың электронды оқулық, бейнефильм, не иллюстрациялық материалдар арқылы көргендерін, өздері сыныптан тыс қосымша әдебиеттен оқығандарын еске түсіріп, суреттеменің әсерлі баяндалуына қол жеткізілуі тиіс. Тақтаға тарихи қайраткерді сипаттауға арналған жаднама ілінеді. Оқушы қиялының дамуына мүмкіндік беру қажет. Сол үшін қолдарынан келсе сақ тайпалары, жауынгерлері, қару-жарақтары, парсы патшасы Кир, оның жауынгерлері, Тұмар патшайым туралы суреттерді өздері салуына жағдай жасау қажет. Ал мұндай жұмыстар оқушылардың осы бейнелерді не образдарды көздеріне елестетуге, оларды салу арқылы жаңа материалды естерінде жақсы сақтауға, шығармашылық қабілеттерінің дамуына септігін тигізери хақ. Түрлі карта-схема, кесте жасау, тарихи қайраткерлердің портретін салу олардың пәнге деген ынтасын арттыруға көмектеседі. Сақ жауынгерінің, Кир мен Тұмардың ролінде ойнауға да болады.

Бірінші топ оқушылары оқулықтың бірінші тақырыпшасымен (1–3 абзацтар) танысып, «Ержүрек сақ тайпасының суреттемесін» жасайды.

Екінші топтың оқушыларына «Кир патшаға» және оның жауынгерлеріне сипаттама беру тапсырылады.

Үшінші топ оқушылары «Тұмар – сақ қолбасшысы, патшайымы» деген тақырыпта сипаттама дайындап, тақырыпшаның күрделі жоспарын жасайды.

Бұл тапсырманы орындауға 7–8 минут уақыт беріледі. Әр топ белгіленген уақыт ішінде сипаттама жасайды. Оқушылар тарихи қайраткердің портретін жасауы, сурет, карта-схема, кесте, күрделі жоспар дайындауы мүмкін. Олардың рөлдерін ойнауы бағаланады. Әр топтан бір-екі оқушы ауызша суреттемелер жасап, жоғарыда берілген тапсырманы қалай орындағанын көрсетеді. Сыныптың басқа топтағы балалары қойған сұрақтарға жауап береді. Әр топ өз шамасы келгенше тапсырманы қалай орындағанын барлық сынып алдында талқылауға ұсынады.

Оқушылар өздері қай топ оқушыларының тарихи қайраткерге берген сипаттамасы немесе портреті жақсы даярланғанын бағалап, сынып бойынша шешеді.

Содан кейін оқушылар «Білімпаздар үшін» материалымен әрқайсысы өздігінше оқып танысады.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Шырақтың ерлігі.

Бұл материалды оқып-үйрену «Тарихи тұлға» сайысын өткізуден басталады. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Бірінші топтың оқушылары «Шырақтық ерлігі» тақырыпшасының 1–2 абзацтарын оқып танысып, оның жоспарын жасайды. Екінші топтың оқушылары 3–4 абзақты оқып, жоспарын жасайды. Үшінші топ оқушылары 5–6 абзацтармен танысып, оның жоспарын жасайды. Тапсырмаларды естерінде жақсы сақтап, оны өзара бір-біріне айтып, жоспарын құрады. Содан кейін балалар өздерінің орындарын ауыстырады, яғни үш топтан бір-бірден үш бала бір партаға келіп отырады. Олар бір-біріне бүкіл үш тапсырманың мазмұнын айтып, жоспарын талқылап үйренеді.

Мұғалім бақылаушы ретінде оқушыларға қосымша сұрақтар қояды, жаңа материалды қалай меңгергенін тексереді. Мұғалім:

1. Тұмар-Томирисің, Шырақтың ерлігі сендерге қалай әсер етті?
2. Отанды сүю деген сөзді қалай түсінесіңдер?
3. Қазіргі бейбіт заманда елін, жерін қорғайтын ерлік істер жасала ма?

Күнделікті өмірден мысалдар келтір.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §17. «Тұмар патшайым», «Шырақтың ерлігі» әңгімелерін оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындау.

§18. Алтын киімді адам

Сабақтың мақсаты: оқушыларды сақтардың наным-сенімдерімен және қолөнерімен таныстыру. «Алтын киімді адам» – сақ, сармат тайпаларының сол көне дәуірде-ақ зергерлік өнерді жоғары деңгейде меңгергенін білдіретінін ашып көрсету. Оқушыларда осындай тамаша туындылар жасаған еңбек адамына деген құрметтеушілік сезім тәрбиелеу. Оқушылардың тарихи құбылысты салыстыра білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, «Алтын адам» атты электронды оқулықтан және бейнефильмнен үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау §17 әңгімелеріне қатысты берілген сұрақтар мен тапсырмалар негізінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ертедегі сақ тайпаларының наным-сенімдері.

2. «Алтын адам» – тәуелсіздік символы.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың бастауыш сыныпта және сабақтан тыс (күнделікті өмірлерінде) алған білімдері бойынша әңгімелесуге негізделеді.

«Алтын адам» туралы не білесіңдер? Ол қай жерден табылған?

Мемлекетіміздің елтаңбасында, Алматыдағы «Тәуелсіздік монументі» атты ескерткіште «Алтын адамның» көптеген белгілері бар. Неліктен деп ойлайсыңдар?

Мұғалім оқушылар жауаптарына қажетті түзетулер енгізіп, толықтырады.

Мұғалім қазақ жерін мекендеген ертедегі тайпалардың наным-сенімдері туралы түсіндіреді.

«Алтын адам» атты электронды оқулықтан үзінді пайдаланылады.

Осы үзіндіден кейін «ми шабуылын» өткізген тиімді. Оқушыларға сұрақ беріледі: Неліктен «Алтын адам» – тәуелсіздік символы дейміз? Ойланып жауап беріңдер.

Бұл тапсырманың ерекшелігі – оқушы өз идеясын ұсынады. Бірақ бұл идеялар бағаланбайды және талқыланбайды. Идеялар көп болса, соғұрлым жұмыс нәтижелі болады. Барлық идеялар бөлінген уақыт көлемінде тақтаға жазылады. Ойлардың қайталануы қалыпты құбылыс болғандықтан, уақыт аяқталған кезде қайталаулар сызылып тасталады.

Ми шабуылының басты мақсаты – оқушылардың ойын білу, мүмкіндігінше көбірек пікір жинау, олардың көзқарастарын анықтау болып табылады.

«Ми шабуылы» тапсырмасы оқушылардың жаңа материалды меңгергенге дейінгі білгендерін анықтауға және мәліметтер алмасуға септігін тигізеді.

Содан кейін әр оқушы «Алтын адам» әңгімесінің әр абзасын оқып, ондағы негізгі ойды тауып, дәлелдейді.

Оқулықта берілген қосымша құжат бойынша жұмыс жүргізіледі.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.

Үйге тапсырма: §18. «Алтын киімді адам» әңгімесімен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§19. Мөде – Ғұн мемлекетінің негізін қалаушы

Сабақтың мақсаты: оқушыларға ғұн тайпасы, мемлекеті, шаруашылығы, өмірі мен тұрмысы, мемлекет билеушілері Тұман, Мөде туралы түсіндіру. Оқушылардың еңбек адамдарына деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың тарихи оқиғаларды салыстыру біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау §18 тақырыбына қатысты берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ғұндар.
2. Ғұн мемлекеті.
3. Ғұндардың шаруашылығы, өмірі мен тұрмысы.
4. Тұман – Ғұн мемлекетінің билеушісі әрі негізін салушы. Мөде – Ғұн елінің билеушісі.

Жаңа материалды оқып-үйрену ғұндар туралы иллюстрациялық материалдан үзінді келтіруден басталады. Мұғалім ғұндар, олардың мекендеген жерлері, құрған мемлекеті туралы түсінікті тілмен баяндайды.

Оқушылар өздігінше оқулықтың «Ғұндардың шаруашылығы, өмірі мен тұрмысы» туралы 3-тақырыпшасын оқып танысады. Содан кейін §16 әңгімесін оқып-үйренуде бастаған «Қазақстан жерін ертеде мекендеген тайпалардың өмірі мен тұрмысы» атты кестені өздігінше толтыруды одан әрі жалғастырады.

Мұғалімнің Тұман мен Мөде сияқты Ғұн мемлекетінің билеушілері, олардың жүргізген саясаты, жорықтары туралы әсерлі әңгімесі карта бойынша жұмыспен ұштастырылады.

Қосымша материал:

«Мөде (б.з.б. 230–174) – Ғұн елінің билеушісі. Әкесі Тұман Ғұн мемлекетінің негізін салушы. Б.з.б. 209 жылы Мөде Ғұн мемлекетіндегі билікті өз қолына алады. Ол билік басына келісімен мемлекеттегі бытыраңқы ұлыстардың басын біріктіріп, тұрақты әскер құрып, қатаң тәртіп орнатады.

Мөде басқарған, жорыққа жақсы дайындалған әскерлер Ұлы Қытай қорғанының іргесіне келіп жетті. Мөде Байқал көлінен Тибетке дейін, Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің орта ағысына дейінгі аумақтарды, көрші көшпенді тайпаларының жерін де басып алды. Мөде Алтай өңірін де түгел өзіне қаратты. Ғұн мемлекетінің құдіреті күшейе түсті.

Б.з.б. 200 жылы Хань империясының (Қытай) ұрпағы Лю Бан ғұндарға қарсы соғыс бастады. Алғашқы ұрыстардан кейін Мөде өз әскеріне кейін шегінуге бұйрық береді. Ал Хань әскері ғұндардың ізіне түсіп, негізгі күштерінен алшақтап, қол үзіп қалады. Сол сәтте ғұндар шегінуін тоқтатып, енді қытай әскерін төртке бөлінген атты әскермен тау аңғарында қоршауға алады. Қытай императоры әскерімен жеті күн бойы ғұндардың қоршауында қалады. Ғұндар қытай әскерін ойсырата жеңеді. Хань патшасы өзінің жеңілісін мойындап, соғысты жалғастырмауды өтінді. Сөйтіп, қытай билеушісі екі жақтық келісім бойынша қытай ханшасын Мөдеге әйелдікке беріп, жыл сайын бағалы сыйлықтар (жібек мата, шарап, күріш) мен алым-салық төлеп тұруға келіседі. Содан кейін де 177 жылы ғұндар мен қытай шекаралық әскерлерінің арасында қақтығыс болып, дипломаттық қатынастар орнатылады. Сонымен 40 жылға ғұндар мен Ғұн мемлекетінің қуатын мойындаған Хань империясы арасында тыныштық орнайды. Мөде – ұзақ жылдар бойы өз халқының тыныштығы мен бейбіт өміріне жағдай жасады.

Б.з.б. 174 жылы Мөде 56 (57) жасында дүние салып, оның ұлы Лаушан ғұн мемлекетінің билеушісі болып тағайындалды.

Тұман, Мөде бейнеленген суреттер тактаға ілінеді, не кадаскоп арқылы көрсетіледі. Оқушылар өз еркімен екі топқа бөлініп, осы қайраткердің бірін таңдап алып, оқулық мәтінін пайдаланып, әр топ оқушылары өздігінше кесте толтырады.

«Тұман мен Мөде – Ғұн мемлекетінің билеушілері» деген кестені өз бетінше толтырыңдар.

Кесте: «Тұман мен Мөде – Ғұн мемлекетінің билеушілері»

Билеушінің аты-жөні	Өмір сүрген уақыты	Қандай тарихи оқиғаға қатысты?

Оқушылардың бұл жұмысты орындауына 5 минут уақыт беріледі, оның нәтижесін ұжым не мұғалім бағалайды.

Оқулықтағы «Сен білесің бе?» деген мәтінді талқылай отырып ұжым болып оқиды.

Үйге тапсырма: §19. «Мөде – Ғұн мемлекетінің негізін қалаушы» әңгімесін оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§20. Еділ патша

Сабақтың мақсаты: оқушыларға ғұн жорықтары жайлы әңгімелеу, Еділ-Аттиланы – ғұн қолбасшысы, саясаткер, ел билеушісі ретінде таныстыру. Оқушылардың елжандылық сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың тарихи қайраткерді сипаттау біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильм, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау §19 әңгімедегі сұрақтар мен тапсырмалар негізінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Еділ-Аттила.
2. Батыс ғұн ұлысы.
3. Халықтардың ұлы қоныс аударуы.
4. Еділдің жорықтары.

Жаңа материалды оқып-үйрену электронды оқулық, бейнефильмнен не иллюстрациялық материалдан үзінді пайдаланудан басталады.

Мұғалім осы үзінділерді пайдаланған соң, төмендегідей сауалдар бойынша әңгімелесу өткізіледі: Еділ-Аттила деген кім? Ол қандай адам болған? Аттила туралы қандай фильм, спектакль көрдіңдер? Қандай кітап оқыдыңдар? Оның жорықтарының мақсаты қандай? Оны неліктен ғұндардың атағын әлемге паш еткен атақты ғұн билеушісі, көреген саясаткер, қолбасшы, ержүрек жауынгер деп атайды?

Мұғалім осы сұрақтар арқылы оқушылардың Еділ, оның қолбасшылық қабілеттері, жорықтары туралы не білетінін айқындайды.

Мұғалім Еділге – тарихи тұлға ретінде жан-жақты сипаттама береді.

Мұғалім Батыс ғұн ұлысы, халықтардың ұлы қоныс аударуы жайлы баяндайды. Әңгіме оқушылардың картамен жасайтын жұмысымен ұштастырылады.

Қосымша материал:

«Еділ-Аттила (400–453) – адамзат тарихында ерекше орны бар ұлы тұлға, атақты ғұн ұлысының билеушісі.

1667 жылы француз драматургі Пьер Корнельдің «Аттила», одан кейін неміс драматургі Вернер Цахарастың «Ғұн патшасы Аттила» деп аталатын туындылары сахнаға шығарылған. Онда Аттила құл иеленуші Рим империясының іргесін құлатқан батыр бейнесінде сипатталады. Батыс елдерінде Еділ бейнесінде алтын, күміс ақшалар шығарылған. Оқу орындарына, көшелерге есімі берілген.

Балаәмірден кейін Батыс ғұн ұлысын басқарған билеушілер жаңа мемлекеттің іргесін нығайтып, Константинопольге (қазіргі Стамбул)

дейін шекарасын ұлғайтты. Ал Руғила отыз жыл патшалық құрған кезде бүкіл Еуропаны дүрілдетіп, ғұндар Византия (Шығыс Рим империясы) мемлекетіне шейінгі елдерді бағындырды. Олар Батыс ғұн империясына көп мөлшерде алым-салық төлеп тұрған. Руғила 433 жылы қайтыс болған соң, оның орнына інісінің ұлы Бледа келеді.

Бледа билік жүргізіп тұрған кезеңде Ғұн империясы ыдырай бастап, бірлігі, тұтастығы бұзылып, ұсақ бірлестіктерге ыдырап-бөлініп кету қаупі төнген болатын. Міне, осыған орай Еділ еріксіз 434 жылы өзінің немере туысы Бледаны тақтан түсіріп, билікті өз қолына алып, елді 19 жыл жеке басқарады.

Еділ билікке келісімен Ғұн мемлекеті бірлігі мықты, мызғымастай берік те күшті мемлекетке айналады. Еділдің еділ патша деген аты бүкіл Еуропаға таралды. 447 жылы Еділ Византияға шабуыл жасап, Балқан түбегін талқандап, астанаға қауіп төндірді. 448 жылы Дания ғұндардың қол астына көшті. 435–436 жылдары Еділ Бургунд королі Гундахарды талқандады. Көптеген батыс халықтары өз еріктерімен оның жағына шыға бастады. Сонымен қатар вестгот пен остгот секілді герман тайпаларын ығыстырып, ғұндар Еділ мен Рейн арасындағы өңірді иеленді.

Біраз уақыт өткен соң соғыс өрті қайта өршіп, Еділ Херсонос түбінде Рим империясын жеңіліске ұшыратты. Қара теңіз жағалауынан Днестрге дейінгі аралық ғұндардың қол астына көшті. Бүкіл Еуропаны дүр сілкіндірген ғұндардың қаһарлы жорықтарында Еділдің қолбасшылық қабілеттері ерекше байқалды.

448 жылы Рим империясы Еділге елші жіберіп, ғұндармен бітімге келу арқылы алым-салық төлемеу, білдірмей Еділге у беріп өлтіруді ойластырды. Рим елшілігінің астыртын ұйымдастырған Еділге қастандығы іске аспай қалады.

Біздің заманымыздың бірінші ғасырында құл иеленуші империялар көптеген соғыстар жүргізудің нәтижесінде өте ұлғайды. Мұндай ірі мемлекеттерді басқару қиынға түсті. Осы мемлекеттердің өз ішіндегі билеушілер мен қарапайым халықтар арасындағы күрес, жеке аймақтар көтерілісі, мыңдаған құлдардың қашып кетуі, қолбасшылар арасындағы билік үшін талас жүріп жатты. Құл иеленуші құрылыс жойылу алдында тұрды. Рим империясының қол астындағы халықтар қолына қару алып өздерінің азаттығы мен бостандығын қорғады. Дәл осы уақытта 451 жылы Еділдің Батысқа жорығы басталды. Ол Рейн өзенінен өтіп, қазіргі Миланды және бірнеше қалаларды басып алды. Әлемде теңдесі болмаған Каталун шайқасында екі жақтан 165 мыңға жуық ғұндар мен рим әскері қаза болды. Бұның нәтижесінде құл иеленуші Рим империясы құлады. Әбден ашынған Галлия, Бельгия, Лютецин, Париждегі құлдар өз бас азаттығын алу үшін

көтерілді. Сөйтіп, құл иленушілік құрылыс жойылды. Еділ мүмкіндігі бола тұрса да, Рим қаласын қиратуға жол бермейді.

Рим империясының үстемдігінен азат етілген елдер Еуропада жеке мемлекеттерін құрды. Әлем тарихында ортағасырлық дәуірдің басталуына ықпал жасады. Осындай жеңістен соң Еділ Рим императоры III Валентиннің қарындасы Гонорийге үйленді. Содан кейін Бургундия королінің қызы Илдионаға үйленіп, соның қолынан 453 жылы қаза табады. Елі үшін туған әйгілі қолбасшының орнына оның ұлы Еллақ таққа отырады.

Еділ Еуропа елдерін түгел бағындырған әйгілі ғұн билеушісі ретінде әлемге танылды. Еуропа елдері оның дарынды қолбасшылығын, ержүректілігін, ақылдылығын мойындап, бас иген. Еділ ғұндардың атағын әлемге паш еткен атақты ғұн билеушісі.

Оқушылар дауыстап «Білімпаздар үшін» материалынан Аттила туралы әңгімені сұрақ-жауап түрінде оқып, мәнін сынып оқушыларына түсіндіреді.

Оқушыларға бұның алдында өткен сабақтарда пайдаланған жаднама бойынша Еділ-Аттилаға сипаттама беру тапсырылады. Жаднама плакатқа (ватманға) жазылып тақтаға ілінеді, не кадаскоп арқылы көрсетіледі. Енді осы жаднамаға назар аударайық.

ЖАДНАМА:

Тарихи қайраткерге сипаттама:

Осы адамның іс-әрекетіне қатысты тарихи жағдайды суреттеңдер.

Оның қандай ортадан шыққанын, оның қандай адамдармен қарым-қатынаста болғанын естеріңе түсіріңдер.

Оның бет-пішінін, келбетін, мінез-құлқын (оқулық, қосымша материал, иллюстрациялар негізінде) суретте. Оның мінезінде саған не ұнайды, не ұнамайды? Неліктен?

Ол өзінің ойлаған мақсатына жету үшін алдына қандай міндеттер қойды?

Оның (жазушы, ақын т.б.) еңбектерін ата. Не оның қандай ерлік істер жасағанын қысқаша айт.

Оның қызметіне қандай баға бересің? Өз ойыңды дәлелдеп, қорытынды жаса.

Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар оқулыққа сүйеніп, «Еділ – ұлы жауынгер» атты әңгіме құрайды.

Мұғалім оқушыларға тапсырманың мақсатын түсіндіреді (не істеуге тырысу қажет және оған қандай жолмен қол жеткізуге болады).

Құрметті оқушылар! Сендер жұппен жұмыс істеп, тапсырманы дұрыс орындауларың керек. Ол үшін оқулық мәтінін мұқият оқып шығыңдар. Талдауға 10 минут уақыт беріледі. Әр топтың пікірін сынып болып талдаймыз.

Мұғалім топтағы оқушылардың жұмысын бақылайды.

Берілген уақыт біткен кезде әр топтың оқушылары өз тапсырмалары бойынша көзқарастарын білдіреді (әңгімелейді). Топтық жұмыстың нәтижесін баяндайтын оқушы өзінің жеке пікірін емес, топтағы оқушылардың көзқарасын жеткізуі тиіс. Мұғалім топтарға өздерінің жеке пікірін айтуды ұсынады. Оқушылар тапсырма бойынша өз пікірлерін дәлелдейді. Содан кейін оқушылар сынып болып әр топтың пікірін талдайды. Мұғалім оқушылардың жауаптары негізінде ортақ қорытынды шығаруға бағыт береді.

Үйге тапсырма: §19. «Еділ патша» атты тақырыппен танысып, оның күрделі жоспарын жасап келу.

§ 21. Ертедегі түріктер

Сабақтың мақсаты: Түрік қағанаты, түрік халқының кәсібі мен тұрмысы туралы мәселелерді ашып көрсету. Түрік тайпаларының өмірі мен тұрмысын, қағанаттың өміріндегі маңызды оқиғаларды айқын, бейнелі материал арқылы әңгімелеу. Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресінің ерлік беттерін ашып көрсету. Оқушыларды елжандылыққа, еңбек адамдарына деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу.

Тарихи оқиғаларды салыстыра білу біліктерін одан әрі дамытуға септігін тигізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, карточкалар, кесте.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сұрақтары негізінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. «Түрік» атауы.
2. Түрік қағанаты.
3. Түрік қағанатының ішкі-сыртқы жағдайы.
4. Түрік қағанатының ыдырауы.
5. Түрік қағанаты халқының кәсібі мен тұрмысы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің «түрік» атауының шығуы туралы аңызды, Түрік қағанатының құрылуы, оның әскери жорықтары туралы түсіндірмелі әңгімесінен басталады. Бұл әңгіме картамен жұмыс жасауға ұштастырылады. Картадан Түрік қағанатының аумағы көрсетіледі.

Оқушыларға жаңа ұғымдар: қаған, қағанат сөздерінің мәні түсіндіріліп, оның мағынасы ашып көрсетіледі. Оқушылар жаңа ұғымдарды дәптерлеріне жазып алады.

Оқушылар Түрік қағанаты туралы маңызды мәтінмен өздігінше оқып танысады. Оқушыларға тапсырманы қалай орындау керектігі туралы нұсқау беріледі.

Бірінші топ «Түрік қағанатының ыдырауы» туралы оқулық мәтінімен танысып, төмендегідей тапсырмаларды орындайды.

Түрік қағанатының аумағын картадан табыңдар. Түрік қағанаты қандай мемлекеттермен көрші тұрды? Қай мемлекеттермен қарым-қатынас жасады? Сол кезде Түрік қағанатының беделі неліктен жоғары болды деп ойлайсыңдар? Бұл мемлекет неліктен ыдырап кетті? Оның қандай басты себептері болды? Оқушылар теориялық материалмен танысқаннан кейін, оларға тапсырма беріледі.

Екінші топ оқушыларына «Түрік қағанаты халқының кәсібі, тұрмысы» туралы оқулық мәтінімен танысып, осы тақырыпшаның жоспарын жасау тапсырылады.

Үшінші топ оқушылары оқулықтағы «Білімпаздар үшін» деп аталатын мәтінмен танысып, оны талдайды. Сабақты бекіту мақсатында мұғалім оқушылар назарын тақтаға аударады. Тақтада не қағазға мынадай тапсырма орындау тапсырылады.

Түрік қағанатына мына жоспар бойынша сипаттама беріңдер:

1. Аумағы.
2. Қоғамдық құрылысы.
3. Ішкі саясаты.
4. Сыртқы саясаты.
5. Түрік қағанатының ыдырау себебі.
6. Қорытынды.

Сабаққа қатысу, көп жылғы тәжірибе нәтижесі оқушылардың бірқатары тақырыптың күрделі жоспары тұрмақ, жай жоспарын да жасай алмайтынын және жоспар жасауға қойылатын талаптарды ескермейтінін байқатады. Сондықтан мұғалім алдымен оқушыларды жай, содан кейін күрделі жоспар жасауға, кесте, сызба, диаграмма дайындауға, тарихи қайраткерлерге сипаттама беруге үйретеді.

Оқушылар жоспар жасауда қателіктер жіберуін болдырмау үшін оған қойылатын талаптар тақтаға жазылып, жан-жақты түсіндіріледі.

Содан кейін барлық оқушылар жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізеді, «Күрделі жоспар жасауды үйрен» деген жазуы бар ватман қағаз тақтаға ілінеді, бейнефильм не кадаскоп арқылы көрсетіледі.

Қымбатты балалар! Жоспар жасарда мыналарды есте сақтаңдар:

Әңгіменің ең басты, ең негізгі мазмұны түгелдей қамтылып, жоспарда қарастырылуы тиіс.

Тақырып атауларында бір ой қайта-қайта қайталанбауы қажет.

Мәтінді мұқият оқы, ол туралы ойлан, оны аяқталған бөлімдерге бөл.

Жетекші ой бойынша әрбір бөлімге тақырыпша атын қой. Бұлар негізгі пункттер. Олардың реттілігін рим санымен көрсет.

Әрбір бөлімнің негізгі ойын анықтайтын бірнеше тұжырымдарды көрсет. Оның әрбіреуіне тақырып атын қой, оларды араб санымен белгіле.

Өзің жасаған жұмысыңның дұрыстығын тексер. Жоспар жасауға қойылатын талапты естен шығарма.

Оқушылар жаднама талаптары бойынша тақырыпшаның күрделі (толық) жоспарын жасайды. Жұмыс сабақта талданып тексеріледі, түзетулер енгізіледі, баға қойылады.

Үйге тапсырма: §21. «Ертедегі түріктер» тақырыбын оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§ 22. Көне түркі жазуы

Сабақтың мақсаты: ертедегі түркі жазуы қалай пайда болғаны, қандай ескерткіштер сақталғаны, «Күлтегін», «Білге», «Тоныкөк» ескерткіштерімен таныстыру. Ертедегі түркі тайпаларының ерлік күрестерін нақты мысалдар арқылы суреттеу. Оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуге септігін тигізу. Оқушылардың тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстыра білу дағдыларын дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Көне түрік жазуы.
2. Күлтегін.
3. Тоныкөк.
4. Білге.

Оқушыларға ойланып жауап беру үшін тапсырма беріледі. Тақтада не плакатта жазылған мынадай сөйлемдерге оқушылар назары аударылады.

Жазу дегеніміз не? Ол не үшін қажет? Ертеде адамдар қалай және неге жазған? Оларда не туралы баяндалған?

Оқушылар жауаптары талданып толықтырылған соң, мұғалім көне түркі «руна» жазуының пайда болуы мен Білге, Күлтегін, Тоныкөк сияқты қолбасшылардың өмірі мен қызметі жайлы әсерлі әңгімелейді.

Қосымша материал:

«Тоныкөк (шамамен 646–731) – Түрік қағанатының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, бас қолбасшы, ойшыл, ақын. 683 жылы Шығыс Түрік қағанатының бірінші қағаны Құтлықпен бірге Тоныкөк Түрік қағандығын

құру үшін қытайларға қарсы жорықтарға қатысқан. Құтлық сыртқы жауларға қарсы 47 жорық жасап, 20 шайқасты өзі басқарып жеңіске жеткен. Құтлық – өз аты, ал «Елтеріс Білге қаған», яғни «Елінің басын қосқан білгір данышпан» деген аса жоғары лауазымы. Тоныкөк осы Құтлықтың серігі, бас қолбасшы болған. Ол өлген соң орнында қалған Құтлықтың ұлдары Білге және Күлтегінмен бірге Тоныкөк түркештер тайпасы мен қытайларға қарсы жорықтарға қатысып, оларға ақыл-кеңес беріп отырған. Тоныкөк түркілердің жауынгерлік даңқын әлемге танытқан батыр қолбасшы. Ол түркі әскеріндегі ең жоғарғы мәртебе – Апа Тархан, яғни «түрік әскерінің саяси жетекшісі» деген лауазымға ие болған.

Кемеңгер ойшыл Тоныкөк көрші елдермен, тайпалармен, түркеш және қытайлармен достық қарым-қатынаста болу керек деп санаған. Ол қытайлармен келіссөздер жүргізіп, өзінің ақылгөй даналығын көрсете білген.

Олардың қабірі басына орнатылған тастарда түркі елінің қуанышын, ерлігі мен елдігі жолындағы ерлердің еңбегін қашап жазып, мәңгілік мұра етіп қалдырған.

Күлтегін (684–731) – әскери қайраткер, бас қолбасшы, атақты батыр. Шығыс Түрік қағанатының бірінші қағаны Құтлық қағанның кіші баласы. Түрік қағанатының атақты билеушісі Білге қаған Күлтегіннің ағасы, оның басына қойылған ескерткіш тасқа мынадай сөздер ойып жазған: «Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды... Он жаста інім Күлтегін ер атанды. Он алты жасында ағам қағанның ел-жұртын соншама меңгерді. Алты баулы Соғдаққа қарсы соғысып, талқандадық. Табғаш Оң тұтықтың елу мың әскері келді... Күлтегін жауға жаяу ұмтылды. Оң тұтық басшыларын жарақты нөкерлерімен қолға түсірді...»

Түркі еліне қарсы шыққан шапқыншылармен Күлтегін ерлікпен күресіп, оның атын естіген жау қорқатын дәрежеге жетті. Күлтегін түрік мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы болды.

Ел билеген Қапаған қаған кезінде дана Тоныкөк пен ағасы Білге ел басқарудан аластатылып, ағайынды тайпалар арасында алауыздық күшейіп тұрғанын көрген Күлтегін батыр: «Біз не үшін күрестік? Мемлекетіміздің құрып бара жатқанын көру үшін бе?» – деп қағанның жүргізіп отырған теріс саясатына қиналады.

Қапаған қаған өзі бастаған дау мен қақтығыстардан қайтыс болғаннан кейін мұрагерлер таққа талас бастап, түркі тайпалары ыдырай бастайды.

Күлтегін елдің бірлігін ойлап, өзінің сенімді жасақтары мен батырларының көмегімен Қапаған қағанның мұрагерлерін жойып жібереді.

Ол 716 жылы Қапаған қайтыс болған соң, бүкіл түрік мемлекетінің әскерін басқарған.

Елдің сый-құрметіне бөленген Күлтегін – әскербасы, Білге – қаған, Тоныкөк – кеңесші болып тұрған 15 жыл қағанаттың ең гүлденген, мерейі тасыған кезеңі болған.

Күлтегін, Білге, Тоныкөк тізе қосып бірлесіп, іргесі мықты түркі мемлекетін күшейтеу мақсатында көптеген жорықтарға қатысып, жеңіске жетіп отырған. Осы шайқастарда Күлтегін өзін тамаша қолбасшы, батыр ретінде көрсете білді.

«Күлтегін» жырының авторы сол кезде өмір сүрген атақты ақын Иолығ Тегін болатын. «Күлтегін» жыры біздің бабаларымыздың жауынгерлік данқын, елдің бірлігін паш еткен тамаша шығарма.

731 жылы Күлтегін 47 жасында қайтыс болғанда Түрік қағандығы орны толмас қайғыға ұшырады. Күлтегін батырмен қоштасуға қытай, табғаш, түркеш, қырғыз және басқа мемлекеттердің әміршілері келді.

Күлтегінге – екінші Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, әйгілі батыр, әскери өнердің шебері – түркі халқының бірлігін сақтау, оны нығайту үшін қол бастаған қаһарман әскербасына бүгінгі ұрпақ тағзым етеді.

Білге қаған (681–734) – Шығыс Түрік қағанатының қағаны.

Білге – әйгілі түрік батыры Күлтегіннің ағасы. Түрік қағанатын күшті мемлекетке айналдырып, елінде бейбіт өмір орнату үшін Білге Күлтегінді әскербасы, ақылгөй батыр Тоныкөкті мемлекеттік кеңесші етіп тағайындады.

716 жылы Қапаған тайпалар арасында болған соғыстан қайтыс болған соң, Білге Шығыс Түрік қағанатының қағаны болды. Ол сол кездегі жоғарғы дәреже – «Білге қаған» мәртебесіне ие болды.

Түрік қағанатының күшейгенін қаламаған Қытай Білгенің бейбіт келіссөз жөніндегі ұсынысын қабылдамайды. 714 жылы тибеттіктер Қытайға қарсы шабуыл жасағандықтан, Қытай Түрік еліне соғыс аша алмайды. Білге қаған Тоныкөк, Күлтегінмен бірлесе отырып, сыртқы шапқыншыларға қарсы шабуылдар ұйымдастырып, жеңіске жетеді.

Сөйтіп, түрік әскері мықты күш болып, Шығыс Түрік қағанатының аумағы кеңейіп, іргесі берік те қуатты мемлекетке айналады.

Ақылды да қайратты Білге, Күлтегін, Тоныкөк түрік еліне бейбіт өмір орнатуға ұмтылды. Білге қаған тұсында 20 жыл шамасында Қытаймен екі ел арасында бейбіт өмір қалпына келтірілді.

Білге, Құтлық, Күлтегін, Тоныкөк қағандар және басқа батырлар мен даналардың елдің бірлігі, оны қорғау жолындағы ерлік істері – Білге қаған ескерткіштерінде жазылған.

Оқушылар үш топқа бөлініп, оқулық мәтінімен таныса отырып, оқулықта берілген кестені әрқайсысы өздігінше толтырады. Содан кейін

«тарихи қайраткерлермен әңгімелесу» деген тақырыпта рөлдік ойын өткізіледі. Мұғалім қысқа және түсінікті тілмен оқушылардың назарын қатысушылардың актерлік шеберлігінен гөрі сахнада не болып жатқанына аудартқан жөн. Тарихи қайраткерлер: Күлтегін, Тоныкөк, Білге. Үш топтан өз қалауы бойынша үш бала шығады. Әрқайсысы осы тарихи қайраткерлердің атынан сөйлейді. Өз әңгімелерінде қандай тарихи оқиғаларға қатысқанын, қандай мәселелерді шешуде куәгер болғанын айтып, қайраткердің өмірі мен қызметіне сипаттама береді. Ойынға араласпаған оқушылар бақылаушы болып, рөлдік ойынға қатысушыларға нұсқау береді. Мұғалім тапсырманы оқушыларға дауыстап оқып, түсіндіреді. Дайындалуға 5 минут уақыт беріледі.

Күлтегінге сұрақ:

1. Күлтегін қалай Түрік қағанатының бас әскери қолбасшысы болды?
2. Ол мемлекетті нығайту үшін қандай әрекеттер жасады?
3. Күлтегін ескерткішінде не туралы жырланған?

Тоныкөкке сұрақ:

1. Тоныкөк жас кезінде қайда білім-тәрбие алды?
2. Тоныкөкті халық неліктен ақылгөй, дана деп есептеген?
3. Ол қандай істерімен тарихта қалды?

Білге қағанға сұрақ:

1. Білге қағанды елі неліктен жақсы көріп, сыйлады?
2. Ол бар күш-жігерін қандай мақсатқа жету үшін жұмсады?
3. Білге қаған жазбалары қай жерден табылды?

Рөлдік ойыннан кейін талқылау өткізіледі. Оқушылар мынадай тапсырмаға жауап дайындайды: Күлтегін, Білге, Тоныкөк ескерткішіндегі жазулар кімге арналған? Осы ескерткіштерді сақтаудың қажеті не? Ертедегі түркі жазуының қазіргі жас ұрпақ үшін маңызы қандай?

Содан кейін оқушылар «Білімпаздар үшін» мәтінін оқып танысады.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §22. «Көне түркі жазуы» тақырыбын оқып танысу және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§ 23. Ұлы Жібек жолы

Сабақтың мақсаты: «Ұлы Жібек жолы» дегеніміз қандай жол, оның маңызы қандай болған, осы жол арқылы қандай мемлекеттер арасында сауда, мәдени байланыстар жасалғаны туралы бейнелі түсінік қалыптастыру. Оқушылардың тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстыра білу біліктерін қалыптастыруға көмектесу. Еңбек адамына деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді пайдалану, оқулықтағы иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Сауда жолдарының пайда болуы.
2. «Ұлы Жібек жолы» – сауда, керуен, елшілік жолы.
3. «Ұлы Жібек жолының» Қазақстан арқылы өтетін бағыттары.
4. Түркістан базарына саяхат.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің сауда жолдарының пайда болуы туралы әсерлі әңгімесі мен оқушылардың карта бойынша жұмысымен ұштастырылады. Электронды оқулық не бейнефильмнен үзінді келтіріледі.

Оқушылар төрт топқа бөлініп, оқулықпен өздігінше жұмыс жасайды. Бірінші топ оқушылары «Ұлы Жібек жолы» – сауда, керуен, елшілік жолы» деген мәтінмен танысып, карта бойынша жұмыс жүргізеді. Бірінші топтың оқушылары оқулық мәтініндегі сұрақ-тапсырмаларға негіздеп әңгіме құрастырады.

Екінші топ оқушылары «Ұлы Жібек жолының Қазақстан арқылы өтетін бағыттары» атты тақырыпшамен танысып, картамен жұмыс жүргізеді. Оқулықтағы кестелер пайдаланылады. Осы тақырыпшаның күрделі жоспары жасалады. Өткен сабақтарда пайдаланылған жаднама тақтаға ілініп, оқушылар соның негізінде тақырыпшаның жоспарын дайындайды.

Оқушылар жоспары төмендегідей болуы мүмкін.

«Ұлы Жібек жолының Қазақстан арқылы өтетін бағыттары» тақырыпшасының жоспары:


1. «Ұлы Жібек жолының» Қазақстан арқылы өтетін тармақтары.
2. «Ұлы Жібек жолының» елшілік, сауда қызметі.
3. «Ұлы Жібек жолы» арқылы Қазақстанға әкелінген тауарлар.
4. Қазақстаннан осы жол арқылы басқа елдерге тасылған тауарлар.
5. «Ұлы Жібек жолы» – Қазақстанды басқа мемлекеттермен байланыстыратын достық жолы.

6. «Ұлы Жібек жолының» Қазақстан аумағында бой көтерген қалалар.
7. «Ұлы Жібек жолының» маңызы.

Үшінші топ оқушылары «Түркістан базарына саяхат» атты мәтінмен танысып, картамен, иллюстрациялық материалдармен жұмыс жасайды. Бар болса, электронды оқулықтан үзінді көрсетіледі. Оқушылар «ойша Түркістанға саяхат» жасайды. Түркістанда тұратын қолөнерші не саудагер атынан сөйлеп, әңгіме құрастырады. Әңгімеде оқулықта берілген сұрақтарға жауап беріледі.

Төртінші топ оқушылары «Білімпаздар үшін» деп аталатын қосымша материалмен танысып, мәтінді талдап, мағынасын түсіндіреді.

Содан кейін барлық оқушылар өздігінше кесте толтырады. Әрбір оқушы бұл тапсырманы дәптеріне жазады. «Ұлы Жібек жолы» тақырыбы бойынша қандай жаңалық білдіңдер?» атты кестедегі әрбір бос орынды толтырыңдар.



Сабак соңында жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады, оқушылар білімі бағаланады.

Үйге тапсырма: §23. «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын оқу және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

§ 24. Әбу Насыр әл-Фараби

Сабақтың мақсаты: оқушыларды ойшыл, дана ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі және қызметімен таныстыру. Тамаша ғалымдардың өмірі халық игілігі жолындағы ерлік екендігін түсіндіру. Ғалымдардың, өнер адамдарының өмірін өнеге етіп көрсету арқылы оқушылардың бойында ғылым мен еңбек адамдарына деген құрмет, білім алуға құштарлық, халық үшін адал еңбек ету сезімдерін қалыптастыру қажет. Тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметін бағалау біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бар болса, электронды оқулықтан үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау §23 тақырыбының сұрақтары мен тапсырмалары және жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Сабак басталысымен электронды оқулықтан не бейнефильмнен Әбу Насыр әл-Фараби туралы үзінді көрсетіледі. Үзінді көрсетіліп болған соң, оқушыларға сұрақ қойылады.

Ойланып жауап беріңдер. Неліктен Әбу Насыр әл-Фарабиді ойшыл, дана ғалым деп құрметтейді? Оның өмірінен сендер қандай үлгі алдыңдар? Ол тарихқа қандай қызметімен өшпес із қалдырды?

Оқушылар жауаптары тыңдалып, толықтырылады.

Содан кейін мұғалімнің басшылығымен оқушылар ұжымдасып оқулық мәтінін өздігінше оқиды. Мұғалім алдын ала тақтаға не плакатқа қағазға жазған жоспар сабақ кезіндегі барлық жұмыстың негізі болып табылады.

Жоспар:

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің балалық шағы мен оқудағы ізденістері.
2. Білімге құштарлығы.
3. Білім-ғылым іздеп Бағдатқа, Дамаскіге, Каирге баруы.
4. Шамдағы (Дамаскі) өмірі, еңбек етуі.
5. Әбу Насырдың еңбектері.
6. Әбу Насыр әл-Фарабидің ғалымдығы. Оның ғылыми жаңалықтары.
7. Әбу Насыр әл-Фарабидің қосымша өнерлері.
8. Біз ғалымдарды, өнер адамдарын неліктен есте сақтаймыз және құрметтеп бағалаймыз?

Оқушылар бейнефильмнен көрген-білгендерін, оқулық мәтініндегі материалдар мен сабақтан тыс алған білімдерін пайдалана отырып, әл-Фарабиге жоспар бойынша жан-жақты сипаттама береді. Оның өмірі мен қызметін бағалайды.

Содан кейін оқушылар оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындайды.

Мұғалім әңгімені қорытындылайды: «Бұл тамаша ғалымдардың, өнер, мәдениет саласындағы адамдардың ғылымдағы жаңалық ашулары, олардың ғылым мен өнердің дамуына қосқан үлесі баға жеткісіз. Ғалымдардың маңызды еңбектерінсіз бүгінгі қол жеткізген жетістіктер жасалмаған болар еді.

Бүгінгі күнде ғалымдар адамзатты таң қалдыратын үлкен жаңалықтар ашып, табыстарға жетіп жатыр. Қазір адам ғарышқа жердің бір шетіне барып-қайтқандай-ақ сапар шегіп, ерліктің үлгісін көрсетуде. Ғылым адамдары, еңбек адамдары әрқашанда жас ұрпақтарға үлгі-өнеге, әрі сый-құрметке лайық.

Үйге тапсырма: §24. «Әбу Насыр әл-Фараби» тақырыбы және оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша дайындалып келу.

§ 25. Қазақстанның ортағасырлық қалалары

Сабақтың мақсаты: қалалардың қалай пайда болғаны, өзіндік ерекшеліктерін оқушылар жасына сай жеткізу. Халықтың еңбегімен және шеберлігімен тамаша қалалар мен мәдени-тарихи ескерткіштер, өнер туындылары жасалды. Сабақ материалы оқушыларда материалдық және рухани құндылықтарды жасаушы халықтың еңбегін қастерлеу сезімін

тәрбиелеуге көмектесуі қажет. Тарихи-мәдени ескерткіштердің құндылығын бағалай білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтан, бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ортағасырлық қалалар.

2. Қалалар қолөнер мен сауда және мәдени орталығы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің әңгімесінен басталады. Әңгіменің мазмұнында ортағасырлық қалалар Қазақстан аумағында қалай пайда болғаны, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың ерекшелігі туралы мәтінді оқушыларға көкейге қонымды түрде ашып көрсету керек.

Электронды оқулықтан не бейнефильмнен ортағасырлық қалалар бейнеленген және сипатталған үзінділер көрсетіледі.

Тақтаға қалалар салынған иллюстрациялық материал ілінеді. Бейнефильмдегі және иллюстрациялық материалдағы суреттер қаралып, салыстырылады. Әңгімелесуге арналған сұрақтар:

VI және IX–XII ғасырлардағы қалалардың қазіргі қалалардан қандай ерекшеліктері болды?

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қалалар қалай дамыды?

Қала құрылысында IX–XIII ғасырларда қандай жаңалықтар болды?

«Қала – қолөнер, сауда және мәдени орталығы болды» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?

Ортағасырлық қалалардан біздің заманымызға дейін сақталған ғимараттарды, тарихи-мәдени ескерткіштерді атаңдар. Олар туралы не білесіңдер?

Содан кейін он шақты оқушы (кезектесіп, әр абзац бойынша) оқулық мәтінін дауыстап оқиды, ондағы негізгі ойды өздігінше айтып береді.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §25. «Қазақстанның ортағасырлық қалалары» деген әңгімені оқуға және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

«Ортағасырлық қалалар» сабағын өткізудің екінші нұсқасы

Сабақтың мақсаты: Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға жалпы сипаттама беру арқылы Отырар, Сауран, Йасы, Сығанақ сияқты қалалардың пайда болуын, өркендеп дамуын және құлдырауын ашып

көрсету. Оқушыларда қолөнершілер, іскерлер, құрылысшылар және еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи-мәдени ескерткіштерді білу және бағалау біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, иллюстрациялық материалдар, бейнефильмнен үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар негізінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Отырар.
2. Сауран.
3. Йасы.
4. Сығанақ.

Жаңа материалды оқып-үйренуді бірнеше нұсқада жүргізуге болады. Бірінші нұсқа бейнефильмнен Қазақстандағы ортағасырлық қалалар, тарихи-мәдени ескерткіштерді көру, оны талдау және карта бойынша жұмыспен ұштастырылады. Екінші нұсқа – аталған қалаларға «ойша саяхат» өткізу, оқушылармен жұп болып жұмыс жасауға негізделуі мүмкін.

Бірінші нұсқаны қарастырайық.

Бейнефильм немесе иллюстрациялық материалда бейнеленген қалалар және бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи-мәдени ескерткіштерден үзінді келтіріледі.

Сынып оқушылары бес топқа бөлінеді. Бірінші топтың оқушылары төмендегідей тапсырманы орындайды: бейнефильмнен немесе иллюстрациялық материалдан қалалар туралы көрген-білгендерін естеріне түсіреді. Оқулық мәтінінен «Отырар» тақырыпшасын оқып танысады. Өздері X–XII ғасырлар аралығында Отырар қаласында саяхат жасап жүрмін деп көздеріне елестетеді. Өздерінің осы саяхаттан алған әсерлері туралы қысқаша әңгіме жаздыру. Мына жоспар бойынша әңгіме дайындатуға болады:

1. Отырар – көне тарихы бар қала.
2. Отырар қаласының басқа қалалардан ерекшелігі қандай?
3. Шахристан, цитадель, рабат дегеніміз не?
4. Отырар атауының шығу тарихы.
5. Отырар – ғылыми-мәдени орталық.
6. Отырарда жүргізілген қазба жұмыстары.

Екінші топтағы оқушылар «Сауран» тақырыпшасын оқулықтан оқып танысады. Содан кейін «Сауран қаласы тұрғыны өмірінің бір күні» деген тақырыпта қысқаша эссе дайындайды.

Жоспары:

1. Сауран – қандай қала?

2. Сауран қай жерде орналасқан?
3. Сауран қаласы қалай салынған?
4. Сауранда жер асты каналдары қалай және не үшін пайдаланылған?
5. Сауран қаласы тұрғындарының кәсібі, тұрмысы, еңбегін суреттеңдер.

6. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Сауранда қандай зерттеулер жүргізіліп жатыр?

Үшінші топ оқушылары Йасы қаласы туралы оқулық мәтінімен танысып, бейнефильмнен және иллюстрациялық материалдан алған білімдерді пайдалана отырып, «Йасы саудагері» атты тақырыпта саудагердің тіршілігі туралы ойын дайындайды.

Жоспар:

1. Саудагер қалада қандай ғимаратты көреді?
2. Саудагер кімдермен не туралы сөйлесті?
3. Саудагер шет елден келген саяхатшыға «Қожа Ахмет Йасауи» кесенесі туралы не айтуы мүмкін?
4. Кесене қайда орналасқан?
5. Кесенені суреттеңдер. Ғимаратта сендерге әсіресе не жақсы әсер қалдырды?
6. Кесенені қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу не үшін қажет?
7. Саудагер қандай заттар сатып алып, қандай бұйымдар сатып жатыр деп ойлайсыңдар?

Төртінші топ оқушылары «Сығанақ» тақырыпшасымен танысып, иллюстрациялық материалды талдайды. Сығанақ қаласында тұратын баладан интервью алуға дайындалады. Интервью жоспары:

1. Сығанақ қаласы туралы алғашқы деректер.
2. Сығанақ қаласы тұрғындарының өмірі.
3. Қала тұрғындарының киімі, ішетін тамағы.
4. Сол замандағы адамдармен сендер не туралы сөйлесер едіңдер?
5. Қандай тарихи оқиғаның куәгері болдыңдар? Ол қандай оқиға? Қандай әсер алдыңдар?

Оқушылардың жауаптарын бағалағанда оның логикалық жағы, әңгіменің әсерлілігі, айқындылығы, тарихи қайраткерлерді, құбылыстарды және оқиғаларды дұрыс талдай білуі ескерілуі қажет. Осы жұмыстың негізінде оқушылар өздігінше кесте толтырады. «Қазақстандағы ортағасырлық қалалар» атты кестені толтырыңдар.

Кесте: Қазақстандағы ортағасырлық қалалар

№	Қалалар	Қай жерде орналасқан?	Бүгінгі күнге дейін сақталған қала	Қалада қандай тарихи-мәдени ескерткіш сақталған
1.	Отырар			
2.	Сауран			
3.	Йасы			
4.	Сығанак			

Сабақ соңында: «Қазақстандағы ортағасырлық қалалар сендерге қандай әсер қалдырды? Ол қалалар саған несімен ұнады? Несі ұнамады?» деген сауалдарға оқушылар жауап береді.

Үйге тапсырма: §25. «Қазақстанның ортағасырлық қалалары» әңгімесі және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§ 26. Моңғол шапқыншылығы

Сабақтың мақсаты: моңғолдардың өмірі мен тұрмысы, Шыңғысханның шапқыншылық жорықтары мен зардаптары туралы түсіндіру. Отырар қаласын қорғаушылардың ерлігін ашып көрсету. Оқушылардың патриотизм, елжандылық сезімдерін тәрбиелеуге септігін тигізу. Тарихи оқиғаларды оқушылардың дұрыс бағалай білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтан үзінділер.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Моңғол шапқыншылығы қарсаңындағы қазақ ұлыстары.
2. Моңғол тайпаларының өмірі мен тұрмысы.
3. Шыңғысхан.
4. Шапқыншылық.
5. Отырарды қаһармандықпен қорғау.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмесі не карта бойынша жұмыспен ұштастырылады.

Қосымша материал:

Мұғалім моңғол тайпаларының өмірі мен тұрмысы туралы баяндайды. I. Есенберлиннің «Көшпенділер» еңбегінен мынадай үзіндіні оқушыларға оқып береді: «Шыңғыстан... әкесінен өсиет естігісі келген үлкен ұлы Жошы: «Ұлы мәртебелі Әлем әміршісі, хан қандай болуы керек?» – деп сұрапты.

Шыңғыс: «Хан халқының көңілін табу үшін тақымды болуы керек», – деп жауап беріпті.

Шыңғыстың екінші баласы Жағатай: «Ханды қайткенде халқы сыйлайды?» – деп сұрапты. Шыңғысхан: «Халқың сыйласын десең, тағынан түспе», – деп жауап беріпті.

Шыңғыстың үшінші баласы Үгедей: «Хан қайткенде тағынан түспейді?» – деп сұрапты. Шыңғысхан: «Маңына өзінен ақылы төмен, бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе, сол хан тағында ұзақ отырады», – деп жауап беріпті.

Шыңғыстың төртінші баласы Төле: «Қандай хан абыройлы болады?» – деп сұрапты. Шыңғысхан: «Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алар хан әрқашанда абыройлы болады», – деп жауап беріпті.

Мұғалім бір ғана емес, бірнеше деректерден үзінділер пайдалана алады. Мұндай жағдайда біреуін өзі дауыстап оқып берсе, қалғандарымен оқушылармен топ болып жұмыс ұйымдастырады.

Оқулық мәтініндегі сұрақтар мен тапсырмалар бойынша талдау жасалады.

Рөлдік ойын өткізіледі. Оқушылар төрт топқа бөлініп, тапсырма алады. Бірінші топ оқушылары «Шыңғысхан» мәтінімен танысып, жоғарыда пайдаланылған жаднама негізінде тарихи қайраткерге сипаттама береді. Бұл топтың оқушыларының бір-екеуі Шыңғысхан туралы әңгімелейді. Шыңғысхан болып, оның қандай болғаны, қандай тарихи оқиғаларға қатысқаны туралы суреттейді. Бұл топтың оқушыларына басқа оқушылар төмендегідей сұрақтар қоюы мүмкін:

1. Шыңғысхан қандай адам?
2. Шыңғысхан жорықтарының мақсаты қандай болды?
3. Ол неліктен жорықтарда жеңіске жететініне сенімді болды?
4. Шыңғысхан жаулап алған елдерге, адамдарға қандай ауыртпашылықтар пен зардаптар әкелді?

Екінші топ оқушылары «Отырарды қаһармандықпен қорғау» мәтінімен танысады. Бір оқушы Қайырхан, екіншісі Қараша, үшіншісі Шыңғысхан болып рөлге бөлініп, сөйлейді. Әрқайсысы тақтаға шығып, өз рөлдерін орындайды. Ал қалған осы топтағы балалар қала тұрғындары рөлдерін орындайды, сөз сөйлейді.

Басқа топ оқушыларының Қайырханға қойған сұрақтары:

1. Отырар қаласы қандай бекіністі қамал болып салынған?
2. Отырарды қорғау үшін қандай дайындық жұмыстары жүргізілді?
3. Қала тұрғындары қандай ерліктің үлгісін көрсетті?

Қарашаға сұрақ:

1. Қараша неліктен Отырарға опасыздық жасады?
2. Отанын, елін, жерін сатқан опасыздың өмірі немен аяқталды?

Үшінші топ оқушылары Шыңғысханның, оның балалары мен немерелерінің (ұрпақтарының) жорықтары, шапқыншылық зардаптары мен ықпалы туралы материалдармен танысады. Құжаттар мен қосымша материалға берілген тапсырмалар көлемінде жауап беруге дайындалады.

Үшінші топ оқушыларына басқа топ балаларының сауалдары:

1. Шыңғысханның шапқыншылық жорықтарына сипаттама беріңдер.

2. Шыңғысхан шапқыншылығына қатысушы (ноян, нөкер, сұлтан) атынан жорық жайлы әңгімелеп беріңдер.

3. Шыңғысханның замандастары осы кезең туралы не айтуы мүмкін?

Оқушылар назары тақтаға аударылады. Оқушыларға өздігінше картаны, оқулықты пайдаланып, кесте толтыру тапсырылады.

Кесте: **XIII ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан мен моңғолдар**

Сипатты белгілер	Қазақстан	Моңғолдар
1. Орналасқан жері 2. Негізгі тарихи оқиғалар 3. Баспанасы, киімі, тамағы 4. Негізгі шаруашылығы 5. Ішкі саясаты 6. Сыртқы саясаты 7. Қорытынды		

Оқушыларға екі елді салыстыру арқылы олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктерін дамытуға мүмкіндік беріледі. Оқушылардың (өз қалауы бойынша) дұрыс жауаптары тақтаға жазылады. Оқушылар кестені дәптерлеріне толтырады.

Сабақ соңында оқушылармен тарихи даталар бойынша диктант өткізген маңызды.

Тарихи даталар бойынша диктант:

1. Шыңғысханның билік құрған уақыты.

2. Шыңғысханның Жетісуды басып алуы.

3. Моңғолдардың Отырарды қиратуы.

4. Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны басып алуы.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: «Моңғол шапқыншылығы» атты әңгімемен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындау. Оқушыларға «Менің отбасымның тарихы – халқымның тарихы», «Менің жеті ата-бабамның тарихы» деген тақырыпта өздігінше жазба жұмысын жазып келу, сонымен қатар §26-ты оқып келу тапсырылады.

§27. Қазақ халқының қалыптасуы

Сабақтың мақсаты: қазақ халқының қалыптасуы туралы мәселені оқушылардың көңіліне қонымды түрде ашып көрсету. Оқушылардың оқулық және қосымша материалдарды түсіну негізінде тарихи оқиғаларға сипаттама беру біліктерін дамыту. Отбасын, халқын құрметтеу сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, кестелер.

Оқып-үйренген материалдарды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмаларға негізделіп өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Менің отбасымның тарихы – халқымның тарихы.
2. Қазақ халқының қалыптасуы.
3. «Қазақ» атауының шығуы.
4. Қазақ жүздері.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың «Менің жеті атамның тарихы» деген тақырыпта жазып келген жазба жұмыстарын тыңдаудан басталады. Сабақта барлық оқушылардың жазба жұмыстарын тыңдау мүмкін болмағандықтан, қалғандарының дәптерлерін сабақ соңында жинап алып, тексеріп, келесі сабақта баға қою қажет.

Тақтаға: «Жеті ата – менің әулетім» деген кесте ілінеді не кадаскоп арқылы көрсетіледі. Оқушылар жауаптарында осы кестедегі мәліметтерді пайдаланып әңгімелейді. Оқушылар өз әулеттері жайлы әртүрлі жаңа әрі қызықты мәліметтер айтады. Сондықтан мұғалім оқушылардың осы сезімдерін одан әрі дамыта түсуге көңіл аударып, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп отырғаны жөн.

«Қазақ халқының қалыптасуы» тақырыбы оқушылардың меңгеруіне қиындық келтіретін тақырып әрі күрделі проблемалардың бірі болғандықтан, мұғалімнің түсіндірмесі оқушылардың оқулық мәтінінен қажеттісін іріктеп оқуға, талдауға негізделеді. Жаңа сөздер: *халық, этнос, ру, тайпа, тайпа одақтары* сияқты терминдердің анықтамасы түсіндіріліп, дәптерлеріне мәні жазылады.

Оқулықта берілген сұрақтарды оқушылар оқып, оған жауапты оқулық мәтінінен өздігінше тауып оқып береді. Мұғалім әр жаңа сөзді түсіндіреді, сөйлемдерді көңілге қонымды түрде баяндап, оқушылар жауаптарын толықтырып отырады.

Пікірсайыс өткізіледі. Әр топқа 5 минут уақыт беріледі.

Оқушылар төрт топқа бөлініп, оқулық мәтінімен, «Білімпаздар үшін» материалымен танысып, ондағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындайды.

Бірінші топ «Қазақ» атауының шығуы, екінші топ «Қазақ жүздері», үшінші топ «Қазақ» терминінің шығуына байланысты ғалымдардың пікірі, төртінші топ «Қазақ жүздері» туралы түрлі пікірлермен танысып, пікірсайыс өткізеді.

Пікірсайыс тиімді өту үшін, оны өткізу ережесімен оқушыларды таныстыру қажет.

«Бізге қажетті әрі маңызды ережелер»:

1. Ережелерді оқып шығындар.
2. Жұмыс жақсы жүру үшін ережелерді естен шығармай, орындап отыру қажет. Белгіленген уақыт ішінде сөйлеп үлгеру керек.
3. Әр оқушы кезекпен сөйлеуі қажет.
4. Әркім өз пікірін, ойын еркін айтуға, нақты, дәлелді, қызықты баяндауға тырысуы қажет.
5. Біреу сөйлеп тұрғанда, оның жауабын мұқият тыңдау қажет.
6. Басқа оқушының сөзін бөлмей тыңда.
7. Ол пікірмен келіссең, келісетініңді білдір, ал келіспесең, неліктен келіспейтініңді тиянақты және түсінікті, асықпай түсіндіріп дәлелде (2–3 дәлел келтіріңдер).

Бұл тақырып күрделі болғандықтан, әр топтағы оқушылардың пікірлері жеке-жеке сұралады. Жауап алынғаннан кейін басқа пікірлер бар ма деген сауал қойған орынды. Қысқа әрі қарапайым сұрақтардан гөрі оқушыларға «ал егер», «неге», «қалай», «ойлан» деген сұрақтар қойған орынды. Жекелеген топтар жауаптарын айтқанда, мәселен, бірінші топ оқушылары толыққанды жауап дайындап, ойын жеткізе білсе, онда қалғандары айтылмаған, ерекше мәнді ойларды не пікірлерді ғана айтуы тиіс. Айтылғанды қайталамауы қажет. Әр түрлі пікірлерді тыңдап үйренуі тиіс. Мұғалім жақсы және тез жазатын оқушының бір-екеуіне оқушылар айтқан тың пікірлерді тақтаға жазып отыруды тапсырады. Оқушылар жауаптарын тақтаға жазу олардың әрқайсысының көзқарасын білуге (ерекшелігін, ортақтығын), нәтиже жасауға, қорытындыға келуге, қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Ол үшін әр сабақта ақпарат жазып отыруға бір оқушыны хатшы етіп сайлаған дұрыс. Ол сізге көмекші болады. Өзіңіз қорытынды жасамай, оның орнына «Неге?», «Неге олай ойлайсың?» деген сұрақтар беру арқылы оқушылардың күрделі материалды түсінуіне көмектесесіз. Осындай сауалдар бойынша оқушыларға бір мәселе бойынша әртүрлі пікір бар екендігін көрсетіп, ойларын өзара талқылауға мүмкіндік беріңіз. Әрқашан тақтадағы «ережелерді» естен шығармау қажеттігін ескертіңіз. Сөйтіп, пікірсайыс барысында оқушылар өз пікірін айтады, оның себептерін түсіндіреді, мысал келтіреді (өз өмір тәжірибесінен), оны дәлелдейді, қорытындылайды.

Күрделі тақырыпты жақсы меңгеру үшін тарихи дата, терминологиялық сөздік бойынша тарихи жаттығулар өткізген тиімді. Оқушылар өз еркінше тапсырма бойынша үш топқа бөлініп, партаға отырады.

Бірінші топ оқушылары блиц-сұраққа (тарихи жаттығу) ауызша жауап беруге дайындалады.

1. Жеті ата дегеніміз не?
2. Қазақ жерін мекендеген ертедегі тайпаларды ата.
3. Түркі тілдес тайпаларға кімдер жатады?
4. Ұлыс дегеніміз не?
5. Қаған деген кім?

Екінші топ оқушылары тарихи даталар бойынша диктантқа ауызша жауап береді:

1. Түрік қағанатының құрылған уақыты?
2. Шыңғысханның әскери мемлекеті құрылған уақыты?
3. Қазақ халқының қалыптасқан уақыты?

Үшінші топ оқушылары терминологиялық диктантқа ауызша жауап қайтарады:

1. Ру дегеніміз ...
2. Тайпа дегеніміз ...
3. Жүз дегеніміз ...
4. Халық дегеніміз ...

Үйге тапсырма: §27. «Қазақ халқының қалыптасуы» әңгімесімен танысу және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§28. Қазақ хандығының құрылуы

Сабақтың мақсаты: Қазақ хандығының құрылуы, қазақ хандары, хандықтағы әлеуметтік топтар туралы оқушыларда бейнелі түсінік қалыптастыру. Оқушылардың тарихи фактілерді, оқиғаларды талқылауға белсенді қатысуы, өз ойын түсінікті жеткізе білу біліктерін дамыту. Елін, жерін қорғаған, Қазақ хандығын құруға, оның гүлденіп дамуына үлес қосқан хандарға, тарихи қайраткерлерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтар, бейнефильмнен үзінді.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақ хандығының құрылуы.
2. Қазақ хандары.
3. Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтар.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің Қазақ хандығының құрылуы туралы түсіндірмелі әңгімесі мен оқушылардың карта бойынша жұмысына негізделіп жүргізіледі.

Сабақта электронды оқулық пайдаланылады және бейнефильмнен «Қазақ хандығы» туралы үзінді келтіріледі. Мұғалім оқушыларды алдын ала рөлмен таныстырып, түсінік нұсқау береді. Дайындалуға 5–7 минут уақыт беріледі.

Оқушылар «Қазақ хандары» туралы рөлдік ойын жүргізеді.

Ол үшін тақтаға «Тарихи қайраткерге сипаттама» деп аталатын (алдыңғы сабақтарда қолданылған) жаднама ілінеді.

Оқушылар Керей, Жәнібек, Қасым, Есім хандар болып рөлдерге бөлінеді.

Жаднама бойынша жауап беру үшін оқулықтағы мәтінмен және «Білімпаздар үшін» материалындағы қосымшалар бойынша дайындалады. Мұнда оқушылардың сол тарихи қайраткердің бейнесін жан-жақты ашып көрсетуіне назар аударылады. Оның осы кейіпкерге деген жеке көзқарасын нақты, дәлелді, логикалық жағынан дұрыс, әсерлі орындауы бағаланады. Рөлдік ойыннан кейін оқушылар өздігінен оқулық пен ондағы қосымша материалдарды пайдаланып, төмендегідей кестені толтырады.

Кесте: Тарихи қайраткерлер

№	Тарихи қайраткердің аты-жөні	Өмір сүрген жылдары	Қандай тарихи оқиғаға қатысты?

«Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтар» тақырыпшасын оқып-үйрену: хан, батыр, баһадүр, бай, төлеңгіт, қарапайым адамдар туралы жазылған мәтіндегі әр абзацты әрбір оқушы дауыстап оқиды. Осы абзац мәтіндегі негізгі ойды тауып, талдау жасалады. Содан кейін тақырып бойынша ауызша терминологиялық диктант өткізіледі:

1. Хан дегеніміз кім?
2. Батыр деп кімді айтқан?
3. Бай адам деп кімді айтқан?

4. Қарапайым адамдарға кімдер жатады?

Сабақты пысықтау мақсатында оқушылар оқулық бойынша өздігінше кесте толтырады.

Кесте: **Қазақ хандығына сипаттама**

№	Сұрақтар	Мазмұны, сипаты
1	Аумағы	
2	Хандықтың жағдайы	
3	Қазақ хандары	
4	Қорытынды	

Уақыт қалса «Білімпаздар үшін» материалы оқылады, не үйге беріледі.

Үйге тапсырма: §28. «Қазақ хандығының құрылуы» әңгімесін түсініп оқу және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§29. Қазақ билері

Сабақтың мақсаты: оқушыларды билермен, олардың қызметімен таныстыру, қазақ билерінің халықтың бірлігі мен ынтымағы, тәуелсіздігі жолындағы еңбегін үлгі ретінде ашып көрсету.

Қазақ халқы билерінің өмірі мен қызметін ашып көрсету арқылы оларға деген үлкен құрмет сезімін тәрбиелеу. Тарихи қайраткерлерге сипаттама беру біліктерін одан әрі дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық және бейнефильмнен үзінді, оқулықтағы суреттер.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша талдауға негізделіп жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Билер туралы түсінік.
2. Төле би.
3. Әйтеке би.
4. Қазыбек би.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесіне, оқушылардың бастауыш сыныпта және сабақтан тыс түрлі ақпараттардан алған білімдерін пайдалануға негізделеді.

Мұғалім: «Би дегеніміз кім? Осы сөзді қалай түсінесіңдер?» – деген сұрақ қойып, оған жауап алған соң, билер туралы оқушыларға алғашқы түсінік беріледі.

Содан кейін оқушылардың әрқайсысы электронды оқулықпен (3–5 минут) жұмыс жасайды.

Билер туралы бейнефильмнен үзінді келтіріледі.

Үш бидің асқан көрегендігі мен азаматтығы әр жағынан жарқырап көрінді. Олардың тәуелсіз ел болу жолында жұмсаған қажыр-қайраты жас ұрпаққа үлгі.

Тақтаға жаднама ілінеді. Тарихи қайраткердің өмірі мен қызметін сипаттауға арналған жоспар:

1. Тарихи қайраткер өмір сүрген кезең.
2. Тарихи қайраткердің қызметі.
3. Тарихи қайраткердің ерекше қасиеттері, өзіндік мінез-құлықтары.
4. Тарихи қайраткердің үлгілі өмірі мен қызметі.

Оқушылар төрт топқа бөлініп, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би және «Білімпаздар үшін» материалындағы қосымша бойынша оқулық мәтінімен өздігінше оқып танысады. Содан кейін жаднама негізінде әр топ кезектесіп жауап дайындап, сұрақ-тапсырмаларды талдап, тарихи қайраткерге сипаттама береді. Мұғалім мен бірнеше оқушылардан құрылған сарапшылар тобы тарихи қайраткерлерге берілген сипаттаманы бағалап, қорытынды жасайды.

«Тарихи тұлға» сайысын өткізген де пайдалы. Ол үшін алдымен сарапшы топ (не әділқазылар алқасын) құрамыз. Бұл топ мұғалім мен тарих пәніне деген қызығушылығы жоғары балалардан жиналады. Олар сайыстың соңында әр оқушының жауаптарына жан-жақты сипаттама беріп, қате пікірі болса жөндеп, жұмысқа баға беріп, қорытынды жасайды.

Сыныптағы оқушылар бірнеше (3–4) топқа бөлінеді. Әр топқа алдын ала бір тарихи тұлғаның мінездемесі, не өмірінен алынған үзінді, не оның туындыларынан үзінді беріледі. Әр топтың оқушылары мінездемемен танысады не оның өмір жолынан, не жазған еңбегінен үзіндіні тыңдап, мінездеме кімге берілгенін, орындалған үзінді кімге арналғанын анықтау үшін арнайы уақыт (3–5 минут) бөлінеді. Осы уақыт ішінде әр топтың оқушылары өз тапсырмаларын дайындап, сайысқа түседі.

Сарапшы топ оқушылардың жұмысына баға беріп, қорытындылайды. Сабәк соңында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §29. «Қазақ билері» әңгімесімен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§30. Жеті жарғы

Сабәқтың мақсаты: «Жеті жарғы» – елді басқарудағы құқықтық ережелер туралы, Тәуке хан туралы мәселелерді оқушылардың жасына сай түсіндіру. Әдептілік, тәрбиелілік сияқты түсініктерді ашып көрсету арқылы

құқықты сыйлаушы азамат тәрбиелеуге септігін тигізу. Тарихи фактілерді салыстыра білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бар болса, электронды оқулық.

Оқып-үйренген материалды қайталау §29 сұрақтары мен тапсырмалары көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Тәуке хан.
2. Жеті жарғы.

Жаңа материалды оқып-үйрену электронды оқулық пен оқушылардың өздігінше жасайтын жұмыстарына негізделеді. Мұғалім оқушыларға Тәуке хан, «Жеті жарғы» туралы әсерлі баяндайды. Мұғалімнің әңгімесін тереңдетуге арналған материал:

Қосымша материал:

«Тәуке хан (1626 – 1718) – Қазақ хандығының ханы. Жәңгір ханның ұлы. Оны халық «әз-Тәуке», «адамзаттың данасы» деп атаған. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының бірлік-берекесі күшейе түседі. Тәуке хан уақытша болса да жүздер арасындағы тартыстарды тоқтатып, елде тыныштық орната білді. Тәуке өз заманында даналығымен, әділдігімен барша жұртты өзіне бағындыра білген әмірші болды. Оның билігі қазақтың үш жүзіне тарады. Ол табанды және білімді, елдің тыныс-тіршілігін жақсы білетін, өмір тәжірибесі мол, көреген адам болған. Ол әр түрлі қазақ руларымен байланыс жасауды, дала құқығын жақсы білетін. Тәуке билігі тұсында Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемлекет болатын.

Тәуке хан қазақ-жоңғар қатынастарын жақсы білген дипломат болған. Батырлармен жақсы қарым-қатынаста болған, билерді кеңесші ретінде қасынан шығармаған. Ол жоңғарларға қарсы соғыс қимылының ортасында болып, көзімен көріп, шайқастың қиын жақтарын бәрінен де жақсы білген. Тәуке хан тұсында жоңғарлардың қазақ жерлеріне шапқыншылығы 1711-1712, 1714, 1717-жылдары үздіксіз болып тұрды. Тәуке хан жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырды. Осы кез жоңғарлардың қуаты артып, соғыста басымдылығы анық байқалып жүрген. Сондықтан Тәуке хан қазақ жасақтары мен көптеген руларды құрылымдық жағынан қайта ұйымдастырудың жоспарын ұсынды. Тәуке хан Орта Азия елдерімен қарым-қатынасын жақсартып, сауда келісімін жасауға ұмтылды. Ол Бұхар ханымен тиімді келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар орыс-қазақ қатынастарын жақсартуға, екі ел арасындағы бейбіт қатынасты сақтауға мүдделі болды. Ресей мен Қазақ хандығы арасында елшіліктер алмасып, сауда байланыстары нығайды. Ол көрші мемлекеттермен одақтасып, тыныштық және бейбіт қарым-қатынас

орнатуға тырысты. Сұлтаннар билігін шектеп, үш жүзді сол жүздер үшін жауапты билер арқылы басқару жолымен орталықтандыруға тырысты.

Тәуке хан – елдің беделін арттыру және мемлекеттігін нығайту үшін қажетті шаралар жасады. Кіші жүз бен орта жүздің бірқатар руларының бірлестіктерін құрып, қазақ жауынгерлерінің қорғаныс қабілеттерін күшейтуге тырысты.

Тәуке хан тұсында Хан кеңесі, Билер кеңесі құрылды. Ол басқарып тұрған кезде жыл сайын Түркістан қаласына жақын жерде және Ташкент маңындағы Күлтөбеде үш жүздің басты билері бас қосып, жиын өткізіп тұрған. Үш жүздің атақты билері: Төле, Қазыбек, Әйтекенің қатысуымен жүздер мен рулар арасындағы даулы мәселелер шешілетін. Билер кеңесіне қатардағы билер, батырлар және әскербасылар да жиі шақырылатын. Билер тобы хандықты басқару, заң шығару, сот ісіне араласып, біртіндеп билікке тартылды. Билер кеңесінің шешімі міндетті түрде орындалатын болды».

Сабақта «тарихи оқиға» сайысы өткізіледі.

Оқушылар оқулықпен топ болып жұмыс жасайды. Оқулық мәтінін соңына дейін оқып танысады. Осы мәтін туралы мәлімет даярлау тапсырылады. Осы тақырып туралы білетін мәліметті бір топтың балалары бастайды, содан кейін мұғалім өз қалауымен қай топты көрсетсе, сол топтың оқушылары осы мәселе жайлы мәліметті (не әңгімені) жалғастырады. Оқушылардың зеректігін дамыту үшін мұғалім оқиға туралы айтып тұрған оқушының сөзін кез келген жерінен үзіп, басқа топқа одан әрі жалғастыруды тапсырады. Бұл сайыста оқушылардың жауаптары төмендегідей сапа бойынша бағаланады. Оқушылардың назарында болуы үшін қағазға мынандай мәселелер жазылып көрсетіледі.

Оқушылар жауабының сапасы бағаланады:

- а) мазмұндылығы;
- ә) жүйелілігі;
- б) тарихи нақты фактілерді пайдалануы;
- в) қосымша материал қолдануы;
- г) ойдың жалғасын табуы;
- д) өмірмен байланыстылығы.

Одан кейін оқулықта берілген тапсырманы дауыстап оқиды, ол бойынша жауап дайындайды, талдау өткізіледі. «Білімпаздар үшін» материалындағы «Жеті жарғыдан» үзіндіні оқушылар әр абзацты дауыстап оқып танысады, ондағы негізгі ойды тауып, талдайды. Сабақ соңында §29 әңгімелерінің сұрақтары мен тапсырмаларына талдау жасалады.

Үйге тапсырма: §29. «Жеті жарғы» әңгімесін оқып танысу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§31. Қазақ батырлары

Сабақтың мақсаты: оқушыларда батырлар, олардың қазақ қоғамындағы орны, Жоңғар хандығы, олардың шапқыншылық соғыстары туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. «Отан соғысы», «әділетті соғыс» ұғымдарын қалыптастыруда жұмысты жалғастыру. Оқушылардың отаншылдық сезімдерін тәрбиелеуге көмектесу.

Оқушылардың тарихи оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтан үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы.
2. Жоңғар хандығы.
3. Отан соғысы.
4. Қазақ батырлары.
5. Қанжығалы Бөгенбай.
6. Қаракерей Қабанбай.
7. Құттымбетұлы Наурызбай.
8. Баян батыр.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының сыртқы жағдайы мен Жоңғар хандығы туралы әсерлі әңгімесімен және оқушылардың карта бойынша жұмысымен ұштастырылады.

Электронды оқулықтағы қосымша материал пайдаланылады, не қазақ батырлары туралы бейнефильмнен үзінді, не болмаса иллюстрациялық материал пайдаланылады.

Оқушылар төмендегідей проблемалы тапсырмаға ауызша жауап береді, не оқулық мәтінінен дауыстап оқиды:

1. XVIII ғасырдың I-ширегіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайына сипаттама беріңдер.
2. Неге оқулықта осы кезеңде хандықтағы жағдай аса ауыр болды деп жазылған?
3. Жоңғар хандығы қашан құрылды?
4. Жоңғарлардың қазақ жеріне үздіксіз шабуыл жасап тұруы неліктен?
5. Олар қазақ жеріне шабуыл жасағанда қандай мақсат көздеді?

Оқушылар жауаптары талданып, толықтырылады. «Қазақ батырлары – ел мақтанышы» атты топ бойынша жұмыс жүргізіледі. Оқушылар батырлар портретін жасауға дайындалады. 6 топқа бөлініп жұмыс жасайды. «Отан

соғысы» тақырыпшасын 1-топ оқушылары, «Қазақ батырлары» – екінші топ, «Қанжығалы Бөгенбай» – үшінші топ, «Қаракерей Қабанбай» – төртінші топ, «Құттымбетұлы Наурызбай» – бесінші топ, алтыншы топ Баян батыр туралы оқулық мәтінімен танысады. Әр топтың оқушылары батырлардың портретін жасап, өмірі мен қызметін суреттейді. Сынып алдында әр топтың пікірін білдіретін делегаттар (оқушы) батырларға жан-жақты сипаттама беріп, портретін жасайды. Басқа топтың оқушылары бұл топтың өкіліне, яғни портретті суреттеген оқушыға сұрақ қояды, қосымша қосары болса 2 минут уақыт беруге болады. Оқушы қойылған сұрақтарға жауап береді. Сөйтіп, басқа топтың оқушылары да кезектесіп батырлардың портретін сипаттайды.

Жұмыс соңында қай батырдың портреті жақсы, толық сипатталғанын барлық оқушылар өздері талдап шешеді. Мұғалім оқушылардың түсінбеген сөйлемдерін, терминдерді түсіндіреді. Қандай да бір топ тапсырманы түсінбесе, түсіндіреді. Көмек қажет болса, оларға көмектесуі тиіс.

Оқушылар оқулық соңында берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша сабақта және сабақтан тыс алған білімдерін пайдалана отырып әңгімелейді. Мұғалім әңгімесін Райымбек батыр туралы қосымша материалмен толықтыруына болады:

Қосымша материал:

«Райымбек Түкеұлы – жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен әйгілі батыр.

Өз әкесі Түке, атасы Ханкелді батыр. Райымбек бес жасынан атының басын өзі алып жүрсе, жетіге толғанда асау жылқыны үйретіп міне бастады. Батырдың нағашы атасы Орақты батыр тұқымынан шыққан. Райымбек жеті жасқа толғанда нағашы атасы бір көк тай мен садақ, қылыш, найза, айбалта, сауыт, қалқан сияқты ердің қару-жарағын әкеп береді. Нағашы атасы Ханкелді батырға:

«Менің жиенім он алты жасқа толып жігіт болғанда, көк тайы ат болады. Мен алып келген соғыс құралдарын таза сақтап, өзі ұстауға шамасы келгенде қолына тапсыр», – депті.

Райымбек нағашы атасы берген тайға қуанып, сүт беріп, жеген нанын беріп, жүген салып, үйрете бастайды. Оның тайы жат десе жатып, тұр десе тұрған, аяғын көтер десе көтеріп, түсір десе түсіреді екен. Тайдың атын «Көкөйнақ» деп атайды. Құнан болғанда ағаштан, жардан, тоғаннан қарғу әдісін үйретеді. Райымбек шыбықты жолдың екі жағына қатар шаншып қадап, құнанды солдан оңға, оңнан солға қарай қарғу әдістеріне үйретеді. Ат болғанда суда жүзуді үйретіп, өзі де оған үйренеді. Атын шақырғанда жылқылар арасынан шауып келіп, иығына басын қойып, иіскелеп тұрады екен. Райымбектің көп жылдар бойы үйреткен аты алдынан көлденең

шыққан атты омырауымен қағып түсіріп, ал өзі атқа мініп садақ атқанда қате жібермейтін.

Райымбек 17 жасында қазақ халқын жоңғар басқыншыларынан азат ету жолында жауынгерлік, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетіп, батыр атанды.

«Ақтабан шұбырынды» кезіндегі қазақ халқының қасіретін А.И. Левшин былай деп сипаттайды: «Бұл көшу сөзсіз күйзелу мен қырылуға әкеп соқты. Мал мен табын күн санап азая берді, айырбас сауда тоқтап қалды, қайыршылық пен қасірет-қайғы жалпы жұртты жайлап алды: біреулер аштан өлді, басқа біреулері бала-шағасын тастап қашты. Ақырында, босқындар тоқтады, бірақ қай жерге ғой дейсіз ғой – көшпелі халық үшін аса қолайсыз құлазыған қу медиенге ат басын тіреді».

Ал Я. Гавердовский былай деп жазды: «Қазақтардың есінен осы кезге дейін кетпейтін, асқан зор қасірет әкелген сол дәуір оларды әбден шегіне жеткенше титықтатқан. Орда аңыздарында (естеліктерінде) сол кездегі ержүрек батырлар мен қайғылы оқиғалар осы уақытқа дейін әлі сақталып келеді. Ақ шашты қариялар көбінесе қаза болғандардың мәйіттері жатқан үлкен үйінділерді көрсетіп, бізге: «Бұл арада еркіндікті қорғап, ұрыс алаңында қаза тапқан батырларымыз жерленген. Мына жерде қаракұрттай қаптаған жауыздар қырған тұтас ауылдар жатыр деді».

Жоңғар басқыншыларынан қазақ халқы ауыр тауқымет тартқан. Бұл қасірет халықтың озық ойлы басшыларының ар-намысына тиіп, елде болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізуге мәжбүрледі. Жаудың аптығын басу, шұрайлы кең-байтақ жайылымдарды қайтарып алу, елді жаудан біржолата азат ету, халықтың бұдан ары қырғынға ұшырауына жол бермеу үшін елді біріктіру арқылы жауға тойтарыс беру қажеттігін түсінді. Бұланты, Аңырақай маңындағы шайқастар халықтық сипат алып, қазақ халқының санасындағы бетбұрыс кезең болды. Хандар мен батырлар алауыздықты қою керектігін, елінің тәуелсіздігі мен бостандығы ең басты мәселе екенін түсінді. Халықтың айбынды жеңіске деген сенімі артып, жоңғарларды бірлесе отырып жеңуге болатынын түсінді. Осындай ұрыстардың бірі – «Ойрантөбе» шайқасы Райымбек батырдың батылдығы мен ұйымдастырушылық қабілетін, ерекше күш-жігері бар батыр екенін танытқан ұрыс болды.

Райымбек он жеті жасқа толғанда атасы Ханкелді батыр қалмаққа қарсы жасақ жинап, жойқын шабуылға аттанады. Бұны естіген Райымбек атасы мен ауыл қарияларынан бата алып, жорыққа шыққан сарбаздарға ілеседі. Қазақ жасақтары Іле суының бойына жетіп, одан әрі өте алмай тоқтап қалады. Сол кезде Райымбек жұрттан рұқсат алып, Іленің тасып, күркіреп-сарқырап арнасына сыймай жатқанына қарамай Көкойнак тұлпарымен суға қойып кетіп, өз атын өзі ұрандаған күйі арғы бетке жарып өтеді.

Райымбектің өз атын өзі ұрандап, Іле өзенінің арғы бетіне өтуі көрген жұрттың барлығын таңқалдырыпты. Бұл батыл жауынгердің Ханкелді батырдың немересі Райымбек екенін білген сарбаздар оған: «Бізге басшы бол, ұранымыз «Райымбек» болсын, туымыз «Райымбек туы» болсын! – деп ниет білдіреді.

Райымбек батыр жауға қарсы аттан түспей шайқасқан отыз жылдың соңғы жылында Наурызбай, Бөлек, Өтеген, Малай батырлармен бірге ұрысқа қатысқан. Олар жауларын 1758 жылы қазіргі Сүмбе шекарасынан асыра қуып, Жетісу жерінен ығыстырып, Текестің құйғаны мен Іленің басталар тұсынан Жұлдыз ойпатына шейін ығыстырып тастаған екен.

Райымбек және басқа батырлардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қаһармандық даңқы елде ақиқат пен аңызға, тарихқа айналып, бүгін бізге жетіп отыр.

Сексен жылдай өмір сүрген Райымбек батыр әулиелікпен алдын болжап, келешегін бағамдап, дүние салар алдында:

Елім – Албан,

Жерім – Жетісу.

Жайлауым – Асы,

Қыстауым – Алматының басы, –

деп, сүйегін Алматы қаласының (қазіргі Райымбек кесенесі) аумағына қойындар деп өсиет еткен орынға жерленген. Қазір батыр сүйегі жатқан жерге күмбез орнатылған. «Райымбек қоры» жұмыс істейді. Қытай Халық Республикасындағы Құлжа қаласының көрнекті бір ғимаратының алдына қызыл гранит тастан қаланған биік тұғырға Райымбектің ат үстіндегі мүсіні орнатылған.

Елімізде Райымбек батырдың үш жүз жылдық мерейтойы атап өтілді. Батыр есімімен туған ауданы аталады».

Сабақ соңында жұмыс дәптері бойынша жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §31. «Қазақ батырлары» әңгімесін оқып танысу, оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

§32. Қазақстан және Ресей

Сабақтың мақсаты: Қазақстанның Ресейге қосылуының себептері, барысы және нәтижесі туралы оқушылардың көңіліне қонымы түрде ашып көрсету. Оқушылар бойында елжандылық, жоғары адамгершілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту. Дайындығы жақсы сыныпта «пікірсайыс» өткізуге болады.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтан үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас.
2. Әбілқайыр хан.
3. Қазақстанның Ресейге қосылуы.

Жаңа материалды оқып-үйрену электронды оқулық бойынша (5 минут) оқушылардың әрқайсысының өздігінше жұмысынан басталады.

Мұғалім Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстар және Әбілқайырдың өмірі мен қызметі туралы әңгімелейді.

Қосымша материал:

«Әбілқайыр хан (1693 – 1748) – кіші жүз ханы, қабілетті қолбасшы.

Қазақ-жоңғар соғысында кіші жүз ханының ел басқарушылығы және батылдығымен, айлакерлігімен, шабуылды ұйымдастырушылық қабілетімен даңқы шықты. Елдің азаттығы мен бостандығын қорғау қажеттілігін түсінген үш жүздің өкілдері Ордабасында Әбілқайырдың бас сардар, қолбасшы болуына ұсыныс жасады. Жоңғарлардың жойқын басып кіруінен қазақ жерлерін азат етудегі негізгі шешуші күш – қазақ халқының азаттық күресі болды. 1726 жылдың көктемінде Бұланты өзенінің жағасында біріккен қазақ жасағы Әбілқайыр ханның басшылығымен жоңғарларға ойсырата соққы берді. Бұл жеңіс халықтың әскери, моральдық рухын көтеріп тастады.

Сонымен қатар қазақ-жоңғар соғысы кезінде Әбілқайырдың Қазақстан аумағының шекарасын едәуір кеңейтіп, жауға тойтарыс беруі қолбасшы ретінде ханның мәртебесін арттырды. XVIII ғасырдың 30-жылдарының басында Әбілқайыр хан зор құрметке ие атақты және басшы хан болған. Басқа хандар оның пікірімен және іс-қимылымен белгілі дәрежеде санасатын.

Осы кезде Әбілқайыр кіші жүз бен орта жүздің беделді әрі ықпалды бірқатар батырларын өз жақтасы етіп, өз жағдайын күшейтіп (нығайтып) алды. Қазақстандағы ең беделді хандардың біріне айналды.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың бүтін билікке толық жетуге ұмтылысын бірқатар сұлтандар ұнатпады, қарсылық білдірді, соның ішінде Барақ батыр бастаған қарсыластары: Әбілқайыр үш жүзді түгел билейтін ұлы хан болғысы келеді, оған жол бермейміз деп қатты қарсылық көрсетті, қолдамады. Әбілқайыр хан туралы Ресей патшасының елшісі А. И. Тевкелев: «Өзі бәрін билегісі және балаларын өзіне мұрагер еткісі келеді» деп жазады.

Бұл кезде Абылай әлі хан емес, сұлтан ғана болатын, ол бейтарап саясат ұстанды. 1726 жылы кіші жүз ханы Әбілқайыр бірқатар ел ақсақалдарының

қолдауымен кіші жүз қазақтарын Ресейдің қоластына алуын сұрап, патшаға елшілік аттандырды.

1731 жылы 19 ақпанда Ресей императрицасы Анна Иоанновна кіші жүзді Ресей бодандығына қабылдау жайлы Жарлық грамотасына қол қойды.

Сөйтіп, Әбілқайыр ханның Ресей мемлекетінің императрицасы Анна Иоанновнаға жіберген өтініші нәтижесінде кіші жүзді Ресей империясы бодандығына қабылдау жүзеге асырылды. Тарихи еңбектерде Әбілқайырдың осы әрекеті түрлі көзқараста бағаланады.

Пікірлер: Әбілқайыр өзінің жеке билігін күшейтуге ұмтылды, ол және онымен жақтас болғандар Ресей сияқты күшті мемлекеттің қол астына кіру арқылы өзінің қарсыластарынан басым болуды ойлады. Қазақ халқының атынан жалғыз өзі келісімге келіп, оның мүддесін елемеді деп есептейді.

1748 жылы Әбілқайыр хан билік иелері арасындағы күрес барысында кісі қолынан қаза тапты».

Оқушылар картамен жұмыс жүргізеді. Содан кейін оқушылар Әбілқайыр туралы, кіші жүздің Ресейге қосылу себептері, барысы, нәтижесі туралы оқулық мәтінімен танысып, құжаттарды оқып, өз ойларын, пікірлерін айтады. Пікірлерін айтқанда «Олардың ойынша қалай болуы керек еді?» – деген сауал қою арқылы оқушылардың жеке пікірлерін білуге ұмтылу қажет. Мұндағы басты мақсат – бүгінгі күні тарихшылар арасында осы мәселе бойынша түрлі пікірлер мен көзқарастар барлығы жайында оларға жас ерекшеліктеріне сай мағлұмат беру.

Дайындығы жақсы сыныпта «пікірсайыс» өткізіп, екі шеңбермен жұмыс ұйымдастыруға болады. Оқушылар екі шеңбер жасап (ішкі және сыртқы) бір-біріне бетпе-бет тұрады.

Мұғалім: «Кіші жүздің Ресей империясының құрамына қосылуы, Ресей билігін мойындауы – Қазақстан тарихындағы ең өзекті әрі күрделі оқиға. Патша өкіметі қазақ жерінің Азияға «терезе мен дарбаза» екенін ескеріп, өзінің отаршылдық саясатын жүргізді, өз ықпалын нығайтуды мақсат етті. Тарихи еңбектерде Әбілқайырдың осы әрекеті екі түрлі көзқараста бағаланады».

Балалар! Сендердің міндеттерің:

– Бірінші топтың оқушылары (ішкі шеңберде тұрғандар) – «Әбілқайыр өзінің жеке билігін күшейтуге ұмтылды, ол және онымен жақтас болғандар Ресей мемлекетінің қоластына кіру арқылы өздерінің қарсыластарынан басым болуды ойлады» деген ұстанымды қорғайды. Осы пікірдің дұрыстығына қарсы тұрған топтың көзін жеткізуге ұмтылады.

Екінші топ оқушылары (сыртқы шеңберде тұрғандар) – «Әбілқайыр қазақ халқының атынан жалғыз өзі келісімге келіп, оның мүддесін елемеді» деген пікірді дәлелдеуге тырысады.

Жұптардың күрделі проблеманы талқылау уақыты – 3–5 минут.

Мұғалімнің белгісі бойынша сыртқы шеңбердегі оқушылар бір мезгілде бір не екі адым оңға қарай жылжып, жаңа әріптесінің (сыныптасының) алдына келіп тұрады. Бұндай ауысулар бірнеше рет жасалады.

Егер мұндай жұмыс алғаш рет өткізілсе, мұғалім оқушыларды екі шеңбермен жұмыс істеу тәртібімен мұқият таныстырып түсіндіреді. Оқушылар диалог кезінде басқаларға кедергі жасамай, (сыбырлап) ақырын дауыспен сөйлейді. Оқушылар бір-біріне пікірлерін әдеппен айтып, сабырмен тыңдауы қажет. Басқа пікір дәлелденіп жатқанда сыныптасының пікірімен санасып, оны әдеппен тыңдап, өз дәлелдерін жеткізе білуі тиіс. Өз пікірін басқа шеңбердегі оқушыға дәлелдеп, көзін жеткізіп, қорғай алуы тиіс.

Проблема талқыланып болғаннан кейін мұғалім қорытынды жасайды. Әбілқайырдың әрекетін «жақтаушылар» мен «қарсыластардың» барлық дәлелдері тақтаға немесе үлкен қағазға жазылады.

Сабакты мұғалім қорытындылап, үйге тапсырма береді.

Үйге тапсырма: §32. «Қазақстан және Ресей» әңгімесімен танысу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§33. Абылай хан

Сабактың мақсаты: Абылайды хан, қолбасшы, мемлекет қайраткері, өз заманының адамы ретінде сипаттау. Өз халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ержүрек батырлар, билер, хандар, жауынгерлердің ел-жандылық қасиеттерін көрсете отырып, оқушылардың ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи қайраткердің өмірі мен қызметіне баға беру біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Абылай хан – қолбасшы, мемлекет қайраткері, үш жүздің басын қосып, елін-жерін сыртқы жаудан азат етуді мақсат еткен өз заманының адамы.

2. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың бастауыш сыныпта және сабақтан тыс алған білімдерін пайдалануға арналған сауалдар бойынша жүргізіледі.

Абылай деген кім? Абылай туралы не білесіңдер?

Оқушылар жауаптары талданып, мұғалім Абылай туралы, оның өмірі, жеке басының қасиеттері, не үшін тарихта қалғаны туралы әсерлі әңгімелейді.

Қосымша материал:

«**Абылай хан (Әбілмансұр)** (1711–1781) – батыр, батыл қолбасшы, шебер ұйымдастырушы, дарынды дипломат, мемлекет қайраткері.

«Бұл арада Абылайдың ерлігіне, ақыл-парасатына бас ұрып, бар билікті қолына берген, бақастық, күндестікті білмеген, алдағы уақытта өзгеше туған інінің ақылшы ағасы, кеңесші хан дәрежесімен шектелген Әбілмәмбетке бас имеске болмайды. Билікке құмар замандағы мұндай мәрт мінез – ел мүддесін қасиет тұтқан өзгеше сананың көрінісі» деп жазған жазушы М. Мағауин сөзін таратып түсіндіру.

Қазақ халқының ақын-жыраулары Абылайдың өмірін, ерлігін жырлады. Халқымыз Абылайдың атын ұран етіп шақыратын.

Абылай хан туралы жазылған еңбектер аз емес. Ресей мен Кеңес өкіметі тұсында Абылайды қазақ қауымына құбыжық етіп көрсетуді мақсат етті. Бүгінгі таңда қазақ халқы егемендік алып, тәуелсіз ел болған соң, Абылай туралы жаңа ғылыми ізденістер жүргізіле бастады. 1993 жылы Ақмола (бүгінгі Астана) қаласында қазақ ғалымдарының қатысуымен Абылай хан жөнінде республикалық ғылыми конференция өтті. Ондағы жасалған баяндамалар Алматыда кітап болып шықты. Абылайдың мемлекеттік қайраткер ретіндегі қызметі тарих ғылымының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбайұлының еңбектерінде қарастырылады. 1999 жылы тарихи антропологиялық зерттеулер нәтижесінде «Абылай хан» кітабы жарық көрді. Осындай ауқымды еңбектер тізімін жалғастыра беруге болады.

Соңғы кезде кітапханаларда, мұрағаттарда халықтан жасырылып, жарияланбай жатқан Абылай хан туралы жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер жарық көріп, көпшіліктің танысуына, ғалымдардың зерттеуіне жол ашылды.

Абылай ханның XVIII ғасырдағы кең-байтақ даладағы қазақ жұртын біріктіру жолындағы тарихи рөліне түйінді баға алғаш рет мемлекет құрылымының деңгейінде Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабында берілген. Қазақ жұртына Абылай ханның сіңірген қызметі туралы аталмыш еңбекте былай делінген: «Халықтың ерік-жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның бір басында бейнеленеді. Батырлармен тізе қосып, қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсеткен, сөйтіп халықтың ұйтқысы болған Абылай ханның ерліктері сонау қатал заманда қазақ рухын қайта түлетудің бір алтын дінгегіне айналды. Міне, осылайша екі ғасыр өткен соң Абылайдың қазақ тарихындағы тиісті орны белгіленеді.

Абылайдың өмірі мен ерлігін қазақ ақын-жыраулары дастан етіп жырлады. Бүгінде Абылай хан атында жоғары оқу орындары бар, оған бірнеше қалаларда ескерткіш қойылды, оның атымен көшелер аталған. Абылай хан туралы кітаптар жарық көруде».

Оқушылар электронды оқулықтан Абылайға байланысты мәтінмен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындайды.

Содан кейін «Тізбек» («Цепочка») ойыны өткізіледі. Ол үшін мұғалім оқушылардың назарын оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмаларға, құжаттарға аударып, сол бойынша әңгіме құрастыруды тапсырады. Бұл ойынның ерекшелігі – оқушылар тізбек бойынша бірінен кейін бірі мәтінді абзац бойынша оқып, оларға берілген сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде Абылай туралы ойларын әңгімелейді.

Содан кейін тарихи викторина өткізіледі.

1. Қазақтың тұңғыш ханы кім?
2. «Жеті жарғыны» жасаған кімдер?
3. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы қашан болды?
4. Қай хан тұсында Қазақстанның Ресейге қосылуы басталды?
5. Абылайды мадақтаған жырау.
6. Абылай хан билік құрған жылдар.
7. Абылай хан қандай тарихи оқиғаларға қатысты?

Сабак соңында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §33 «Абылай хан» әңгімесін оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындау.

§34. Тәуелсіздік жолындағы күрес

Сабақтың мақсаты: қазақ жерінде жүргізілген Ресей империясының отарлау саясаты, ұлт-азаттық қозғалыстар, оларды ұйымдастырушылар туралы түсінікті тілмен оқушыларға баяндап беру. Азаттық, тәуелсіздік жолында жанын аямаған күрескерлерді мактан тұту сезімдерін тәрбиелеуге көмектесу қажет. Тарихи құбылыстарды, оқиғаларды салыстыру, тарихи қайраткерлердің қызметін бағалау біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, тарихи қайраткерлер бейнеленген иллюстрациялық материалдар, бейнефильм не электронды оқулықтан үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ресей империясының саясаты.
2. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.
3. Исағай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.
4. 1837–1847 жылдары Кенесары Қасымұлы басқарған халық-азаттық күрес.

Жаңа материалды оқып-үйренуге бағдарлама бойынша бір сағат берілген. Бірақ бұл күрделі сабақтардың бірі болғандықтан 2 сағат көлемінде өткізген тиімдірек болар еді. Оқулық материалының көлемі де үлкен.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстар, олардың себебі мен мақсаты туралы түсіндірмелі әңгімесінен басталады.

Сабақта «Тарихи тұлға» сайысы өткізіледі. Алдымен оқушылар арасынан сарапшылар тобы құрылады. Мұғалім және сарапшылар тобы оқушылардың жауаптары мен әрекеттерін мұқият бақылап, соңында жұмысқа баға беріп, қорытынды жасайды.

Оқушылар төрт топқа бөлініп Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Кенесары Қасымұлы туралы оқулық мәтінімен және «Білімпаздар үшін» материалындағы құжатпен танысады, тапсырмалар бойынша әңгіме құрастырады.

Әр топ оқушылары аталған тарихи тұлғаға мінездеме беріп, сипаттайды. Оқушылардың ойы шашыраңқы болмас үшін «Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қолбасшылары» атты жаднама тақтаға ілінеді. Оқушылар әңгімесін осы жоспар негізінде құрайды.

«Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қолбасшылары» атты тақырып жоспары:

1. Тәуелсіздік, азаттық үшін күрестің шығу себебі;
2. Күрестің қолбасшылары: өмірі мен қызметі.
3. Қолбасшының тарихи оқиғадағы алатын орны.
4. Күрестің нәтижесі.

Сарапшылар тобы әр топ оқушыларының мінездемесін тыңдағанда тұлғаның отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін бағалап, қандай істерімен ел есінде сақталған деген мәселелерге назар аударады. Сонымен қатар сабақта және сабақтан тыс алған білімдерін пайдалануын да бағалайды.

Тарихи тұлғаларға сипаттама берілген соң, сарапшылар тобы жұмысқа баға беріп, қорытынды жасайды.

Тақтаға тарихи қайраткерлерді сипаттауға арналған жаднама ілінеді. Оқушылар жаднамадағы мәселелерді басшылыққа ала отырып, тарихи қайраткерлердің өмірі мен қызметін әсерлі баяндауы тиіс.

Мұғалімнің ұлт-азаттық қозғалыс қолбасшыларының бірі жайлы төмендегідей қосымша материал пайдалануына мүмкіншілігі мол.

Қосымша материал:

«Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – ақ патшаға қарсы халық-азаттық күресті басқарушы, Қазақ хандығының соңғы ханы.

Кенесары өзі құрған мемлекетінің экономикалық және саяси жағдайын нығайту мақсатында салық жинау, малшылардан зекет, дикандардан ұшыр

жинауда тәртіп орнатты. Егіншілік күнкөріс көзі деп түсініп, 1846 жылы Іле өзенінің оң жағасындағы Қарақамау алқабындағы егіншілікті көргенде, оның пайдалылығын түсінген Кенесары өзіне еріп жүргендерге егіншіліктің қажеттілігін түсіндіріп, халықтың онымен айналысуы керектігін айтады.

Кенесары мемлекеттік құрылысқа да бірқатар жаңалықтар енгізді. Хан кеңесі құрылды. Ол беделді батыр, билер, сұлтандардан тұрды. Кенесары кезінде адамдарды шыққан тегіне қарамай, жеке қасиеттері мен қабілеттеріне қарай басқару ісіне тартқаны белгілі. Хан Ресей, Орта Азия мемлекетінің лауазымды адамдарына қазақ халқының отаршылдықтағы хал-жағдайы баяндалған хат жолдап, онда ойын тиянақты, айқын, дәлелді мазмұнмен келтіре білген. Кенесары хан әскерін жүздіктерге, мыңдықтарға бөліп, онда қатаң тәртіп орнатты.

Хандық басында Кенесары қазақ жерлерін отаршылдардан азат ету жолында батыл күрес жүргізді. Соғыс қимылдарының түрлі тәсілдерін пайдаланып, дарынды да білгір қолбасшы екендігін көрсете білді.

Он жылға созылған аса ірі көтеріліс жеңіліс тапты. Опасыздықпен Кенесары ханның басы алынды. Бірақ Кенесары хан қолбасшы, аса көрнекті саясатшы ретінде, қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ірі тұлға ретінде ел жадында мәңгілік сақталады.

Хан Кене қазақ жерінде хандық билікті қалпына келтірмек болды, қазақ елінің егемендік, біртұтастығы жолында күресті. «Ендеше, хан Кене тек жер үшін емес, түбі бір өркениетті қорғаушы санатында танылу керек. Өзі батыр, өзі ұлан, өзі сардарбек, өзі хан, өзі көсем, өзі шешен, өзі дана туған, қара басының қамы емес, қара қазақтың ары үшін, намысы үшін, бостандығы үшін, тәуелсіздігі үшін күрескен алып тұлға көз алдыңызға екінші Абылайды елестетпей ме?» – деп жазды академик М. Қ. Қозыбаев.

Ол жеңіліске ұшырағанымен Қазақстандағы патша үкіметінің позициясына ауыр соққы берді. Көтеріліске үш жүздің белгілі батырлары Ағыбай, Иман, Жоламан, Сұраншы, Бұхарбай, Байсейіт және басқалар қатысты».

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §34. «Тәуелсіздік жолындағы күрес» әңгімесін оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§35. Шоқан Уәлиханов

Сабактың мақсаты: Шоқан Уәлихановтың тұңғыш қазақ ғалымы екендігін бейнелі суреттеу арқылы оқушыларда ғалым адамдарға деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи қайраткердің өмірі мен қызметін сипаттау біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бар болса, электронды оқулықтан үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмалар көлемінде жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Шоқанның өмірі мен қызметі.
2. Шоқан – қазақтың тұңғыш ғалымы.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың бастауыш сыныпта және сабақтан тыс алған білімдері негізінде өткізіледі. Оқушылар төмендегідей сауалдарға жауап береді. III. Уәлиханов деген кім? Ол қандай адам болған? Ол тарихта қандай істерімен есте қалды? III. Уәлиханов туралы не білесіңдер? III. Уәлихановтың қандай еңбектерімен таныстыңдар? Ол туралы қандай кітаптар оқыдыңдар? Қандай кинофильмдер көрдіңдер?

Электронды оқулықтан не бейнефильмнен үзінді көрсетіліп, мазмұны бойынша әңгімелесу өткізіледі. Оқушылар кезектесіп абзац бойынша оқулық мәтінін оқып, ондағы негізгі ойды тауып, мәтін мазмұнын талдайды.

Сабақта «Бетпе-бет» деп аталатын жұп болып жасайтын жұмыс жүргізіледі.

Мұғалім оқушыларды «Бетпе-бет» жұп болып жұмыс істеу әдістемесімен мұқият таныстырып, қажетті нұсқаулар береді, түсіндіреді.

Мұғалім барлық оқушылардың мынандай тапсырмаларға дайындалуын тапсырады:

«Балалар! Өздерің жақсы көретін, естерінде жақсы сақталған тарихи тұлға (батыр, би, хан, жазушы, ғалым т.б) туралы сыныптасыңа айтып беріңдер».

Оқушылар жұптасып тұрады. Олар белгілі тарихи тұлға туралы естеріне түсіріп, ойланып жауап беруіне уақыт (2–3 минут) беріледі. Жұптағы оқушылар бір-біріне тарихи тұлға туралы айтып береді. Содан кейін, әр жұптан өз қалауымен ойын ортаға салуға ниет білдіргендерге сөз беріледі.

Мұғалім оқушылар жауаптарын толықтырып, қорытынды жасайды.

Оқушылар жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындайды.

Үйге тапсырма: §35. «Шоқан Уәлиханов» әңгімесімен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалу.

§36. Абай Құнанбайұлы

Сабақтың мақсаты: Абай Құнанбайұлының өмірі және қызметімен таныстыру арқылы ғылым мен мәдениет саласында жұмыс жасайтын адамдарға деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Ағартушылар, ақын-жазушылар – халық мақтанышы. Оқушыларда тарихи қайраткерлерді суреттей білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: бейне және аудиофильмнен үзінді, электронды оқулық, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Абайдың өмірі мен қызметі.
2. Абайдың еңбектері.
3. Абайдың өсиет сөздері.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың бастауыш сыныпта «Ана тілі» пәнінен және сабақтан тыс алған білімдеріне негізделген сұрақтар бойынша өткізіледі:

1. Абай кім?
2. Оның қандай өлеңдерін, нақыл сөздерін білесіңдер?
3. Абай өзінің еңбектерінде не туралы жырлайды?

4. Біз неліктен Абайды, оның өмірі мен шығармашылық жұмысын оқып-үйренеміз?

Электронды оқулық бойынша оқушылар Абай туралы материалдармен танысып, ондағы сұрақтарға жауап қайтарады. Бейнефильм болса, үзінді келтірген тиімді. Аудиофильм арқылы Абайдың әндерінен, өлеңдерінен қысқаша үзінді тыңдалады.

Оқушылар оқулықтағы «Абайдың шығармалары» әңгімесімен оқып танысып, әрқайсысы өздігінше осы тақырыптың күрделі жоспарын жасайды. Оқушылардың біразы ауызша жоспарын оқыса, енді 3–4 оқушы тақтаға өздері дайындаған жоспарын жазады. Оны барлық оқушылар талдайды.

«Абайдың шығармалары» әңгімесінің жоспары:

1. Абайдың өмірі мен қызметі.
2. Абайдың еңбектері.
3. Абайдың «қарасөздері».
4. Абайдың өмірі мен қызметі жас ұрпаққа үлгі.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптері бойынша жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §36. «Абай Құнанбайұлы» әңгімесін оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындау.

§37. Ыбырай Алтынсарин

Сабақтың мақсаты: оқушыларды Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, қызметімен таныстыру. Ағартушы, педагог, ғалымдар еңбегімен таныстыру арқылы ұстаздарға деген құрметтеушілік сезімін қалыптастыру. Тарихи қайраткерлерді суреттей білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: бейнефильм, электронды оқулықтан үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар негізінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ы. Алтынсариннің жастық шағы.
2. Ы. Алтынсариннің ағарту ісіндегі қызметі.
3. Ы. Алтынсариннің еңбектері.

Жаңа материалды оқып-үйрену бастауыш сыныпта және сабақтан тыс оқушылардың алған білімдері бойынша әңгімелесуден басталады. Әңгімелесуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ы. Алтынсарин туралы не білесіңдер?
2. Ол қандай адам болған? Оның қандай еңбектерін білесіңдер?
3. «Кел, балалар, оқылық» өлеңін кім жазған? Бұл өлеңді кім жатқа айтып бере алады? Онда не туралы айтылады?

Бейнефильм не электронды оқулықтан үзінді келтіріледі. Мұғалім бейнефильм бойынша қойған сұрақтарға оқушылар жауап әзірлеп, жауап береді. Оқушылар жауаптары қорытындыланады.

Сабақтың соңында «Бұл кім?» деген сайыс өткізіледі. Тарих пәніне қызығушылығы мол оқушылардан мұғалімнің басшылығымен әділқазылар алқасы құрылады. Сайыстың соңында оқушылардың тапсырманы орындауына баға беріліп, қорытынды жасалады.

Сынып 4–5 топқа бөлінеді. Әр топ мұғалім алдын ала даярлаған бір тарихи қайраткерге (ғалым, ағартушы, жазушы, т.б. болуы мүмкін) сипаттама береді. Әр топтың оқушылары сипаттамамен мұқият танысып, мінездеменің кімге берілгенін белгілі бір уақыт (3–5 минут) ішінде анықтайды. Егер тарихи қайраткер күйші не ақын болса, оның күйлерін атап, не ол жазған өлеңнен үзінді оқуына болады.

Топтың тапсырманы қалай дайындағанын сарапшылар талқылап, бағасын қойып, қорытындылайды.

Үйге тапсырма: §37. «Ыбырай Алтынсарин» әңгімесімен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§38. II бөлім бойынша қорытынды қайталау сабағы

Сабақтың мақсаты: 24 сабақтағы негізгі әрі маңызды мәселелерді іріктеп алып қорытындылау. Сақтар мен ғұндардың тіршілігі, ертедегі түркі тайпаларының өмірі мен тұрмысы, тәуелсіздік жолындағы күрестері жайлы мәселелер еске түсіріліп, жинақталады. Ұлы Жібек жолының маңызы, ортағасырлық қалалар, Отырарды ерлікпен қорғау, қазақ халқының

қалыптасуы, Қазақ хандығының құрылуы, қазақ хандары, батырлары, билері, Қазақстанның Ресейге қосылуы жайлы оқушылар білімін тексеру және пысықтау. Тәуелсіздік үшін күрескерлер: Тұмар-Томирис патшайымнан бастап, Абылай хан, Кенесарыға дейінгі ел басшылары және батырлардың ержүректілігін, Отанына деген сүйіспеншілік, қолбасшылық қабілеттерін ашып көрсету. Оқушыларды отаншылдыққа, азаматтыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың түрлі деректерден жаңа білім ала білу біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиофильм, иллюстрациялық материалдар, электронды оқулықтан үзінді. Бұл сабақта оқушыларды төмендегідей қорытындыға келтіру керек:

1. Ертеде Қазақстан аумағын мекендеген сақ, ғұн және басқа тайпалар қазақ халқының арғы ата-тегі. Олардың жерін, елін қорғаған ерліктері болашақ ұрпақтарға үлгі.

2. Ертедегі түркі тайпаларын басқарған атақты Күлтегін, Білге, Тоныкөк қағандар Түрік мемлекетінің күшеюіне үлес қосқан, азаттық үшін күрескен, тарихта өзіндік орны бар тарихи қайраткерлер. Олардың ерлігі ертедегі түркі жазуларында мәңгі сақталған.

3. Ұлы Жібек жолы – сауда, керуен, елшілік және халықтар арасындағы байланысты нығайтқан достық жолы болды.

4. Ортағасырлық қалалар – Сауран, Йасы, Сығанақ, Отырар – сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері. Қалалар – сауда, мәдениет, ғылым орталығы.

5. Қазақ халқы XIV–XV ғасырлар аралығында Қазақстан аумағында қалыптасты.

6. XV ғасырдың 50–60 жылдары Қазақ хандығы құрылды. Оның халқы қазақтар деп аталды. Қазақ хандары: Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Тәуекел, Әбілқайыр, Абылай, Кенесары және басқа хандар.

7. XVIII ғасырдағы қазақ елінің сыртқы жағдайы ауыр болды. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқы өз тәуелсіздігі мен азаттығы үшін ерлікпен күресті. Қазақ халқы өз елін, жерін шет жерлік басқыншылардан ерлікпен қорғап қалды. Халық арасынан көрнекті адамдар, хандар, билер, батырлар шықты.

8. Қазақстан патшалы Ресейдің қоластына өтті. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұлан-ғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрк, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мүскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы сияқты батырлар бастады.

Зенбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы есімдерін ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді де.

Сабақта жұмыс істеудің негізі – оқулықтағы қайталау қорытындылау тапсырмалары бола алады. Бұл сұрақтар мен тапсырмалар оқушыларды оқып-үйренген материалды бекітуге және қорытындылауға бағдарлап қана қоймайды, сонымен бірге оқушылардың біршама зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды. Оқушылардың іс-тәжірибе шеберліктері мен дағдыларын дамытуды көздейді: оқулықты еркін пайдалана білу, мәтін мен суреттерді талдай алу, түрлі нұсқадан алынған мәліметтерді салыстыру, т. с. с.

Қайталау барысында мұғалім жаңа, нақты мәліметтерді келтіруіне болады. Сабақтың жинақтап-қайталау түрі 5-сынып оқушылары үшін едәуір қиындық әкелетін түрі болып табылады. Осы сыныптағы оқушылар, жас ерекшеліктеріне байланысты толық әрі жинақты қорытынды жасауға, дәуірлерге бөлуге, жеке оқиғаларға өзіндік сипаттама беруге қиынсынады.

Қайталау сабақтары оқушыларды тарихи материалды жай талдау жасауға, ойын білдіруге және өзіндік қорытынды шығаруға көмектесуі тиіс.

Жинақтап-қайталау сабағында сонау б.з.б. сақ, ғұн тайпаларынан бастап, ХХІ ғасырға дейінгі елімізде болған маңызды тарихи оқиғалар, құбылыстар, түрлі кезеңдердегі адамдардың өмірі мен тіршілігі, мәдениеттегі жетістіктері, оқиғалардың себеп-салдар тізбегі арқылы жалғасып жатқан күрделі үрдіс екені оқушыларға түсінікті тілмен жеткізілгені маңызды. Өмірдегі, тіршіліктегі болып жатқан құбылыстар мен оқиғалар бір-бірімен өте тығыз байланысты, заңдылық ретінде түсіндірілуі тиіс.

Қайталау сабағын 24 сағатта қарастырылған аса мәнді және түйінді мәселелерді әңгімелеу негізінде құруға назар аудару қажет. Өйткені 24 сабақты бір ғана 45 минут ішінде қайталау мүмкін емес. Бұл сабақтың басты мақсаты осы тақырыптардағы нақты материалды қайталау-жинақтау болып табылады.

Бұл сабақта оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін проблемалы тапсырма беру және оны шешу, түрлі құжаттар мен әдеби-көркем материалмен топ болып жұмыс жасау, электронды оқулықтағы тестілерді, сұрақтарды шешу, иллюстрациялық материалдарға талдау жасау, өздігінше кесте, жоспар жасау, викторина, кроссворд шешу, т.б. пайдаланған тиімді. Мұндай интерактивті және дәстүрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану оқушылардың зейінін төмендетпеуге, есте сақтау қабілетін күшейтуге және пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Материалдың толық әрі жан-жақты меңгерілу дәрежесіне қарай сұрақтарға қайтарылатын жауаптар кең көлемді немесе қысқа болуы мүмкін. Бұл

бөлімді жинақтау оқулықтағы қайталауға арналған сұрақ-тапсырмалар негізінде жүргізіледі.

Қайталау сабағы оқып-үйретілген тақырыптың қалай аталатынын және хронологиялық шегін анықтаудан басталады.

1. Біз оқып-үйренуді аяқтаған тақырыбымыз қалай аталады? (Егер бұл сұрақ қиын соқса, тақырыпты оқулықтан тауып, оны дауыстап оқу керек).

2. Бұл тақырыпқа қандай әңгімелер жатады? (Оқушылар бірінші және соңғы әңгімелерді оқулықтан дауыстап оқу керек).

3. Еліміздің қандай сыртқы шапқыншыларға қарсы күрес жүргізуіне тура келді? (Оқулықтан осыларды баяндайтын әңгімелерді тауып, оқып беріңдер. Шапқыншыларға қарсы күрестегі ерліктері туралы мысалдар келтіріңдер).

4. Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы жөнінде айтылатын үзіндіні оқулықтан тауып, оқып шығыңдар. Бұл оқиға қай ғасырда болды? Датаны тақтаға жазып қою керек.

5. Қазақстанның Ресейге қалай қосылғаны туралы әңгімелеп беріңдер. Ол қай кезде басталды?

6. «Отар», «отаршылдық» деген сөздердің мағынасын айтыңдар.

7. 1783–1797 жылдары болған көтерілістің шығу себебі неліктен? Ол кімнің басшылығымен болды?

8. «Ержүрек батыр», «көрнекті қолбасшы», «Хан Кене» деп кімді атаған? Ол қай жылдары өмір сүрді? Қандай тарихи оқиғаларға қатысты?

9. Қазақстанның Ресейге қосылуы қай жылдары басталды? Картадан Қазақстанның XVIII ғасырдың II жартысындағы аумағын көрсетіп, оның қандай мемлекеттермен шектесіп жатқанын әңгімелеп беріңдер.

10. XVIII ғасырда қазақ халқының әдет-ғұрпы жинақталған «Жеті жарғы» заң жинағының негізін қалаған қай хан?

Үйге тапсырма: §37 әңгімелерінің соңында берілген «Бұл кім?» ауызша викторинасын қайталау.

III БӨЛІМ. ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІНДЕ

§39. Көрікті кесенелер

Сабақтың мақсаты: халықтың еңбегімен, шеберлігімен тамаша кесенелер, ғимараттар салынғанын ашып көрсету. Сабақтың материалы мәдениет құндылықтарын жасаушы еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Тарихи-мәдени ескерткіштердің құндылықтарын бағалай білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмаларға және мұғалім қойған проблемалы тапсырмаларды оқушылардың орындауы негізінде жүргізілуі мүмкін.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Сәулет өнерінің ескерткіштері.
2. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі.
3. Айша бибі кесенесі.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың бастауыш сыныпта және сабақтан тыс алған білімдері негізінде жүргізілетін әңгімелесуге және картамен жұмысқа ұштастырылады.

Бейнефильмнен сәулет өнерінің ескерткіштерін көру, Қожа Ахмет Йасауи, Айша бибі кесенелері туралы бейнелі де әсерлі үзінді пайдалану сабақтың тәрбиелік әсерін күшейте түсуге көмектеседі.

Қосымша материал:

«Қожа Ахмет Йасауи» (шамамен 1103–1166-67) – ақын, ұлы ойшыл, ислам дінін уағыздаушы.

Дүние жүзінде Қожа Ахметті ұлы ақын деп біледі. Ол Құранды тұңғыш рет түркі тілінде сөйлетіп, оның мазмұнын, ырғағын сақтай отырып жазған. Бұл мұраның аты – «Диуани Хикмет» деп аталады. Ол «Құраннан» кейінгі қасиетті кітап болып саналады.

Ақын Әбділда Тәжібаев: «Қожа Ахмет Йасауи – әулиелердің әулиесі, пайғамбардың өзіне тең әулие. Оның таң алдында айтқан азаны Түркістан мен Меккеге бірдей естіледі екен. Ол – Тәңірінің өзіне ғашық болған қасиетті ақын», – деп жоғары бағалады.

Қожа Ахмет Йасауи «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») атты түркі тіліндегі еңбегінде ислам діні, адам және оның адамгершілігі туралы пайымдайды. Ақын еңбегінде өзінің бала күнінен бастап өмір жолын, көрген қиыншылықтарын баяндайды. Ел билеуші хандар, билердің жіберген кемшіліктерін, қатыгездігін айтады.

Әмір Темірдің бұйрығымен 1397–1404 жылдары Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауидің басына ескерткіш орнатылды.

Қожа Ахмет мешітін салдырған Әмір Темір турасында Жүсіпбек Аймауытов «Әзірет Сұлтан» атты мақаласында: «1397 жылы мешітті салдыра бастап, үш жылдан кейін өзі өліп, мешіт бітпей қалған. Мешітті салушы шебер қажы Құсайын Ширазы деген адам екен». 1982 жылдан бастап бұл ескерткіш мемлекет қарауына көшті. Ж. Аймауытов Тайқазан жайында аталған еңбегінде: «Жүз кісі болмаса қозғай алмас дегізгендей, кесе түптес, он екі құлақты дәу қола қазанның жан-жағы бұрандалы шүмек, үсті-басы

оюлы машихы жазу. Қазанның биіктігі кісі бойы, қол ұсыным. Қодастың желкілдек қара жүнін таққан құрықтарының басын мосылап байлап, қазан үстіне келтіріп қойыпты» деп жазған екен.

Мұғалім тапсырмасы бойынша оқушылар оқулық тақырыпшаларымен танысып, оның күрделі жоспарын жасайды.

Оқушылар жоспарды тақтаға жазып, кемшіліктерін анықтап, талдайды. Бұл сабақта пресс-конференция өткізген де тиімді.

Сабақты өткізер алдында мұғалім шамамен 2 апта бұрын оқушыларды 4 не 5 топқа бөледі. Бұл топтардың біреуі ғалымдар, екіншілері – сәулетшілер, үшінші топ – журналистер, төртіншісі – шетелдерден келген қонақтар не жай саяхатшылар, т.б. болып бөлінеді. Сол топқа байланысты оқушылар нақты тапсырмалар мен нұсқаулар алады. Мұғалім оқушыларға оқулықтан басқа қандай қосымша әдебиеттермен танысуы керектігі, онда неге көңіл аударуы тиіс екендігіне, қанша минут сөйлеуге дайындалып келуі туралы нақты ұсыныстар беріп, ойынның мән-жайымен оқушыларды таныстырады.

Мұндай ойынды ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігінің артуына, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуді үйренуіне, қосымша әдебиеттен алған білімдерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл ойын алғаш рет жүргізілген сыныпта сабақ жүргізуші мұғалім болады. Тәжірибесі бар сыныптарда жүргізуші алдын ала даярлығы бар оқушы бола алады.

Көрнекілігі: тарихи-мәдени ескерткіштерді көрсету үшін кадаскоп, электронды оқулық не иллюстрациялық материалдар пайдаланылады, журналистер микрофонмен қамтамасыз етілгені жөн.

Мұғалім пресс-конференция өткізу үшін мамандарды (шамамен 4–6 адам) таңдайды. Бұндай ойын алғаш рет өткізілетіндіктен, мұғалім оқушыларға алдын ала тақырып беріп, қарастырылатын сұрақтардың мазмұнын анықтайды. Сұрақтарды қашан қою керектігі, қосымша әдебиетпен, иллюстрациялық материалдармен қалай жұмыс істеу қажеттігі туралы түсіндіреді және үйретеді. Ал оқушылар өздігінше тапсырмаға даярланады.

Сыныптағы үстелдер журналистің жұмысына қарай ыңғайлы етіп қойылады. Әр үстелде журналистің аты-жөні, қай газеттен келгені, қызметі жазылған қатырмақағаздар қойылады. Журналистердің қарсы алдында мамандар, ғалымдар, сәулетшілер, саяхатшылар, т.б. отырады.

Пресс-конференцияны жүргізуші мұғалім (не оқушы) конференцияға қатысушы адамдармен таныстырады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша тарихи ескерткіштерді қорғау» мәселесіне арналған конференцияға қатысушыларды құттықтайды. Конференцияны ашық деп жариялайды. Жұмыс уақыты белгіленеді.

Тарихи мәдени ескерткіш туралы мамандар сөйлейді (3–4 минут). Содан кейін қойылған сұрақтарға жауап қайтарылады. Сұрақ қысқа, түсінікті және кімге қойылатындығы анық айтылуы тиіс. Журналистер конференция жұмысына даярлану барысында алған мәліметтер негізінде мәлімдеме жасап, дайындаған сөздерін сөйлейді. Мұғалім конференцияда қарастырылған мәселе бойынша қорытынды жасайды. (3–5 минут).

Бұл сабақты басқа вариантта да өткізуге болады. «Қазақстан жеріндегі сәулет өнері ескерткіштеріне» «ойша саяхат» жүргізуге болады. Не сол тарихи ескерткіш орналасқан аудандарға, қалаларға экскурсия-саяхат өткізген де тиімді.

Сабақты пысықтау барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §39. «Көрікті кесенелер» әңгімесімен танысу және тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§40. Наурыз

Сабақтың мақсаты: оқушылардың қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі туралы түсініктерін тереңдету. Оқушылардың қазақ халқының салт-дәстүріне деген терең құрметтеушілік сезімдерін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи құбылыстарды бағалай білу біліктерін дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильм, аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау §39 сұрақтары мен тапсырмалары бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақ халқының өмірі мен тұрмысы.

2. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.

3. Жаңа материалды оқып-үйрену блиц-сұрақ (тарихи жаттығу) қоюмен басталады:

1) Қазақтардың негізгі шаруашылығы.

2) Қазақтардың баспанасы.

3) Қазақ халқының қандай әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін білесіңдер?

4) Қазақстанда тұратын басқа халықтардың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?

5) Наурыз туралы не білесіңдер?

6) Қазақ халқының тағы қандай мерекелерін білесіңдер?

7) Наурыз мерекесін еліміздегі халықтар қалай атап өтеді? Мысал келтіріңдер.

Мұғалім оқушылар жауаптарын толықтырып, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы әсерлі әңгімелеп береді.

Содан кейін «Наурыз» атты үлкен шеңбер жаттығуы ұйымдастырылады. Бұл жаттығуды жақсы орындау үшін мұғалім алдын ала оқушыларға тапсырма береді. Әдебиет тізімін, нені, қалай пайдалану керектігі жайлы нұсқау береді. Ата-аналарынан наурыз мерекесі туралы сұрастырып, оны ертеде қалай өткізген, қазір қалай өткізеді, оның маңызы қандай деген сауалдарға жауап алып, жазбаша қысқа шығарма не хабарлама дайындап келу тапсырылады. Сөйтіп, оқушының осы тақырып бойынша үйде өзі дайындалып, жаттығуына мүмкіндік жасалады.

Оқушылар үлкен шеңбер құрап тұрады. Содан кейін кезектесіп наурыз туралы білетіндерін айтады. Мысалы, олардың кезектесіп айтатын жауаптарын шамамен төменде беріп отырмыз. Жауаптар барынша қысқа, 2 минуттан аспауы тиіс.

Бірінші оқушы өзіне бөлінген уақытта наурыз туралы білгенін айтып шығады. Сөз келесі оқушыға беріледі. Олар бір-бірін қайталамауы керек. Оқушыларға бір-біріне кедергі келтірмеу, сөзін бұзбау керектігі түсіндіріледі. Осылайша шеңберде тұрған барлық оқушыларға тұжырымды және маңызды деген ойларын айтып шығуға мүмкіндік беріледі. Сөйтіп, барлық оқушылар айтып үлгергенше сөз келесі оқушыға жалғаса береді.

Мұғалім оқушылардың жауабын қорытындылайды. Содан кейін мұғалім оқушылармен үйге берілген тапсырма бойынша әңгімелеседі. Жауапты оқушыларға наурыз мерекесі туралы үйдегі әке-шешесі, әжесі мен атасынан естігендерін, газет-журналдар материалдарынан әңгіме дайындап келу тапсырылған болатын.

Оқушылардың тапсырма бойынша даярлаған жауаптарын тыңдайық:

Оқушы: «Мен сіздерге Наурыз мерекесі – Ұлыстың ұлы күні туралы айтайын. Бұл мереке жайлы маған мамам мен атам әңгімелеп берді. Наурыз – мұсылман елдерінің халықтық мерекесі. 22 наурыз күні жаңа жыл келеді, көктемгі күн мен түн теңеседі. Бұл мейрам күні көшеде адамдар көп, барлығы көңілді, жақсы, жаңа киімдерін киген. Адамдар бір-бірін наурыздың келуімен құттықтауда. Ақсақалдар мен жасы үлкен қадірлі адамдар көпшілікке денсаулық, молшылық, береке тілеп, тілек білдіруде.

Бұл күндері жұрт үй-үйге кіріп, басқа ауылға қыдырып, мейрамдаған. Жас жігіттер арықтарды тазартып, ағаш еккен. Ал әйелдер қонақтарға арнап тамақтар әзірлеген. Сондай тағамдардың бастысы – Наурызкөже. Жеті түрлі дәмнен пісірілген бұл тағам – ырыс пен берекенің белгісі».

Оқушы: «Мереке күні түрлі ұлттық ойындар өткізіледі. Мұнда жүйрік аттар жарысы – бәйге өткізіледі, екі жігіттің күш сынасу күресін, екі атты-

ның сайысын көреміз. Жиналған жұрт алдында ақындар өлең айтып, қобыз не домбырамен айтысқанын тамашалаймыз».

Оқушы: «Осындай мерекеде қыздар мен жас жігіттер де ойын-сауық өткізеді. Жігіт пен қыз атқа мініп, жарысады. Егер қызды жігіт қуып жетсе, оны бетінен сүюге еркі бар, ал жете алмаса, онда қыз жігітті қамшының астына алады. Жігіттер мен қыздар аттың үстінде осындай өнер көрсетеді. Бұны көрген басқа елден келген қонақтар қазақ халқының тамаша шабандоз екеніне көзі жетіп, қазақ қыздарының да ер адамдармен қатар мерекелерде болып, олардың да көңілін көтерулеріне жағдай жасалғанына таңырқап қалады».

Мұғалім: «Қазақстанда көп жылдар бойы ұмыт болған Наурыз мерекесі – Ұлыстың ұлы күні 1988 жылы бірінші рет мерекеленді. Сөйтіп, наурыз мейрамы – шығыс халықтарының мерекесі, халықтың жақсы дәстүрі, адамдарды біріктіретін мереке қайта жаңғырды. Наурыз күндері халықтар арасында бірлік, тыныштық, бейбітшілік орнайтын. Тіпті бұл күндері жауласып жатқан жақтар соғысын тоқтатып, келісімге келетін. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне реніштерін кешірген. Оған: «Ұлыстың ұлы күні алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген сөз дәлел».

Сабак соңында оқушылар жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізеді.

Үйге тапсырма: §40. «Наурыз» тақырыбын оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруге дайындалу. Мына сұрақтарға жауап дайындау: Қазақ халқы қандай шаруашылықпен айналысқан? Қазақтар, ұйғырлар, орыстар, немістер, т. б. өздерінің ұлттық мейрамдарын қалай өткізеді? Солар жөнінде әңгіме құрындар. «Қазақ шешендері» туралы 3–4 оқушыға хабарлама дайындап келу тапсырылады.

§41. Қазақтың шешендік өнері

Сабактың мақсаты: оқушыларға қазақтың шешендік өнері, Сырым Датұлы және басқа шешендер туралы мәлімет беру. Қазақ халқының шешендік өнерінің дамуына үлес қосқан шешендер – халқымыздың мақтанышы екенін түсіндіру. Тарихи қайраткерлерге сипаттама беру біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, иллюстрациялық материалдар, бейне және аудиofilmнен үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сұрақтары бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақтың шешендік өнері.
2. Сырым Датұлы шешендігі.

Жаңа материалды оқып-үйренуді түрлі нұсқада өткізуге болады.

I нұсқа бойынша бейне және аудиofilmмен қазақтың шешендері туралы үзінді көрсетіледі. Оқулық бойынша «Тізбек» ойыны өткізіледі. Оқушылар оқулық мәтінімен өздігінше танысып, бірінен кейін бірі тізбектеп шешендік өнер, оның белгілі қайраткерлері туралы әңгімелейді. Осы әңгімені тиімді әрі ұтымды өткізу үшін, төмендегідей сауалдар бойынша сұрақтар қойылады.

1. Шешендік өнер дегеніміз не?
2. Қазақ халқының шешендік өнерінің дамуына үлес қосқан қандай шешендерді білесіңдер?
3. Шешендердің өмірі мен қызметі туралы әңгімелеп беріңдер.
4. Атақты шешендердің қандай туындыларын, еңбектерін білесіңдер?
5. Шешендердің қандай еңбектері және айтқан сөздері сендерге ерекше әсер қалдырды?
6. Шешендердің шығармаларында қандай тарихи оқиғалар сөз болады?
7. Шешендер туындылары – отаншылдыққа, бірлікке, достыққа, адалдыққа, еңбеккерлікке, адамгершілікке шақыратын маңызды еңбектер екенін дәлелдендер.

II нұсқа бойынша оқушылар оқулық мәтінімен өздігінше танысып, ондағы негізгі ойды дәптерлеріне жазады. Бірнеше оқушы шешендер туралы әңгімедегі негізгі ойды, жаңа сөздерді тақтаға жазады. Ойларын дәлелдейді. Шешендер туралы оқушылардың алдын ала дайындаған хабарламалары тыңдалып, жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

III нұсқа бойынша оқушылардың белсенді тобымен жұмыс істеуге арналған «Аквариум» жаттығуын жүргізген тиімді. Енді осы III нұсқаны қарастырайық.

Оқушылар дөңгеленіп отырады. Сынып ортасы бос болғаны дұрыс, өйткені барлық оқушылар оқиғаның қалай өтіп жатқанын жақсы көруі тиіс. Мұғалім сынып ортасына немесе тақта алдына өз қалаулары бойынша оқушыларды шақырады. Оларға тапсырма беріліп, жаттығу шарты түсіндіріледі. Қалған оқушылар оқиғаны бақылайды. Соңында жаттығуды талқылаған кезде бақылаушы балалар өз әсерлерін, ұсыныстарын, кемшіліктерін, толықтыруларын айтады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Оқушылар, бүгінгі біздің оқып-үйренетін тақырыбымыз «Қазақтың шешендік өнері» деп аталады. Қазақ – сөз қадірін білген халық. Шешендік сөздер ауызекі айтылып, ауызша таралған, халық жадында сақталған. Сөйтіп, ауыздан-ауызға өңдеу мен жөндеуден өтіп, қысқарып, кейінгі ұрпаққа жеткен. Халықтың ойынан шыққан баталы сөз, ақылды ойлар, көркем де қисынды пікірлер халықпен бірге жасап, үнемі жасарып, жаңарып отырған. Шешендік сөздердің ауқымы кең, мазмұнына қарай әр түрлі мәселелерді – адамдар арасындағы қарым-қатынасты,

халықтың көзқарасын, дүниетанымын, ел мен елдің арасында жүргізілетін келіссөздер, халықтың атақ-абыройын қорғап, даңқын асыратын сөздерге дейін қарастырады.

Шешендік сөздердің шеберлігі сөз сайысында, елдің тағдыры сарапқа түсетін бітім келісімдерде, халық көп жиналатын астар мен тойларда алқа топтың алдында бағаланған.

Белгілі қазақ шешендері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би дау-жанжалды шешетін, ел бірлігі мен жердің тұтастығы мәселесін көтерген билер. Өз-Тәуке хан тұсында осы үш би бастаған «Билер кеңесі» бекіткен «Жеті жарғы» әдет-құқықтық заңы жарасалды. Олар халықтың тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін ақылы мен күш-жігерінің, өмірлік мол тәжірибелерінің арқасында көп жұмыстар атқарды.

Шешендер халқының бақытты шақтарын, қуанышы мен күйінішін жырлаған, туған елге қатер төнген сәтте ел намысын жаныған, халықтың көкейіндегісін айтып, әділет жоқшысы болған. Жоңғар хандығының басқыншылық шабуылдарына қарсы қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған азаттық күресімен байланысты көптеген батырлар жырлары, шешендік сөздер дүниеге келгені мәлім. Сондай дауалы сөздің бірі Қаздауысты Қазыбек бидің қалмақ ханына айтқаны ел жадында сақталған.

«– Өзің жөніңді айтшы, атың кім? – депті хан.

– Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – қаракесек, – деп жауап беріпті.

– Даусың қаздың даусындай қаңқылдап тұр екен, ал, датыңды айтшы, – депті хан. Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, құн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, балқытқалы келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітімді айт, бермесең, дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт! – депті. Сонда Қоңтәжі не дерін білмей отырып қалыпты».

Қазыбек би қалмаққа үш рет елші болып барған екен, соның бірінде қазақ елін, тозығын жеткізе шабуға дайындалып жатқан қалмақ ханы Қазыбек бидің сөзінен кейін райынан қайтып, тоқталған екен.

Балалар! Сендер өздерінді тарихи оқиғаға қатысушымын деп санаңдар. Жаттығуға белсенді қатысушы 4–5 оқушы сыныптың ортасында отыр. Оларға билік айту құқығы берілген. Балалар! Сендердің айтатын шешендік сөздеріңе, қойылған сауалдарға берген жауаптарыңа байланысты халықтың тағдыры (сыныптағы басқа оқушылар) шешілуі тиіс. Сондықтан әр сөзді ойланып, ақылға салып, сенімді, көңілге қонатындай, қажет болса санамызды толқытып, тебіrentіп, шабыттанып қуантатындай, қайғысына мұң жамайтындай әсерлі баяндауға тырысыңдар.

«Аквариум» жаттығуына қатысушы белсенді балаларға сөйлейтін сөздеріне дайындалуға (жазып алуға болады, сосын тезис түрінде) 2 минут беріледі. Әрбір қатысушы оқушының шығып сөйлеуіне 2 минут, оппоненттерге не «халықтың» сұрақтарына жауап беруге тағы 1–2 минут беріледі. Жаттығуға белсенді қатысушы 4–5 баланың барлығы сөз сөйлеп, сұрақтарға жауап қайтарған соң, «халық» (дөңгеленіп отырған бақылаушы оқушылар) кімге және не үшін дауыс беретінін шешеді.

Жаттығу аяқталған соң талқылау өткізіліп, қорытынды жасалады.

Жалпы бұл жұмысқа белсенді қатысушыларға алдын ала тапсырма беріп, дайындықпен келгені дұрыс.

Талқылау барысында белсенді оқушыларға мынандай сұрақтар қойып, мәселені ашуға көмектесу керек: «Жаттығуға дайындалуға уақыт жетті ме? Әлде көбейту керек пе, жұмыс істеуде не көмектесті, не кедергі жасады? Өз ойыңды жеткізгенде қандай сезімде болдың?» Бақылаушыларға: «Кімнің сөйлеген сөзі анағұрлым дәлелді, көркем, сенімді, әсерлі болды? Шешеннің сөзіне байланысты кім өз шешімін өзгертті? Сен неліктен шешіміңді өзгерттің?» деген сұрақтар қойылуы заңды үрдіс.

Көпшілік дауыспен шешім шығарылады. Сабакқа мұғалім қорытынды жасайды.

Үйге тапсырма: §41. «Қазақтың шешендік өнері» әңгімесін оқып танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындау. Қазақ халқы мен республикада тұратын басқа халықтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары туралы барлық оқушыларға дайындалып келу тапсырылады. Оқушыларға әдебиеттер тізімі беріледі. Бұл материалдар §42 тақырыпты оқып-үйренгенде пайдаланылады.

§42. Дала музыкасы

Сабактың мақсаты: оқушыларға саз өнері, композиторлар туралы түсінік беру. Құрманғазының өмірімен, қызметімен таныстыру. Композиторлар – ел мақтанышы екенін түсіндіру. Өнер адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи қайраткерлерді сипаттай білу біліктерін одан әрі дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиofilm-дер, электронды оқулықтан үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Музыка өнері.
2. Композиторлар.
3. Қорқыт ата.
4. Құрманғазы.

Жаңа материалды оқып-үйрену белгілі композиторлар шығармаларынан музыкалық үзінді беруден басталады.

Мұғалім: Балалар, бүгін біз қандай тақырыпты оқып-үйренеміз?

Оқушылар: Дала музыкасы жайлы.

Мұғалім: Музыка өнері дегеніміз не? Сендер қандай атақты композиторларды білесіңдер? Кім домбыра тарта алады? Кім қандай күйді (музыканы) орындай алады? Ол не туралы?

Мұғалім қысқаша әрі әсерлі түрде қазақ халқының саз өнері туралы баяндайды. Қорқыт ата туралы қосымша материал пайдалану сабақтың тәлімдік-тәрбиелік мәнін арттыруға көмектеседі.

Қосымша материал:

«**Қорқыт** (VIII–IX ғғ.) – атақты жырау, дарынды күйші, кемеңгер ойшыл.

Кітапта: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңір зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары қатесіз болған... Оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған» деп жазылған.

Дана ақылгөйдің мынандай нақыл сөздері бізге жетті: «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан өнеге алмаған ұл жаман», «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді», «Өтірік сөз өрге баспайды».

Ол – күй атасы. Қорқыт күйлері: «Қорқыт», «Аққу», «Желмая», «Елімай, халқым-ай», «Сарын» және басқалар. Қазақ халқы Қорқыт күйлерін қазіргі күнге дейін сақтап жеткізе білген.

Қорқыт атаға арналып 1980 жылы Қызылорда облысының Жосалы станциясынан 18 шақырым жерде архитектуралық ескерткіш орнатылған. Қобыз атасы, жырышы, бақсылардың қамқоршысы атанған Қорқыт атамызға арналған бұл ескерткіштің авторлары – архитектор Б.А. Ыбыраев, физик С.И. Исатаев. Ескерткіштің биіктігі 8 метрлік 4 тік көктастан тұратын темір-бетоннан жасалған. Жоғары жағынан аузы кең, 40 металл түтіктен жасалған

4 қобыздың біріктірілген бейнесі. Жел соққан кезде одан қобыз сарынымен үндес дыбыс шығады.

1998 жылды барша түркі мәдениеті мен білімін нығайтуды қолға алған Түрік СОИ ұйымы «Қорқыт ата жылы» деп жариялады. Халықаралық ЮНЕСКО ұйымы Қорқыт бабамыздың 1300 жылдық тойын бүкіл дүние жүзінде атап өтті. Қызылорда мемлекеттік университеті Қорқыт ата атында. Қорқыт атаға арналған еңбектер тек елімізде ғана емес, сонымен қатар Түркия, Әзірбайжан, Ресей ғалымдарында да бар. Қорқыттың мұралары, күйлері ұрпақтар есінде мәңгі сақталатындай мағлұматтар көп».

Оқушылар оқулық мәтінімен танысып, төмендегі кестені әркім өздігінше толтырады.

Кесте: Дала композиторлары

№	Композитордың аты-жөні	Өмір сүрген жылы	Шығармалары	Оның еңбегінде қандай мәселелер жырланды
1				

Оқушылар ауызша жауап береді, үшеуі тақтадағы кестені толтырады. Басқалары кемшілігін анықтап, түзетеді.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §42. «Дала музыкасы» әңгімесімен танысып, 2–3 оқушыға ақын-жыраулар туралы хабарлама дайындап келу тапсырылады.

§43. Халық ауыз әдебиеті

Сабақтың мақсаты: оқушылардың халықтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері, эпостары, накыл сөздері туралы түсініктерін тереңдету. Халықтың шығармашылық өнерін ашып көрсету арқылы мәдениет саласында жұмыс істейтін адамдарға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи еңбектерден, ауыз әдебиетінен алған білімдерін сабақта пайдалана білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.

2. Эпос.

3. Мақал-мәтелдер.

Жаңа материалды оқып-үйрену барысында оқушылардың бастауыш сыныпта «Ана тілі» пәнінен алған қазақтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері, өткір сөздері туралы білімдері еске түсіріледі.

Мұғалім жоспардағы негізгі мәселелерді ашып көрсетеді. Ауыз әдебиеті шығармаларынан, қазақтың мақал-мәтелдерінен, аудиофильмнен үзінді пайдаланылады.

Оқушылар 3–4 топқа бөлініп, оқулықтың әр тақырыпшасымен (ертегілер, аңыз әңгімелер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, т.б.) өздігінше танысып, дәптерлеріне кестені толтырады.

Бұл кесте тақтаға жазылады. Оқулықпен өздігінше жұмыс аяқталған соң, әр топтағы бір оқушы шығып тақтадағы кестені толтырып, ойын қорытындылайды.

Кесте: «Қазақ халқының ауызша шығармашылығы»

Р/с	Қазақ халқының ауыз әдебиетіне не жатады?	Эпос дегеніміз не? Эпостық шығармаларды атаңдар	Мақал-мәтелдерге не жатады?	Аңыз-әңгімелерге не жатады?
1.				
2.				
3.				

Жұмыс дәптерімен, жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §43. «Халық ауыз әдебиеті» әңгімесімен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу. Қазақтардың баспанасы, еңбек құралдары, киім-кешектері, ұлттық тағамдары туралы иллюстрациялық материалдар және оқушылардың өздері салған суреттерін §45 оқып-үйренуге дайындап келу.

§44. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері

Сабақтың мақсаты: оқушыларды қазақ халқының дәстүрлерімен, наным-сенімдерімен таныстыру. Халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген құрметтеушілік сезімдерін тәрбиелеу. Оқушылардың оқулықпен өздігінше жұмыс істеу біліктерін одан ары дамыту жұмысын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: электронды оқулық, бейнефильмнен салт-дәстүрлер бейнеленген сюжеттен үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.
2. Қазақ халқының сенім-нанымдары.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесінен басталады. Электронды оқулық негізінде және бейнефильм арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі мен сенім-нанымдары туралы материалды пайдалану тақырыпты әсерлі де түсінікті меңгеруге көмектеседі. Содан кейін пайдаланылған үзінді негізінде оқушылармен төмендегідей сауалдар бойынша әңгімелесу өткізіледі: Қазақтардың қазіргі күнге дейін сақталған қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер? Басқа ұлттардың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер? Салт-дәстүр деген сөзді қалай түсінесіңдер? Отқа табыну деген не?

Бұл сабақта «Халықтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері» атты үлкен шеңбермен жұмыс жүргізіледі.

Бұл жаттығу ойдағыдай өту үшін алдын ала §39 тақырыпты оқып-үйрену барысында үйге тапсырма беріледі. Оқушылардың барлығы дайындалып келуі үшін қажетті әдебиет тізімі беріліп, не туралы айту керектігі, ата-аналардан білетіндерін жазып алуы туралы нақты нұсқаулар беріледі. Мәселен, §40–42 тақырыптарын оқып-үйрену барысында, не сабақ соңында оқушылардың есіне салып, түсінбеген жерлерін түсіндіріп, өзінде бар қосымша материалдарды оқушыларға беріп, осы жаттығуға дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Жаттығу басталмас бұрын мұғалім тақтаға «Алтын ережелер» деп аталатын жаднама іледі. Мұғалім оқушылардың бір-бірінің сөзін тыңдап, қайталамай, сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуі қажеттігін тағы бір рет ескертеді.

Оқушылар үлкен шеңбер құрады. Сөйтіп, бірінен кейін бірі кезектесіп қазақ халқы мен республикада тұратын басқа халықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы оқығандарын, өздері тікелей қатысқан мерекелерді, дәстүрлерді, ата-аналардан естігенін баяндайды.

Оқушылардың қысқа және негізгілерін айтуына 1–2 минут уақыт беріледі. Бірінші оқушы сөзін аяқтаған соң келесі оқушы айтады, барлығы үлгергенше жалғаса береді.

Оқушылардың жауаптарын мұғалім толықтырып, қателерін түзеп, қорытынды жасайды.

Содан кейін оқушыларға «Дұрыс жауабын тап» деген тапсырма беріледі. Бұл жұмысты дұрыс орындау үшін, оқулықпен өздігінше жұмыс жүргізіліп, кесте толтырылады.

Кесте: **Дұрыс жауабын тап**

I	II
1) Бір Аллаға сыйынады	1) Тәңір
2) Пұтқа табынады	2) Будда
3) Отқа табынады	3) Христиан
4) Құдай суретіне сыйынады	4) Ислам

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §44. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері» әңгімесімен танысу және оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§45. Материалдық мәдениет

Сабақтың мақсаты: оқушылардың қазақ халқының материалдық мәдениеті: баспанасы, киім-кешегі, тұрмыстық заттары мен кәсібі туралы түсініктерін одан әрі кеңейту. Материалдық мәдениет жасаушы адамдарға деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың иллюстрациялық материалдан алған білімдерін пайдалана алу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: иллюстрациялық материалдар, электронды оқулық, бейнефильмнен үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақ халқының материалдық мәдениеті.
2. Баспанасы.
3. Киім-кешегі.
4. Тұрмыстық заттары.
5. Кәсібі.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылардың өткен сабақта алған білімдерін пайдалануға негізделіп жүргізіледі. Әңгімелесуге арналған сауалдар:

1. Қазақ халқының баспанасы қандай болды? Оны неден және қалай жасады?
2. Қазақтардың ұлттық киім-кешегі туралы не білесіңдер?
3. Қазақтар тұрмыстық заттардан нені пайдаланды?
4. Қазақтар қандай кәсіппен шұғылданды?

Бейнефильмнен қазақтардың баспанасы, тұрмысы, кәсібі туралы үзінді пайдаланылады. Бейнефильм бойынша мұғалім қойған сауалдарға оқушылар жауап береді.

Сабақта «Қазақ халқының баспанасы, еңбек құралдары, киім-кешектері, ұлттық тағамдары» деп аталатын конкурс өткізіледі. Бұл тапсырма нәтижелі өту үшін, мұғалім оқушыларды қалауы бойынша 4 топқа бөліп, тапсырма береді. Әр топтың оқушылары иллюстрациялық материалдар, өздері салған суреттер және қысқаша мазмұнды хабарламалар дайындап келеді. Осы дайындаған материалдары бойынша 3–5 минутта сипаттама беруі керек.

Алдымен мұғалімнен және тарих пәніне деген ынтасы жоғары балалардан әділқазылар алқасы құрылады. Олар топтағы оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдап, жұмысына баға беріп, қорытындылайды.

Бірінші топтың 1 не 2 оқушысы бір-бірін толықтырып, қазақ халқының баспанасы туралы баяндайды. Иллюстрациялық материалдарын, салған суреттерін іліп қойып, оларды әңгімесінде пайдаланады.

Екінші топтың 2 оқушысы –еңбек құралдары, үшінші топтың 2 оқушысы – киім-кешек, төртінші топтың 2 оқушысы – ұлттық тағамдар туралы баяндайды.

Әділқазылар алқасы оқушылар суреттемесінің есте қаларлықтай әсерлі, қысқа, мазмұнды айтылуын қадағалайды. Бір топтың оқушылары қабырға газетін дайындап келуі де мүмкін. Оны атап өтіп, пайдаланғаны жөн. Оқушылар мен мұғалімнен тұратын әділқазылар оқушылардың жұмысы бойынша жасалған конкурстың шешімін айтады, қорытынды жасайды.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §45. «Материалдық мәдениет» әңгімесімен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§46. III бөлім бойынша қорытынды қайталау сабағы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың қазақ халқының ағартушылары, ғалымдары, ақын-жазушылары, композиторлары, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері, кәсібі мен тұрмысы, тамаша сәулет өнерінің ескерткіштері туралы білімдерін тексеру. Бұл сабақта оқушылардың мынандай қорытынды жасауына көмектесу қажет:

1. Халық өз еңбегімен ел байлығын жасады және арттыра түсті. Қазақ халқының мәдениеті халықтың ең үздік өкілдерінің еңбегімен, дарынымен жасалды.

2. Халық өз елін, жерін шексіз сүйді және оны шетелдік басқыншылардан ерлікпен қорғады.

3. Керемет кесенелер, ғимараттар жасалды. Қазақ халқының дамыған ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері болды.

Оқулықтағы тақырыптарға берілген жинақтап-қайталауға арналған сұрақтар бойынша әңгіме өткізіледі. Оқушылардың өздік жұмыстарын дамытуға септігін тигізетін тапсырмалар, кесте, викторина, кроссворд шешіледі.

Оқушылар өздігінше кесте толтырады.

Кесте: XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ағартушы ғалымдар

Аты-жөні	Еңбектері	Оның маңызы

4. Халық неліктен ойшыл-ғалымдар, ақын-жазушылар, әнші-композиторларды ғасырлар бойы естен шығармай, мақтан етеді?

5. Төмендегі тізімнен XVIII–XIX ғасырларда Қазақстан мәдениетінің дамуына үлес қосқан атақты қайраткерлер, жырау, композиторлар, ақындарды табындар: Бұқар жырау, Асанқайғы, Қорқыт ата, Дина Нұрпейісова, Құрманғазы, Абай, Ахмет Байтұрсынов. Олар жайлы әңгімелеп беріңдер.

6. Оқулықтан, әдебиет пәнінен, сабақтан тыс алған білімдеріңді пайдалана отырып, ақын, жыраулардың, композиторлардың өмірі мен қызметін сипаттап беріңдер.

5. «Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне ойша саяхат» деген тақырыпта әңгіме құрастырыңдар.

6. «Шоқан Уәлиханов – ғалым», «Ы. Алтынсарин – ағартушы педагог», «Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын» деген тақырыпта хабарлама дайындап келіңдер.

7. «Сырым Датұлы – шешен» деген тақырыптың күрделі жоспарын құрыңдар.

8. Өздеріңді бір сәт Наурыз мерекесінде жүрмін деп елестетіңдер. Наурыз мерекесінен не көрдің, не білдің? Қандай әсер алдың? Суреттеңдер.

9. Қазақ халқының киіз үйінің суретін салыңдар. Оны қалай жасайтыны, неден тұратыны туралы әңгімелеңдер.

10. «Қазақ халқының ұлттық киімдері» атты қысқаша шығарма жазыңдар.

11. Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері туралы не білесіңдер?

«Қазақстанда ең бірінші» атты тарихи калейдоскоп турнирін өткізген тиімді.

1. Тұңғыш ойшыл, дана, ғұлама?

2. Алғашқы ғалым саяхатшы?
3. Тұңғыш ұстаз-ағартушы?
4. Жазба әдебиеттерінің негізін салушы?
5. Қазақстан жерін ертеде мекендеген тайпалардың діні?

«Сен білесің бе?» атты жаттығу жүргізіледі:

1. Қазақтардың баспанасы туралы не білесіңдер?
2. Қазақтың қандай музыкалық аспаптарын білесіңдер?
3. X–XV ғасырлардағы қандай тарихи-мәдени ескерткіштерді білесіңдер?
4. Қазақтардың қандай күйші-композиторларын білесіңдер?
5. Қазақстан жерін мекендеген көшпелілердің қандай діндерін білесіңдер?

Үйге тапсырма: қайталауға байланысты оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу тапсырылады.

IV БӨЛІМ. XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§47. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы

Сабақтың мақсаты: Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы туралы оқушыларға түсінікті түрде ашып көрсету. Тарихи оқиғаларды суреттей білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтан үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау мұғалімнің оқулықтан іріктеп қойылған сұрақтары мен тапсырмалары бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы.
2. ҚазАКСР-інің құрылуы.
3. КСРО-ның құрылуы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесіне, картамен жұмысқа негізделіп өткізіледі. Электронды оқулықтан оқушылар өздігінше Кеңес өкіметі туралы материалмен танысады. Сауалдарға жауап дайындайды.

Оқушылар бірінен соң бірі оқулықтағы осы әңгімені үлкен абзацтар бойынша оқып, ондағы негізгі мазмұнды табады. Қорытынды жасап, ойларын дәлелдейді.

Содан кейін оқушылар өздігінше оқулық мәтіні бойынша кесте толтырады.

Кесте: Кеңес үкіметінің жүргізген алғашқы шаралары

Р/с	Кеңес үкіметінің алғашқы шаралары	Қазақстанда Кеңес өкіметін нығайту жолындағы шаралар
1.		
2.		
3.		

Терминологиялық диктант өткізген тиімді.

1. КСРО деген қысқарған сөзді таратып жазыңдар.
2. ҚазАКСР деген сөзді толық жазып, мағынасын түсіндіріңдер.
3. Декрет дегеніміз не?
4. Мемлекеттік рәміздер деген не?

Тарихи даталар бойынша диктант өткізіледі.

1. Қазан төңкерісінің жеңген күні.
2. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған жылдар.
3. ҚазАКСР-інің құрылған уақыты.
4. Кеңестердің Бүкілодақтық бірінші съезі өткен уақыт.
5. КСРО-ның құрылған жылы.

Сабақты бекіту барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жасалады.

Үйге тапсырма: §47. «Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы» әңгімесімен оқып танысу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу. «А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы» туралы 3–4 оқушыға хабарлама жазып келу тапсырылады.

§48. Алаш қозғалысы

Сабақтың мақсаты: оқушыларды Алаш қозғалысының өкілдері, қазақ зиялыларының қызметімен таныстыру. Алаш қозғалысының өкілдеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи қайраткерлерді сипаттау біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейнефильмнен «Алаш қозғалысы» атты үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Алаш қозғалысының өкілдері.

2. Ә. Бөкейханұлының өмірі мен қызметі.
3. А. Байтұрсынұлы.
4. М. Дулатұлы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесіне, оқушылардың оқулық мәтінін іріктеп оқуға, «Алаш қозғалысы» бейнефильмінің үзіндіге және картамен жұмыс жасауға ұштастырылады.

Қосымша материал:

«Әлихан Бөкейханұлы» (1866–1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы.

Ә. Бөкейханұлы және қазақ зиялылары халықтың сана-сезімін ояту мақсатындағы саяси ұстанымдары мен жұмыстары үшін тұтқынға алынып, Семей қаласында түрмеге қамалды, кейінірек Самар қаласына жер аударылады.

Әлихан Бөкейханұлы 1916 жылы жер аудару мерзімі аяқталған соң, Самарадан Орынбор қаласына келді. Онда ол қоғамдық және саяси өмірге белсене қатысады. Оның «Дала уәлаяты» газеті, «Айқап» журналы және «Қазақ» газетіне 200-ге жуық мақалалары мен аудармалары жарияланды. Ә. Бөкейханұлы қазақ тарихында тұңғыш саяси ұйым – Алаш партиясын ұйымдастырушы көсемі болды. Қазақ Автономиялық Республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланды.

1926–1927 жылдары Ә. Бөкейханұлы ескі достары – академик А. Ферсман, профессорлар С. Швецов, В. Бонч-Бруевич, Л. Чермактардың көмегімен Ресей Ғылым академиясына қызметке шақырылып, ғылыми жұмыспен айналысады.

Көп ұзамай большевиктер Қазақ автономиясының жұмысын тоқтатып, басшыларын қуғынға ұшыратты. Ә. Бөкейханұлы Мәскеуге жер аударылып, он жыл үй қамауында болды. 1927 жылдың 1 қазанынан бастап ол Мәскеуде ОГПУ органдарының бақылауында болады. Ендігі жерде Мәскеуде одан әрі қызмет ету мүмкін болмағандықтан, Қазақстанға қайта оралады. 1928 жылы Ә. Бөкейханұлы Алматыда ҚазМУ-де студент жастарға сабақ береді. Ол 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынады. Содан кейін жылдың аяғына қарай оған «1921 жылы Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүрікшіл ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды, 1927 жылы қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатысты» деген кінә тағылып, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2,4 және 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесіледі.

Дегенмен, қазақ ұлты зиялыларының көсемі Ә. Бөкейханұлы сияқты ірі тұлғаны өлтіруден қорқып, өлім жазасы абақтыда өтеуіне ауыстырылды.

Одан зиялы қауымның наразылық білдіруіне байланысты түрмеден босатылды. Ә. Бөкейханұлы 1937 жылдың тамызында қайтадан тұтқындалып, Бутырка абақтысына жөнелтіледі, тергеуге түседі, осы жылы қайтыс болды.

Бүкіл ғұмырын қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы мақсатына жұмсаған Ә. Бөкейханұлының өмірі мен қызметі жас ұрпаққа үлгі. Ол Ресейдің бірінші мемлекеттік Думасының, Мұсылман халықтары съезінің депутаты. Думаның мұсылмандар фракциясының мүшесі.

«Алаштың Әлиханы» атанған, азаттығымыздың басында тұрған, халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған ірі тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) – аса ірі әдебиет зерттеушісі, ғұлама түрколог, қазіргі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, дарынды ақын әрі аудармашы, публицист, қоғам және мемлекет қайраткері.

Ғұлама ұстаз халыққа білім беру ісін қолға алып, жетілдіруді алдына мақсат етіп қойды. Ахмет Байтұрсынұлы араб алфавиті негізінде 29 әріптен тұратын қазақ алфавитін жасап, тезірек хат танудың төте жолын салды. Ғалым «төте оқу» қазақ балаларына жеңіл болатынын дәлелдеді. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ұлттық жазуын (араб емлесін) қалыптастырды. «Тілашар», «Тіл құралы» атты кітаптарында грамматиканың негізін жасады.

Ахмет Байтұрсынұлын «Қазақтың Чернышевскийі» деп атаған. Ол ұлттық мектеп ашты, қазақ мектептері үшін оқулық жазды, қазақ терминдері мен мақалдарын, аңыздарын жинақтады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өнерін, тарихын, тұрмысы мен салт-дәстүрін жан-жақты зерттеді. Өзі ән шығарып, күй тартып, бірқатар қазақ әндерін нотаға түсіру үшін «Қазақтың 1000 әнін» жинаған А. В. Затаевичке көмек көрсетті.

Ахмет Байтұрсынұлы 1937 жылы қамауға алынып, атылған. Бүгінгі күні Ұлттық Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген.

Міржақып Дулатұлы (1885–1935) – ақын, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері, жазушы, журналист.

Міржақыптың «Оян, қазақ!» атты тұңғыш жыр жинағы 1909 жылы жарық көрді. М. Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңіндегі:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап,
Хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты, –

деген сөздері халықтың еркіндікке жету ұраны болды. Осы еңбегі үшін қуғынға ұшырап, бір жыл Семей түрмесіне қамалады.

Оның «Бақытсыз Жамал», «Азамат», «Терме», «Қазақтар мен қырғыздардың шығу тарихы» деп аталатын еңбектерінде халық мүддесін, елін, жерін сүю туралы сөз болады. Ф. Шиллер, А. Пушкин, М. Лермонтов өлеңдерін қазақшаға аударды.

1913 жылдан бастап Орынбордан шыға бастаған «Қазақ» газетінде А. Байтұрсынұлымен бірге жұмыс істеді, оның мақсаттас серігі болды.

М. Дулатұлы «Алаш» партиясы бағдарламасының авторларының бірі. Қазан төңкерісінен кейін «Алашорда» үкіметі жетекшілерінің бірі, Әскери Кеңесінің мүшесі болды, «Қазақ» газетін басқарды.

1919 жылы ол Кеңес өкіметі жағына шығады. 20–30 -жылдар аралығында М. Дулатұлы «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде, «Қызыл Қазақстан» журналында еңбек етіп, аудармашылықпен де айналысты.

Қазақ зиялыларын қуғындау басталғанда Міржақып тұтқындалып, 1930 жылы ату жазасына кесілді, кейін ол жаза 10 жыл түрмеге отырумен ауыстырылды. М. Дулатұлы Соловецк лагерінде 1935 жылы қайтыс болды. Ол тек 1988 жылы қараша айында ақталды.

Алаш қозғалысының қайраткерлері өз халқының теңдігі мен бостандығы үшін аянбай еңбек етті. Олар азаттық жолындағы күрестің көшбасшылары болды».

Оқушылардың Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы туралы дайындап келген хабарламалары тыңдалады.

Содан кейін оқушылар «Алаш зиялыларының қызметі» деген кестені оқулық мәтіні негізінде өздігінше толтырады.

Кесте: Алаш зиялыларының қызметі

Р/с	Алаш зиялыларының мақсаты қандай болды?	Алаш зиялылары қандай қоғамдық өмірге белсене араласты?	«Алаш» партиясының өкілдері мақсаттарына жете алды ма?

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §48. «Алаш қозғалысы» әңгімесі және оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§49. Қазақстанда 1920–1940 жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы

Сабақтың мақсаты: Қазақстандағы 1920-40 жылдардағы өзгерістер, елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, мәдени өзгерістер, аштық сияқты күрделі мәселелерді оқушыларға түсінікті тілмен жеткізу. Еңбек адамдарына деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулықтар, «Аштық» бейнефильмінен үзінді.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен мұғалімнің қосымша тапсырмалары негізінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан 1920-40 жылдары.
2. Елді индустрияландыру.
3. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру.

Мұғалім көңілге қонымды түрде 1920-40 жылдардағы Қазақстанның жағдайына сипаттама береді. Индустрияландыру мен ауыл шаруашылығындағы өзгерістер мәселесін түсіндірмелі әңгіме түрінде баяндайды.

«Аштық» бейнефильмінен үзінді көрсетіледі. Оқушылар мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқулықты іріктеп оқып талдайды.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §49. «Қазақстанда 1920–1940 жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы» әңгімесімен танысу және сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалу.

§50. Қазақстанның 1920–1940 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі

Сабақтың мақсаты: Қазақстандағы алғашқы бесжылдықтың қорытындылары, Қазақ КСР-нің құрылуы, зиялы қауымның жазалануы туралы мәселелерді оқушылар жасына сай түсіндіру. Ұлт зиялыларына деген құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу. Тарихи қайраткерлерге сипаттама беру біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар және мұғалімнің проблемалы тапсырмалары бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Алғашқы бесжылдықтың қорытындылары.
2. Қазақ КСР-нің құрылуы.
3. Зиялы қауымды қудалау.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесіне, «Аштық» атты бейнефильмнен үзіндіге, оқулық мәтінімен топ болып жұмыс жасауға негізделіп құрылады.

Оқулық мәтіні негізінде оқушылар кесте толтырады.

Кесте: Алғашқы бесжылдықтың қорытындылары

Р/с	Өнеркәсіп	Ауыл шаруашылығы	Мәдени өмір
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			

Оқушылар өз қалауы бойынша кестені толтырады, талдау өткізеді. Кесте толтырып болған соң, «Қазақ АКСР-інің одақтас республика болып құрылуы» деген тақырыпшаны оқушылар дауыстап кезектесіп оқып, мынандай тапсырма орындайды.

«Қазақ АКСР-інің одақтас республика болып құрылуы» тақырыпшасына сипаттама беріңдер.

1. Қазақ КСР-і КСРО құрамындағы одақтас республика.
2. Қазақ КСР-нің Конституциясы.
3. Қазақ КСР-нің құрылуының маңызы.
4. КСРО, Қазақ КСР-і қысқарған сөздерін таратып жазу.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §50. «Қазақстанның 1920–1940 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі» әңгімесімен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§51. Ұлы Отан соғысы

Сабақтың мақсаты: оқушыларға Ұлы Отан соғысы бүкіл кеңес халқының қаһармандық ерлігі болғандығын, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысында ерлікпен күрескенін, тылда еңбектегі ерлік көрсеткенін түсіндіру. Оқушыларда отаншылдық, халықтар арасында достық сезімді тәрбиелеуге көмектесу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы» кинофильмінен үзінді, электронды оқулық, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Кеңестер Одағының Ұлы Отан соғысы.

2. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылармен әңгімелесуден басталады. Оқушылар соғыс туралы теледидар, радио хабарларынан, көркем фильмдерден, спектакльдер көруден, көркем әдебиеттен және бастауыш сынып сабақтарынан біледі. Бірақ олардың бұл түсініктері үзік әрі жүйесіз болып келеді. «Қазақстан тарихынан әңгімелер» сабағында оқушылар Ұлы Отан соғысының жалпы барысы туралы хронологиялық тәртіппен баяндалған алғашқы жүйелі білім және түсініктер алады. Бұл тақырыпты оқып-үйренуге бағдарлама бойынша төрт сағат берілген. Сондықтан осы жастағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жоғары сыныптағыдай егжей-тегжейлі түсіндірілмейді. Әңгімелер курсы – бұл жоғары сыныптағы тарихтың жүйелі курсының конспектiсi емес. Бесінші сынып оқушылары Ұлы Отан соғысы бүкіл Кеңес халқының, бүкіл адамзаттың фашизмге қарсы жүргізген аса зор соғысы екендігі жайлы түсінік алуы керек. Осы материалды оқушыларға көңілге қонымды түрде жеткізу қажет.

Ұлы Отан соғысының ең маңызды кезеңдерін баяндайтын әңгімелерді іріктеп алып, әсерлі баяндау тәрбиелік жағынан маңызды. Бұл сабақтардың басты идеясы – отаншылдық, елжандылық, халықтар арасындағы достық пен өзара көмек мәселелерін оқушыларға нақты мысалдар арқылы жеткізу керек. Сабақта бесінші сыныпқа арналған «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы» атты кинофильмнен, не диафильмнен үзінділер, карта, кесте, суреттер, иллюстрациялық материалдар, қосымша әдебиеттен үзінділер пайдалану сабақтың тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін іске асыруда көмектеседі. Бұл тақырыпты оқып-үйренуде өлкетану материалдарының, музейлерге саяхат жасаудың, ондағы материалды, экспонаттарды пайдаланудың маңызы ерекше.

Осы тақырып көлемінде оқушылар өздігінше, мысалы, «Ұлы Отан соғысындағы менің сүйікті батырым», «Қазақстандықтардың ерлігі – жас ұрпаққа үлгі» т.б. тақырыптарға хабарламалар әзірлейді. Ол үшін оқушыларға бірінші сағатта (сабақта) хабарламалар жасауға әзірленуі үшін алдын ала балаларға арналған көркем әдебиеттер тізімдерін беру қажет. Тақырыпты оқып-үйрену барысында оқушылар оқыған кітаптарын басқа оқушыларға көрсетіп, одан қысқаша үзінді оқуына болады. Бұндай жұмыстар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, сабақты тартымды да қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Ұлы Отан соғысына арналған тақырыптардың мақсаты ортақ болғандықтан, әр сабақты түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өткізуге болады. Әрбір сабаққа мақсат қоюдың қажеті жоқ.

Оқушылардың көз алдында тек соғыс майданындағы ерліктер ғана емес, тылдағы еңбектегі ерлік істер ашылып көрсетілуі тиіс. Майдан мен тылдағы қаһармандық ерлік, ержүректілік өнегесін табандылық пен патриотизм өнегесі ретінде ашып көрсетуге мән берген маңызды.

Ұлы Отан соғысына арналған сабақтар оқушыларда «Отан», «әділетті соғыс», «ерлік», «батырлық», «достық», «жауапкершілік» сияқты ұғымдарды қалыптастыруда маңызы ерекше. Оларда Отанға, халыққа, еңбеккер адамдарға деген ерекше құрмет пен мақтаныш сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Жаңа сабақ оқушылардың Ұлы Отан соғысынан не білетіні туралы әңгімеден басталады, содан кейін мұғалімнің «Ұлы Отан соғысының» басталуы туралы әңгімесі картамен жұмыс жасауға ұштастырылады.

«Ұлы Отан соғысы» атты кинофильмнен «Бәрі де соғыс үшін, бәрі де жеңіс үшін!», «Москва шайқасы» деп аталатын 5–7 минутқа созылатын үзінділер пайдаланудың маңызы зор. Содан кейін оқушылар оқулық мәтінін кезектесіп оқиды, сауалдарға жауап береді, мәтіндегі негізгі ойды тауып, талдайды. Оқушылар «Ұлы Отан соғысы» атты кестені толтырады. Келесі сабақтарда жұмыс жалғастырылады.

Кесте: Ұлы Отан соғысы

Р/с	Жылдар	Маңызды оқиғалар
1.		
2.		
3.		
4.		

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §51. «Ұлы Отан соғысы» әңгімесі, оған берілген сұрақ-тапсырмалар, «Қазақстандықтардың ерлігі», «Талғат Бигелдинов» туралы, «Б. Момышұлының өмірі мен қызметі», «Әлия мен Мәншүктің ерлігі» атты тақырыптарда хабарламаларға дайындалып келу тапсырылады (3–4 оқушыға).

§52. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында

Оқып-үйренген материалды қайталау §51 әңгімелеріне берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. 28-панфиловшылардың ерлігі.
2. Қаһарман батыр Б. Момышұлы.
3. Талғат Бигелдиновтың ерлігі.
4. Мәншүк пен Әлияның ерлігі.

Жаңа сабақтың мазмұны өткен сабақтың тікелей жалғасы болғандықтан, «Ұлы Отан соғысы» кинофильмінен «Волгадағы шайқас», «Халық кегін алушылар» атты үзінділер пайдаланылады. Фильмнен үзінді көрсетілмес бұрын оқушылар назары тақтаға аударылады. Онда мынандай сұрақтар жазылған:

1. Фильмнің аты неге бұлай қойылған?
2. Бұл соғыс неліктен Ұлы Отан соғысы деп аталады?
3. Әділетті соғыс деген не?

4. Ұлы Отан соғысы кеңес халқы үшін ауыр сын болғандығын мысалдармен дәлелдендер.

Қосымша материал:

«Нүркен Әбдіров (1919–1942) – әскери ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры.

Ол Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепті бітірген соң, Қарағандыдағы №1 шахтада жұмыс істейді. Осы кезде аэроклубта оқиды, ал 1940 жылы Орынбор әскери авиация училищесіне түседі. Соғыс басталған соң, Ташкенттегі әуе атқыштары мектебіне ауыстырылды. Содан кейін Сібір қалаларының бірінде ұшқыштар училищесіне қайта оқуға түседі. Н. Әбдіров шабуылдаушы-ұшқыш ретінде тұңғыш әуе шабуылына 1942 жылы 23 қазанда қатысады. Екі айға жуық уақытта Нүркен 16 рет жауынгерлік әуе жорығына араласып, жаудың 12 танкісін, 28 автомашинасын және т.б. техникасын және 50-ге жуық солдаты мен офицерін жойды. 1942 жылы 19 желтоқсанда кіші лейтенант Б. Алексеев басқарған «Ил»-дердің төрттігі қатарында Ростов облысындағы Боков ауданы Коньков хуторында жинақталған жау танкілері мен автомашиналарына

жасалған шабуылға қатысты. Кеңес ұшқыштарының тұтқиылдан жасаған шабуылы сәтті болғанымен, келесі кезекте неміс артиллериясының атысына тап болды. Жетекшінің ұшағы өртене бастады. Н. Әбдіров ұрысты одан әрі жалғастыра берді. Оның да «Ил» ұшағы отқа оранды. Сол сәтте Н. Әбдіров өжет шешімге келді. Ол өртеніп бара жатқан ұшағын жаудың жанармай цистернасының маңына топталған жау танкілерінің шоғырына бағыттады. Н. Әбдіровтің ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Батыр есімімен республикамыздың қалаларында көшелер аталады, ескерткіштер қойылған. Қарағанды қаласында Н. Әбдіровтің құрметіне жалпы биіктігі 4,18 метр, мәрмәр тақтамен қапталған ескерткіш қойылған.

Мәншүк Мәметова (1922–1943) – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры.

Мәншүк анасына: «Апа! Отаным маған қару берді. Сол сенімді ақтағым келеді. Көптен ойлаған ой-мақсаттарыма енді жетемін. Соғысқа барғанда фашистерден кек аламын. Мақсатым осы, хош, менің сүйіктім. Қатты қысып сүйемін. Қызың Мәншүк» деп жазыпты Алматыдан майданға жүрер алдындағы хатында.

Невель қаласы үшін болған шайқаста М. Мәметова табандылық, батырлық көрсетіп, ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Павлодар облысының колхозшылары қаһарман қазақ қызының құрметіне М. Мәметова атындағы танк колоннасын жасақтауға қажетті қаржы жинады. Қызылорда қыздар педагогикалық училищесі, ондағы мектептер, көшелерге батыр қыздың аты берілді.

М. Мәметованың өмірі мен өшпес ерлігі туралы А. Михалков-Кончаловский мен режиссер М. Бегалин «Мәншүк туралы ән» кинофильмін түсірді.

Әлия Молдағұлова (1924–1944) – қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры.

Әлия 1943 жылы маусым айында 2-Прибалтика майданының 26-атқыштар дивизиясы құрамында үлкен шайқастарға қатысты. Құралайды көзінен ататын мергендігімен атаққа ілінеді. 1944 жылы Новосокольники стансасы маңындағы шайқаста қазақтың батыр қызы қаза тапты. Отан үшін көрсеткен жанқиярлық ерлігі мен қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Алматыда Әлия мен Мәншүкке арналған ескерткіш орнатылды. Оның есімімен республикада мектептер, көшелер, ұжымшарлар аталған.

Хиуаз Доспанова (1922–2008) – қазақтың қаһарман қызы, ұшқыш, Халық Қаһарманы.

Хиуаз Орал облысында, Жайықтың сағасында туған. Хиуаз мектепті алтын медальмен бітірген. Өз еркімен сұранып, бірінші курстан Ұлы Отан

соғысына Отанын қорғауға аттанды. Ұшқыш Х. Доспанова 300-ден астам әуедегі ұрыстарға қатынасып, елге жеңіспен оралған.

Хиуаз Доспановаға 2004 жылы Халық Қаһарманы атағы берілді.

Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк және Хиуаздың Отан қорғау жолында көрсеткен батылдығы жас ұрпаққа отаншылдық пен азаматтықтың жоғары үлгісі.

Аттары аңызға айналған үш батыр қыз – Әлия, Мәншүк, Хиуаз есімдерін біріктіріп тұрған – Отанға деген сүйіспеншілік, ерлік пен батырлықтың үлгісі, аяулы ата-ана мен туған жерге, елге деген махаббаты».

Оқушылардың Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов, Әлия мен Мәншүк ерліктері туралы хабарламалары тыңдалады.

Оқушыларға проблемалық тапсырма беріледі: *Панфиловшы батырлар, Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов, Мәншүк пен Әлия және басқа жауынгерлерге адамның қандай жақсы қасиеттері тән еді?*

Оқушылар жауаптарын оқулықты іріктеп оқу арқылы жауап береді. Оқушыларға «Ұлы Отан соғысына сипаттама беріндер» деген тапсырма беріледі.



Тапсырма бойынша талдау жасалады.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §52. «Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында» әңгімесі, сұрақтар мен тапсырмалар. Үш-төрт оқушыға «Тылдағы ерлік» және «Партизандар» атты хабарлама дайындап келу тапсырылады.

§53. Сталинград шайқасы. Қазақстандықтардың ерлігі

Оқып-үйренген материалды қайталау §52 әңгімелеріне берілген сұрақтар мен тапсырмалар негізінде өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Тылдағы ерлік.
2. Сталинград шайқасы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің кіріспе әңгімесінен басталады. Оқушыларға түсінікті тілмен тылдағы халықтың ерлігі туралы

баяндалады. Сабақтың тәрбиелік мәнін күшейту үшін «Совет Одағының Ұлы Отан соғысы» диафильмінен тылдағы ерлік туралы үзінділер пайдаланылады.

Өлкетану материалдарын пайдалану не музейге экскурсия ұйымдастыру, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізу де тәрбиелік-танымдық жағынан пайдалы болар еді.

Музейге саяхатқа баруды жақсылап әрі мұқият даярлаған дұрыс. Оқушыларға алдын ала сұрақтар мен тапсырмалар бөліп беріліп, эссе, хабарлама (қысқаша) дайындау тапсырылса, осындай тәрбиелік мәнді материалды терең түсінуге көмектесер еді. Музейде мына мәселелерге назар аударған дұрыс, мысалы:

1. Туған өлке тұрғындарының Ұлы Отан соғысында көрсеткен қаһармандық ерлігінен мысалдар.

2. Тылдағы ерлікке менің қаламның не ауылдың үлесі.

3. Ұлы Отан соғысындағы әйелдер мен жасөспірімдердің рөлі.

4. Жас батырлардың ерлігі – бізге үлгі.

Экскурсия аяқталғаннан кейін оқушылар бұл сұрақтарға жауап әзірлейді, хабарлама, эссе дайындайды. Қабырға газетін шығарады. Онда өздерінің хабарламаларын, ардагерлерден жазып алған интервьюлерін жариялайды, иллюстрация ретінде суреттер жинайды, не өздері салады, альбомдар, монтаждар т.б. даярлайды.

§51 тақырыпты оқып-үйренгенде пайдаланылған кестені толтыру жалғастырылады.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §53. «Сталинград шайқасы. Қазақстандықтардың ерлігі» әңгімесімен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалу. 4–5 оқушы «Ұлы жеңіс» «Қазақстандықтардың ерлігі», «Жасөспірім батырлар» т.б. тақырыпта хабарлама дайындайды.

§54. Ұлы жеңіс

Оқып-үйренген материалды қайталауға арналған сұрақтар:

1. Ұлы Отан соғысы қай жылы басталып, қашан аяқталды? Ұлы жеңіске биыл қанша жыл?

2. Ұлы Отан соғысына қанша қазақстандықтар қатысты?

3. Қазақстандықтардың ерлігінен мысалдар келтіріңдер.

4. Бұл ауыр соғыста кеңес адамдарының қандай адамдық қасиеттері ерекше көрінді?

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Ұлы Отан соғысының аяқталуы.

2. Ұлы жеңістің тарихи маңызы.

Жаңа материалды оқып-үйрену алдында тактаға мынандай проблемалық тапсырма жазылады: Кеңес Одағының екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуінің қандай себептері бар? Ұлы жеңістің қандай тарихи маңызы болды. Бұл жөнінде сабақта және сабақтан тыс алған білімдеріңді пайдаланып жауап беріңдер.

Оқушылар хабарламалары тыңдалады. «Ұлы жеңіс» диафильмінен үзінді пайдаланылады. Картамен жұмыс жүргізіледі. Оқушылар оқулық материалын абзац бойынша кезектесіп оқып, жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап береді. Содан кейін «Менің сүйікті қаһарманым» атты сайыс өткізіледі. Мұғалім мен тарих пәніне қызығушылығы жоғары оқушылар тобынан әділқазылар (не сарапшы топ) құрылады. Әділқазылар сайыстың нәтижесіне баға беріп, қорытынды жасайды.

Сынып 5–6 топқа бөлінеді. Мұғалім алдын ала даярлаған қазақстандық батыр не жауынгер туралы мінездемені оқушыларға береді. Әр топтың оқушылары мінездемемен мұқият танысып, оның кімге берілгенін анықтайды. Бұл тапсырманы орындауға 3 не 5 минут беріледі.

Әділқазылар алқасы оқушылардың тапсырманы қалай орындағанына баға беріп, қорытындылайды. Оқушылар «Жетпей тұрған дыбысты толтырыңдар» тапсырмасын орындайды:

Б...в – екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған тұңғыш ұшқыш қазақ.

М...ы – «Халық Қаһарманы» атағына ие болған батыр жазушы.

Б...в – тары өсіруден әлемде рекорд жасаған қазақ.

П...в – қазақстандық генерал-майор.

Ә...в – Еділ бойында ерлікпен қаза тапқан ұшқыш.

С...м – 1940 жылы күріш өсіруден рекорд жасаған күріш өсіруші.

С...в – Жезқазған мыс кен орнын зерттеген академик-ғалым.

Үйге тапсырма: §54. «Ұлы жеңіс» тақырыбын оқып танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§55. Тың игеру

Сабақтың мақсаты: оқушыларға тың және тыңайған жерлерді игеру, оның Қазақстан үшін маңызын ашып көрсету. Тың игеруде ерлігімен атағы шыққан тың игерушілер туралы бейнелі түсінік беру арқылы тың игерушілерге деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи қайраткерлерге сипаттама беру біліктерін одан ары дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, «Тың игеру» атты диафильмнен үзінді, электронды оқулық.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстандағы тың игеру.

2. Тың игерушілер.

3. М. Довжик, К. Дөненбаева және басқа тың игеруші ерлер.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің тың игеру туралы түсіндір-мелі әңгімесімен басталып, картамен жұмыс жасауға ұштастырылады.

«Тың игеру» диафильмінен және электронды оқулықтан 5–7 минут үзінді пайдаланылады.

Оқушылар үш топқа бөлініп, бірінші топтағылар «Тың игеру» туралы мәтінмен танысып, ондағы негізгі ойды табады. Екінші және үшінші топтағылар тың игерушілер және М. Довжик пен К. Дөненбаева туралы материалдармен танысып, оның күрделі жоспарын жасайды. Оны талдауға барлық оқушылар қатысады.

Содан кейін пікірсайыс өткізіледі. Оқушылар «Тың игеру Қазақстанға не берді?» деген тапсырманы талдауы керек. Осы проблемалы сұрақты шешу үшін «қолдайтын және қарсы» барлық мәселелер талданады. «Тың игеру пайдалы болды ма, әлде зиянды болды ма?» деген тапсырма негізінде оқушылар өз қалауы бойынша бір көзқарасты таңдап, осы пікірді қолдайтын топқа еркімен қосылады. Топпен жұмыс жасап, шамамен үш дәлел келтіреді. Пікірсайыс қызықты әрі нәтижелі өтуі үшін төмендегі ережелерді еске салған дұрыс.

Пікірсайысты дұрыс өткізу үшін мына ережелерді есте сақта. Оны орында:

1. Оқушылар белгіленген 2–3 минут ішінде сөйлеп үлгеруі қажет.

2. Бір-бірінің сөзін бөлмей, шуламай, кезекпен, бір-бірден сөйлеуі тиіс.

3. Оқушы өз ойын дәлелдегенде сыныптағы оқушыларға не мұғаліміне қарап сөйлеуі керек.

Сабақты бекіту барысында жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §55. «Тың игеру» әңгімесімен танысып, ондағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§56. Қазақстан – ғарыштық держава

Сабақтың мақсаты: оқушыларға Қазақстандағы ғылым мен білімнің дамуы туралы мәселені түсіндіру, белгілі ғалымдар, ғарышкерлердің өмірімен, қызметімен таныстыру. Оқушыларда ғылым мен білім саласында қызмет жасайтын адамдарға деген құрмет сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу. Тарихи қайраткерлерді суреттей білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиofilm-нен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сауалдары бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуы.

2. Қаныш Сәтбаев.

3. Қазақстан – ғарыштық держава.

4. Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев – қазақ ғарышкерлері.

5. Олжас Сүлейменов және оның «Адамға табын, жер, енді» атты шығармасы.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің Қазақстанда ғылым мен білімнің дамуы туралы түсіндірмелі әңгімесінен басталады.

Ғылым мен білімнің дамуы туралы бейнефильмнен үзінді пайдаланылады. Оқушылардың Қ. Сәтбаев, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев және О. Сүлейменов туралы хабарламалары тыңдалады.

Оқушылар жұп болып, оқулықпен өздігінше жұмыс жасайды.

Бұл сабақта ауыспалы-топтық жұмысын жүргізген тиімді.

«Қазақстан – ғарыштық держава» мәселесі бойынша өзекті проблемалы материалдардан үзінділер пайдаланылып, ауыспалы-топтық жұмыс жүргізіледі.

Оқушылар (сыныптағы балалар санына қарай) 5 топқа бөлініп отырады. Тапсырмалар:

1. Ғарыш кемелерін ұшырататын аймақ ретінде неліктен Қызылорда облысының Байқоңыр төңірегі таңдап алынды?

2. Кеңес Одағы тұсында Байқоңыр қандай мақсатта қолданылды?

3. Тәуелсіз Қазақстан Байқоңыр ғарыш аймағын қандай мақсатта пайдалануда?

4. Байқоңыр – халықаралық ғарыш аймағы екенін дәлелдендер.

5. Байқоңыр ғарыш аймағында қандай зерттеулер жүргізіледі?

Оқушылар тапсырмалармен танысып, естеріне сақтайды. 2 минуттан кейін оқушылар өздерінің топтағы орындары нөмірленген үстелдерге ауысып отырады. Яғни, №1 бала №1 үстелге отырады, оның жанына әр топтың бірінші нөмірлі оқушысы келіп отырады. Содан кейін оқушылар бір-біріне барлық бес тапсырманың мағынасын таныстырып, түсіндіреді.

Мұғалім қосымша сұрақтар қою арқылы балалардың тапсырманы қаншалықты түсінгендерін тексереді, олардың ойын анықтап, қорытындылайды.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §56. «Қазақстан – ғарыштық держава» әңгімесі және оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§57. Қазақстанда ғылым мен өнердің дамуы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуы, жазушылар, қазақ киносы, суретшілер туралы түсініктерін тереңдету. Мәдениет пен өнер саласында қызмет жасайтын адамдарға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Тарихи қайраткерді суреттей білу біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақ-тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сауалдары бойынша өткізіледі:

1. Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуына үлес қосқан ғалымдарды атаңдар. Олар туралы не білесіңдер?

2. Неліктен «Қазақстан – ғарыштық держава» деп аталады?

3. Бейбіт күндері ғарышкерлер қандай ерлік жасады? Ғарышкерлердің өмірі мен қызметінен қандай үлгі аласыңдар?

4. О. Сүлейменовтың қандай еңбектерін білесіңдер? Онда не туралы айтылған?

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің дамуы.

2. Қазақстанның ақын-жазушылары.

3. Илияс Есенберлин.

4. Қазақ киносы. Шәкен Айманов.

5. Әбілхан Қастеев.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылармен әңгімелесуден басталады. Экраннан Қазақстанның атақты жазушылары, әртістері, суретшілері бейнеленген иллюстрациялық материалдар көрсетіледі.

Мұғалім: Балалар, бүгінгі сабақта біз қандай тақырыптағы әңгімені оқып-үйренеміз? Экранда не бейнефильмде көрген жазушылар, әртістер, суретшілер туралы не білесіңдер?

Оқушылардың жауаптары тыңдалып, толықтырылады.

Оқушыларға 3 топқа бөлініп, оқулық мәтінімен өздігінше танысып, осы әңгіме бойынша кесте дайындау тапсырылады. Оқушылардың дайындаған кестесінің үлгісі мынадай болуы мүмкін.

Кесте: Қазақстанның ақын-жазушылары

Аты-жөні	Қандай еңбек жазды?	Еңбектің маңызы қандай?
І. Есенберлин	«Көшпенділер» романы	Көшпенділердің өмірі, тұрмысы, кәсібі, елді шапқыншылардан ерлікпен қорғау туралы жазылған

Тақтаға үш топтың оқушылары шығып, әрқайсысы үш тақырыпша бойынша кесте дайындап, өз ойларын дәлелдейді. Басқа оқушылар жауаптарын толықтырып, жіберген кемшіліктерін жөндейді.

«Мына шығармалардың авторын дұрыс тауып жазыңдар» деген тапсырма бойынша жұмыс жүргізіледі:

1. М. Әуезов – «Оянған өлке».
2. Ғ. Мүсірепов – «Біздің семья».
3. С. Мұқанов – «Абай жолы».
4. Б. Момышұлы – «Өмір мектебі».

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §57. «Қазақстанда ғылым мен өнердің дамуы» әңгімесімен танысу, оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

V БӨЛІМ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

§58. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, егемен мемлекет

Сабақтың мақсаты: Қазақстан Республикасының құрылуы, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қазақстанның әлемдегі орны туралы мәселелерді оқушылардың жасына сай ашып көрсету. «Қазақстан – менің Отаным» идеясын басшылыққа ала отырып, жастар өз Отанының болашағына жауапты екендігін түсіндіру. Оқушыларды елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге көмектесу. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, «Тәуелсіз Қазақстан» бейнефильмі, электронды оқулық, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықта берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан Республикасының құрылуы.
2. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев.

3. Біртұтас Қазақстан халқы.

4. Қазақстан Республикасының әлемдегі орны мен рөлі.

Жаңа материалды оқып-үйрену «Тәуелсіз Қазақстан» бейнефильмінен 5–7 минут үзінді көрсетуден басталады. Фильмді көрмес бұрын оқушылар назары тақтадағы жазуға аударылады. Онда мынадай сұрақтар жазылған:

1. «Тәуелсіз Қазақстан Республикасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
2. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылуының қандай маңызы бар?
3. Қазақстан Республикасының әлемдегі алатын орны қандай?

Бейнефильмнен үзінді көрсетілгеннен кейін мұғалім «тәуелсіздік», «егемендік» деген термин сөздерге оқушылар көңілін аударып, мағынасын түсіндіреді. Мұғалімнің тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы туралы әңгімесі баяндалады. Содан кейін тақтаға жазылған сауалдарға жауап табу үшін, оқушылар кезектесіп оқулық мәтінін абзац бойынша дауыстап оқиды. Ондағы негізгі ойды тауып, жоғарыдағы сауалдарға жауап береді. Мұғалім толықтырады.

Оқушыларға төмендегідей сұрақтар қойылады: «Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев туралы не білесіңдер? Елбасымыздың қандай кітаптарын оқыдыңдар? Ол кітаптар қалай аталады?» Содан кейін оқушылар еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың өмірі және қызметімен танысады.

Қазақстан халықтары, Қазақстан Республикасының әлемдегі орны туралы мәтінмен өздігінше оқулықты оқып танысады.

Оқушылар төмендегідей кесте-сызбаларды толтырады. Сынып болып дұрыстығын дәлелдейді (талдайды).

Қазақстанда мекендейтін ұлттарды атап, кестені толтырыңдар	_____

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §58. «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, егемен мемлекет» әңгімесімен танысу, оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§ 59. Қазақстан Республикасының Конституциясы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың еліміздің негізгі заңы – Конституция туралы түсініктерін тереңдету. «Конституция», «демократия», «құқықтық мемлекет», «адам құқығы» туралы түсініктерін қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру. Ата заңымызға деген құрмет сезімін тәрбиелеуге септігін тигізу. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды талдай білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейнефильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар, электронды оқулық.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Конституция – еліміздің негізгі Заңы.

2. Қазақстан Республикасы – демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет.

Жаңа материалды оқып-үйрену мұғалімнің түсіндірмелі әңгімесінен басталады. Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы бейнефильмнен не электронды оқулықтан үзінді пайдаланылады.

Оқушылар дәптерлеріне «конституция», «демократия», «құқықтық мемлекет», «адам құқығы» туралы түсініктердің мағынасын анықтамадан тауып жазып алады. Оқушылар кезектесіп үлкен абзацтарды оқулықтан оқиды, негізгі ойды тауып, талдайды. Содан кейін «Қазақстан Республикасының Конституциясы» атты кестені өздігінше толтырады.

Кесте: Қазақстан Республикасының Конституциясы

Р/с	Сұрақтар	Жауаптар
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы қанша баптан тұрады?	
2	Конституцияның 1-бабында не туралы жазылған?	
3	Конституцияның 29-бабы неге арналған?	
4	Конституцияның 30-бабында не туралы айтылған?	
5	Конституцияның 36-бабы неге арналған?	

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §59. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» әңгімесімен танысу, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу.

§60. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Гербі, Туы және Гимні туралы түсініктерін тереңдету. Мемлекеттік рәміздерді жасаған авторлар туралы білімдерін одан әрі кеңейту. Бұл сабақтың материалы оқушыларда халықтар арасындағы келісім мәдениетін тәрбиелеуге, олардың бойында достық, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейнефильм мен аудиofilmнен үзінділер, электронды оқулық, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар және мұғалімнің қосымша сауалдары бойынша жүргізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.
2. Мемлекеттік рәміздердің авторлары.

Жаңа материалды оқып-үйрену Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін айтудан басталады.

Бейнефильм мен аудиofilmнен не электронды оқулықтан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гербі көрсетілген, Туы желбіреген және Гимні айтылған үзінді пайдаланылады. Мемлекеттік рәміздер бейнефильмнен көрсетілгенде, Гимн орындалғанда оқушыларда ерекше – Отанымыз Қазақстан Республикасына, оның адамдарына деген аса үлкен құрмет пен сүйіспеншілік сезім пайда болады. Бұның өзі сабақта оқушыларды отаншылдыққа, достыққа, азаматтыққа тәрбиелеуде ерекше маңызды болып табылады.

Оқушылар төмендегідей проблемалы тапсырмаларға жауап береді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қашан және қалай қабылданды?
2. Гербтегі белгілер нені білдіреді?
3. Еліміздің Туында не көрініс тапқан?
4. Гимнде не туралы айтылады?
5. Мемлекеттік рәміздерді дайындаған авторлар туралы не білесіңдер?

Оқушылар үш топқа бөлініп, оқулық мәтінімен өздігінше жұмыс жасайды. Бірінші топ оқушылары Герб және оның авторлары, екінші топ оқушылары Ту және оның авторлары және үшінші топ оқушылары Гимн мен оны жазған авторлар туралы оқулықтағы материалды және сабақтан тыс алған білімдерін пайдалана отырып әңгіме құрайды.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §60. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» әңгімесі және оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу. Екі оқушыға еліміздің теңгесі туралы хабарлама дайындап келу тапсырылады.

§61. Біздің теңге

Сабақтың мақсаты: оқушылардың еліміздің ұлттық валютасы – теңгенің шығу тарихы, нумизматика туралы білімдерін одан әрі тереңдете түсу. Оқушылардың жаңа білімдерді ала білу біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейнефильм, электронды оқулықтан үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге.
2. Нумизматика.
3. Теңге, оның шығу тарихы туралы.

Жаңа материалды оқып-үйрену оқушылармен теңге жайлы не білетіндері туралы әңгімелесуден басталады.

1. Теңге дегеніміз не?
2. Қазақстан Республикасында теңге қалай өмірге келді?
3. Теңгенің біздің еліміз үшін қандай маңызы бар?

Бейнефильмнен теңге туралы үзінді пайдаланылады, ал электронды оқулықтан теңгенің шығу тарихы туралы мәтінмен таныстырылады, ондағы тапсырмаларға жауап беріледі.

2 оқушы теңгенің шығу тарихы жайлы хабарлама жасайды.

Мұғалім нумизматика ұғымының мәнін ашып көрсетеді, оқушылар оның анықтамасын дәптерлеріне жазып алады.

Оқушылар оқулық мәтінімен танысып, «Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы – теңге» деген тақырыпша негізінде сайыс өткізіледі. Оқушылар 4 топқа бөлініп, Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы – теңге туралы мәлімет жинақтайды. Тақырыпты 1-топтың балалары бас-

тайды, содан кейін мұғалім қай топты көрсетсе, сол топ жалғастырады. Бұл тапсырманы оқушылар мұқият тыңдап отыруы тиіс. Өйткені мұғалім оқиғаны кез келген жерден үзіп, басқа топқа әңгімені жалғастыруды тапсырады. Бұл сайыста оқушылардың жауаптары мынандай сапа бойынша бағаланады: ұлттық ақша – теңге туралы оқушылар ойларының мазмұндылығы, нақты фактілер не мысалдар келтіруі, қосымша материалдар пайдалануы, айтып тұрған ойдың үзілмей, жалғасын табуы, т.б.

Сабақ соңында оқушылар «Ұлттық ақша – теңге» атты тапсырманы орындайды:

1. Қазақ жерінде ақша қашан пайда болды?

2. Біздің төл теңгеміз қашан өмірге келді?

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §61. «Біздің теңге» әңгімесімен танысып, оған берілген сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу. «Байтақ қала – Астана» атты тақырыпта барлық оқушыларға қысқаша шығарма жазып келу тапсырылады.

§62. Байтақ қала – Астана

Сабақтың мақсаты: оқушылардың Астана туралы түсініктерін кеңейту. «Астана» ұғымын қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру. Сабақтың материалы арқылы оқушыларды отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеуге септігін тигізу. Түрлі ақпараттардан жаңа білім ала білу біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейнефильм, аудиофильмнен үзінділер, иллюстрациялық материалдар.

Өткен материалды қайталау. Оқып-үйренген материалды қайталау оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру.

2. Астана – ел ордасы, әсем қала.

Жаңа материалды оқып-үйрену «Астана» туралы бейне және аудиофильмнен үзінді пайдаланудан басталады.

Содан кейін бірнеше оқушының «Астана – біздің Отанымыздың астанасы» деген шығармалары дауыстап оқылады, қалғандарын мұғалім сабақ соңында жинап алып, келесі сабақта бағалайды.

Оқушылар Астана туралы оқулық мәтінімен танысады. Оқушылар үш топқа бөлініп, тақтада жазылған үш кесте-сызбаның біреуін орындайды.


Бірінші топ оқушыларының тапсырмасы:

«Қазақстанның астанасы» атты кесте-сызбаны толтырыңдар.




Екінші топ оқушыларының тапсырмасы:

«Астана қаласын астана ретінде таңдап алудың себептерін атаңдар».



Үшінші топ оқушыларының тапсырмасы:

«Астана қаласы құрылысының жоспарын жасауға қандай шетелдік мемлекеттер атсалысты?» Кестені толтырыңдар.



Кестенің әрбір сызықшасын әр топтан оқушылар толтырады (сызықша қанша болса, әр топтан сонша бала толтырады. Мысалы, 4 сызықша болса, 4 оқушы жазады). Басқа балалар қатесі болса түзейді, не сызықшаны қосымша жауаппен толтыруы мүмкін.

Мұғалім оқушылар жауаптарын бағалап, қорытынды жасайды.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §62. «Байтақ қала – Астана» әңгімесімен танысу және сұрақтар мен тапсырмаларға жауап дайындап келу.

§63. Бүгінгі Қазақстан

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қазіргі Қазақстанның дамуы, оның дүниежүзіндегі алатын орны, халықаралық қатынастар туралы күрделі мәселелерді түсінікті тілмен жеткізу. Сабақ материалы оқушылардың бойында отаншылдық, елжандылық сезімдерін тәрбиелеуге септігін тигізеді. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Сабақ жаңа материалды оқып-үйренуден басталады.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазіргі Қазақстан Республикасы.

2. Қазақстандағы ұлттар арасындағы келісім мен өзара түсіністік.

Жаңа материалды оқып-үйрену «Тәуелсіз Қазақстан» бейнефильмінен үзінді көрсетуден басталады. Бейнефильм көрсетілмес бұрын, оқушылар назары тақтада не плакатта жазылған проблемалы тапсырмаға аударылады. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» деп аталатын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деген баяндама жасалды. Осы сөйлемді қалай түсінесіңдер? Осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін не істеу қажет деп ойлайсыңдар? Сендер не істер едіңдер? «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деген Жолдаудың атын қалай түсінесіңдер?

Бейнефильм мен аудиофильмнен үзінді көрсетілген соң, оқушылар мынадай сұраққа жауап дайындайды:

1. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның дамуы туралы не айтасыңдар?

2. Қазақстанның болашағы қандай болмақ?

3. Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасында қандай мәселелер қарастырылған? Олар қалай орындалып жатыр деп ойлайсың?

4. Қазақстанның өркендеп дамуы үшін жас ұрпақ не істеуі қажет деп ойлайсыңдар? Ойларыңды мысалдармен дәлелдеңдер.

5. Қазақстан қандай мемлекеттермен байланыс жасап жатқанын атап, картадан көрсетіңдер.

Мұғалім оқушыларды Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2008 және 2010 жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауларының мазмұнымен таныстырып, олардың жасына сай, көңілге қонымды түрде әңгімелеп түсіндіреді.

Оқушылар кезектесіп оқулық мәтінін оқиды, ондағы негізгі ойды тауып, қорытындылайды.

Мұғалім тапсырмасы бойынша оқушылар 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушылары оқулық мәтіні, қосымша ізденістері негізінде «Республикамыздағы халықтың өмірі жақсара бастағаны туралы нақты мысалдар келтіріп, кестені толтырыңдар» деген тапсырманы орындайды.

Кесте: «Республикамыздағы халықтың өмірі жақсаруда»

Р/с	Орташа жалақы	Зейнет-ақы мөлшері	Медициналық көмек	Студенттер стипендиясы	Мұғалімдер жалақысы	Мәдениет саласындағы қызметкерлер жалақысы

Екінші топ оқушыларының тапсырмасы:

Қазақстан Республикасы қандай қазба байлықтарға бай екенін диаграмма не кесте түрінде жазыңдар.

Үшінші топ оқушыларының тапсырмасы:

«Қазақстан халқының бірлігі – біздің басты байлығымыз» тақырыбының күрделі жоспарын жасаңдар.

Топтар орындаған жұмыс бойынша оқушылар білімі бағаланады.

Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §63. «Бүгінгі Қазақстан» әңгімесі және төртінші, бесінші бөлімдердегі негізгі мәселелерді қайталап келу тапсырылады.

§64. Қазақстан және дүниежүзі

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қазіргі Қазақстанның дүниежүзіндегі орны, халықаралық қатынастар туралы күрделі мәселелерді түсінікті тілмен жеткізу. Сабақ материалы оқушылардың бойында отаншылдық сезімін, басқа халықтармен ынтымақтастық байланыстың қажеттілігін тәрбиелеуге септігін тигізеді. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамытуда жұмысты жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, бейне және аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар.

Сабақ жаңа материалды оқып-үйренуден басталады.

Жаңа материалды оқып-үйрену жоспары:

1. Қазақстан және дүниежүзі.
2. Халықаралық қатынастар.

Жаңа материалды оқып-үйрену «Тәуелсіз Қазақстан» бейнефильмінен үзінді көрсетуден басталады. Бейнефильм көрсетілмес бұрын оқушылар назары тақтада не плакатта жазылған проблемалық тапсырмаға аударылады. «Қазақстан қандай мемлекеттермен көрші тұрады? Осы мемлекеттер туралы не білесіңдер? Қазақстан басқа елдермен ынтымақтастықты неліктен жақтайды? Еліміз ғарышта және спортта басқа елдермен қандай байланыс жасайды?»

Бейнефильм мен аудиофильмнен үзінді келтірілген соң, оқушылар оқулықтың мәтінімен өздігінше танысып, мынадай кестені толтырады: «Тәуелсіз Қазақстан шет мемлекеттермен қандай байланыс орнатқанын жазыңдар».



Жұмыс дәптерімен жұмыс жүргізіледі.

Үйге тапсырма: §64. «Қазақстан және дүниежүзі» әңгімесі және төртінші бөлімдегі негізгі мәселелерді қайталап келу.

§65. IV–V бөлімдер бойынша қорытынды қайталау сабағы

Сабақтың мақсаты: Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы, Қазақ КСР-інің құрылуының маңызы, 20–30-жылдардағы елдегі жағдай, Ұлы Отан соғысының тарихи маңызы, соғыстан кейінгі кезеңдегі жаңалықтар, өзгерістер, ғалымдар, мәдениет адамдары, ғарышкерлер, Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, оның маңызы, Қазақстанның әлемдегі орны мен рөлі жайлы оқушылардың білімдерін жинақтап, қорытындылау.

Сабақтың материалы оқушыларды отаншылдыққа, елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге септігін тигізуі қажет. Оқушылардың сабақта және сабақтан тыс түрлі ақпараттардан жаңа білім ала білу біліктерін дамыту жұмыстарын жалғастыру.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, бейне және аудиофильмдерден үзінді, оқулықтағы суреттер мен иллюстрациялық материалдар, кесте, диаграмма.

Жинақтап қайталау сұрақтары мен тапсырмалары.

Жинақтап қайталау сабағында тарихи маңызды оқиғалардың өзара байланысты үрдісінің тізбегі ретінде қорытынды жасалуы тиіс. Бағдарлама бойынша қайталауға 1 сағат бөлінген, оны 2 сағат көлемінде өткізген тиімдірек. Өйткені оқушылар еліміздің жүз жылдай шамасындағы тарихын, ондағы негізгі оқиғаларды, белгілі қайраткерлерді, ғалымдарды, ақын-жазушыларды еске түсіреді. Сондықтан бұл сабақтарды маңызды мәселелерді түйіндеу, жинақтау арқылы оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып жүргізген жөн. Мұнда әсіресе оқушылардың белсенділігін арттыратын түрлі топтық және жеке өзіндік жұмыстарды ұштастыру, проблемалық мәселелерді шешу, дәлелдеу, «Білімпаздарға арналған» материалдардан қажетті білімді алу, құжаттардағы негізгі ойды табу, қорытындылау, өз пікірін еркін білдіру, иллюстрациялық материалдармен өздігінше жұмыс жүргізу, кесте, жоспар, диаграмма толтыру және т.б. қарастыруға мүмкіншілік бар.

Оқушылармен жылнама бойынша сапалы жұмыс жүргізген орынды. Сондықтан қайталау сабағында оқушыларға өздігінше оқулықтың мәтінін пайдаланып, дәптеріне төмендегідей кесте толтыру тапсырылады.

Кесте: XX – XXI ғасырдың басындағы Қазақстан

Жылдар	XX – XXI ғасырдың басында Қазақстанда болған маңызды оқиғалар
1917 ж. 7 қазан	Кеңес өкіметінің орнауы
...	
...	
...	

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ КСР-і құрылуының қандай маңызы болды?
 2. Қазақ зиялылары Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы туралы не білесіңдер? Олар неліктен ел есінде?
 3. Ұлы Отан соғысының қандай аса ірі шайқастарын білесіңдер?
 4. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі туралы әңгімелеп беріңдер.
 5. Байқоңыр туралы не білесіңдер?
 6. Ғарышкерлер Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаев өмірінен қандай үлгі алуға болады?
 7. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылуының маңызы туралы әңгімелеп беріңдер.
 8. «Конституция – елдің негізгі Заңы» дегенді қалай түсінесіңдер?
 9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері және олардың авторлары.
 10. «Байтақ қала – Астана» әңгімесінің күрделі жоспарын жасаңдар. Оқушылар тілек білдірсе, Астана қаласының суретін салуларына болады. «Астана – әсем қала» деген тақырыпта конкурс өткізіледі.
 11. Қазақстанның дүниежүзіндегі рөлі мен орнына баға беріңдер.
 12. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында қандай мәселелер қарастырылды?
 13. Болашақ Қазақстан мемлекетінің алдында қандай міндеттер тұр?
 14. Жас дос! Қазақстанның болашағына сендер жауаптысыңдар. Оның көркейіп, дамуы үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?
- Оқушыларға бейнефильм мен аудиофильмнен үзінді, иллюстрациялық материалдар көрсетіп, оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беріледі.

Үйге тапсырма: «XX ғасырдағы Қазақстан» бөлімін қайталау, оқулықтағы тапсырмаларға дайындалып келу.

§66. Туған өлке тарихы

Сабақтың мақсаты: оқушыларда туған өлке туралы түсінік қалыптастыру бағытында жұмысты жинақтау. Туған өлкенің Отан тарихындағы орны: XVII – XXI ғасырдың басындағы туған өлкеде болған аса маңызды оқиғалар, тарихи қайраткерлер туралы ұғымдарын жинақтау. Оқушылардың туған өлкеге, оның адамдарына деген сүйіспеншілік пен құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың өлкедегі адамдардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, тарихи-мәдени ескерткіштері тарихын білу, сипаттап беру біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: Қазақстанның физикалық картасы, өлкенің картасы, жоспары, оқулықтағы суреттер, оқушылар дайындаған «Ертедегі біздің өлке» тақырыбындағы альбом-сурет, қабырға газеті, өлке туралы бейнефильм.

Бағдарлама бойынша «Туған өлке» сабағын 2 сағатта өткізу көрсетілген. Сондықтан да өлке материалын өткенде қайталауға арналған сұрақ-тапсырмаларды үйлесімді ұштастыруға болады.

Бұл сабақты төмендегідей жоспар бойынша өткізу керек:

1. Біздің өлке қазіргі Қазақстан картасында.
2. Е. Бекмаханов – шоқтығы биік ғалам
3. Біздің өлкені мекендеген халықтар.
4. Біздің өлкедегі тарихи-мәдени ескерткіштер – ата-бабаларымыздың мұрасы, халқымыздың мақтанышы.

Бастауыш сыныпта оқушылар «Дүниетану» сабағынан «Туған қалам (ауылым)» тақырыбынан туған өлкесі әрбір адам үшін қымбат, оны қоршаған аула, үйлер, жүретін көшелер, адамзат жасаған керемет жаңалықтар әрбір тұрғын үшін пайдалы да маңызды екенін түсінеді. Оқушы өзі туып-өскен қаланың (ауылдың) өзіндік қайталанбас белгілерін: тауларын, өзендерін, көлдерін, шөлейт далаларын, аңызак желді табиғатын, керемет үйлерін, ескерткіштерін танып біледі. Осы өлкенің батыр, ержүрек адамдарымен, ғалымдарымен танысады. Өзінің осы өлкеден шыққанына қуанып, мақтаныш тұтады. Сөйтіп, осы жұмыстың нәтижесінде оларда ата-бабалары қалдырған тарихи-мәдени ескерткіштерді аялап, қорғау сезімдері оянуына көмектесеміз.

Әрбір өлкенің, жердің, таудың, көлдің тарихы, атауы, олардың берілу сыры бар. Олай болса, өлкеміз туралы, оның құпиясы мен сыры туралы білуіміздің маңызы ерекше.

Өзіміз туып-өскен өлкенің аты, тарихы туралы не білесіңдер? Бұл жайлы не мұғалім, не оқушылар өздігінше дайындаған хабарлама тыңдалады.

Жер тарихы ел тарихымен, оның құдіретті ана тілімен етене байланысты. Осы туып-өскен ұлан-байтақ жерімізді қастерлеп, аялай білейік.

5-сыныптан бастап оқушылар өлкетану материалдарын оқып танысу барысында өлке, Отан тарихында және дүниежүзілік тарихта белгілі құндылық және оның жалпы тарихи үрдістегі орнын анықтайтынын түсінуі тиіс. **«Мен – менің өлкем – менің Отаным – менің әлемім»** деген идеяны қалыптастыруда жұмыс жүргізу қажет.

Сабақты бекіту барысында оқушылар «Туған өлке», «Отан» «Қазақстан – менің Отаным» ұғымдарының анықтамасын дәптеріне жазып алады.

Үйге тапсырма: §66. «Туған өлке тарихы» әңгімесімен танысу және сұрақ-тапсырмаға жауап дайындап келу.

§67. Өлкеміздің тарихи ескерткіштері

Сабақтың мақсаты: оқушыларда «туған өлке» туралы түсінік қалыптастыру бағытында жұмысты жинақтау. Туған өлкенің Отан тарихындағы орны: XVII–XXI ғасырдың басындағы туған өлкеде болған аса маңызды оқиғалар, тарихи қайраткерлер туралы ұғымдарын жинақтау. Оқушылардың туған өлкеге, оның адамдарына деген сүйіспеншілік пен құрметтеушілік сезімін тәрбиелеуге көмектесу. Оқушылардың өлкедегі адамдардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихи-мәдени ескерткіштер тарихын білу, сипаттап беру біліктерін дамыту.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: «Қазақстанның физикалық картасы», өлкенің картасы, оқулықтағы суреттер, оқушылар дайындаған «Біздің өлке» тақырыбындағы суретті альбом, қабырға газеті, өлке туралы бейнефильм.

Өлке материалын өткенде қайталауға арналған сұрақ-тапсырмаларды мұғалім әңгімесімен үйлесімді ұштастыруға болады.

Әрине, әрбір ауылда өлке тарихына арналған музей табыла бермес, сондықтан мұғалім сабақта аудан, тіпті облыс көлеміндегі материалды кеңінен пайдалануға мүмкіншілігі бар.

Қазақстанның және өлкенің картасына оқушылар назары аударылады.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар:

1. Картадан өзің туып-өскен өлке, қала, аудан, облысты тап.
2. Өлкедегі табиғат байлықтарын, өзен-сулардың, таулардың аттарын атап, картадан көрсет.
3. Өлкеде қандай тарихи ескерткіштер бар, олар жайлы не білесің?
4. Өлкедегі белгілі, елімізге, халқымызға әйгілі адамдар туралы не айта аласың?
5. «Туған өлке», «Отан» деген ұғымдарға анықтама бер.

6. Республикамыздың аумағын, астананы және біздің өлкені картадан көрсет.

Оқушылар «Біздің өлке» жайлы карта-схемамен жұмыс істейді, картадан аталған географиялық объектілерді көрсетеді, оқулық не анықтама бойынша ұғымдарға анықтама береді.

Оқушылар ертедегі туған өлке тарихымен таныса отырып, Қазақстанға белгілі археологтар, жаңадан ашылған қазба жұмыстарының нәтижесі және келешекте өздері ашатын құпиясы мол жұмыстар туралы әңгімелеседі.

«Міне, сендер тұрған жердің бізге белгісіз көптеген сырлары, құпиялары бар. Оның сырын ашу сендердің жұмыстарың.

Археологиялық қазба жұмыстары ерекше білімділікті және өнерлі болуды талап етеді. Қазақстан тарихы сабағынан елімізде жүргізілген көптеген қазба жұмыстары, атақты ғалымдар, зерттеушілер туралы оқып таныстыңдар».

Осы өлкеде туып-өскен ғалым, не жазушы, не композитор туралы баяндама жасалады.

Оқушыларды еліміздің ғылымы мен өнерін дамытуға үлес қосқан көрнекті қайраткерлердің, атақты ғалымдардың өмірі мен қызметі, өнегелі істерімен таныстыру олардың білімге деген ынтасын арттырып, қиындықты жеңуге, қажырлылыққа тәрбиелеуге септігін тигізеді. Содан кейін оқушылар өздігінше кесте толтырады.

Кесте: «Біздің өлкені мекендеген халықтар»

Халықтар	Шаруашылығы	Мәдениеті (археологиялық ескерткіштер)

Тақтаға үш оқушы шығып, үш бағананы толтырады, оқушылар кестені ауызша талдайды.

Оқушылар алдын ала әзірлеген «Біздің өлкенің белгілі адамдары–халқымыздың мақтанышы», «Өлкедегі тарихи ескерткіштер құпиясы», т.б. хабарламаны пайдалануға болады. Хабарлама жасау үшін мектеп музейіндегі және аудандық, облыстық газеттердегі баспасөз материалдары кеңінен пайдаланылады. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен хабарламаға байланысты дайындаған альбом-сурет не қабырға газетін иллюстрация ретінде қолданады.

Сабақты бекіту барысында оқушылар «туған өлке», «Отан», «Қазақстан – менің Отаным» ұғымдарының анықтамасын дәптерлеріне жазып алады.

Үйге тапсырма: §67. «Өлкеміздің тарихи ескерткіштері» тақырыбын оқулық тапсырмалары бойынша қайталау.

§68. «Қазақстан тарихынан әңгімелер» курсы қайталау

Сабақтың мақсаты: Өткен 67 сабақтың материалынан ең негізгілерін іріктеп алып қайталап, жүйелеу. Оқушылардың тарих, тарихи уақыт, тарихи карта туралы түсініктерін одан әрі кеңейте түсу. «Қазақстан – менің Отаным» идеясын қалыптастыру жұмысын жинақтау. Оқушылардың өз халқының тарихына деген қызығушылығын дамыту, қазақ халқының және республикада тұратын басқа халықтардың тарихын, тілі мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Тарихи материалды салыстыру, оқиғалар мен құбылыстардың ортақ белгілерін анықтау, өз пікірін еркін білдіру біліктерін қалыптастыруда жұмыс жүргізу.

Пайдаланылатын көрнекі құралдар: карта, электронды оқулық, аудио және бейнефильм, иллюстрациялық материалдар, карточкалар, кадаскоп, т.б.

Қайталау сабағында жұмыс істеудің негізі оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар және оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған проблемалық тапсырмалар, құжатпен жұмыс, кроссворд, викторина шешу, т.б. пайдалануға болады.

Мұғалім оқушылар назарын оқулықтағы қайталауға арналған негізгі түйінді мәселелерге аударады. Сонда берілген сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Содан кейін осы тақырыптарды оқу барысында кездескен жаңа сөздермен және терминдермен жұмыс жүргізіледі.

Оқулықтағы «Мен білемін...» атты мәтін негізіндегі маңызды мәселелерді жинақтап қорытындылауға баса назар аударған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика, 1989. 192 с.
2. Блум Б. Технология в обучении или технология обучения //Серия 31. Знание, 1986, № 12. С. 7-86.
3. Жадрина М.Ж. Жалпы білім берудегі жаңа үрдістер // Открытая школа, 2004, №5. 6-9 бб.
4. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: оқу құралы (М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбекұлы). Астана, 2001.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, Энциклопедия, 1999-2006. 1-12 томдар.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-3 т. Алматы: Атамұра, 1996-2002.
7. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы: ҚДИ. Тарихи тұлғалар, 1998.
8. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1995; Мағауин. М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV–XVIII ғғ.). – Алматы, 1992.
9. Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1992.
10. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. – Алматы, 1998.
11. Сырымның шешендік сөздері. – Алматы: Ана тілі, 1992; Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
12. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алматы: КСЭ, 1975.
13. Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. – Алматы: Жалын баспасы, 2004.
14. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. – Алматы, 1992.
15. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. – Алматы, 1964.
16. Қасымбаев Ж. Кенесары хан: саясатшы және қолбасшы. – Алматы: Қазақстан, 1993.
17. Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели Казахстана в XIX вв.– Алматы, 1998.
18. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1980.
19. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
20. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. I- II т. – Алматы, 1976.
21. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1997.
22. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
23. Сыздықов Ш. Мәншүктің өшпес ерлігі. – Алматы: Қазақстан, 1985.

Пайдалануға арналған электронды оқулықтар тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Жинақтап қорытындылау курсы (орысша-қазақша). Қойгелдиев М., Әбсеметова Ж.А., Мажитов С. Ф. – Алматы, 1998.
2. Қазақстан тарихы (орысша-қазақша). Ким Л. А. – Алматы, 2000.
3. Қазақстан тарихы (орысша-қазақша). Мажитов С. Ф. – Алматы, 2000.
4. Тарих пәні бойынша мультимедиалық оқу. (Қазақстан тарихы. 1–4 бөлім). – Алматы, 2002, 2004.
5. Сарайшық. Мультимедиалық оқыту бағдарламасы. Кеңейтілген курс. Малқайдарова Г. және т.б. – Алматы, 2003.
6. Бөкей хандығы. Мультимедиалық оқыту бағдарламасы. Кеңейтілген курс. Мақатаев Г. – Алматы, 2003.

МАЗМҰНЫ

5-сыныпта «Қазақстан тарихынан әңгімелер» курсын оқытудың өзекті мәселелері.....	3
---	---

I бөлім. Тарих әлемі

§1. «Қазақстан тарихы» пәні	9
§2. Тарихи деректер.....	12
§3. Археология	14
§4. Этнография.....	17
§5. Өлкетану	18
§6. Тарихи уақыт.....	20
§7. Жыл санау.....	21
§8. Тарихи карта.....	23
§9. Қазақстан әлем картасында	25
§10. Қазақстан – менің Отаным	27
§11. Қазақстанның табиғаты	28
§12. Қазақстанның халқы	29
§13. Қазақстанның қалалары.....	31
§14. I бөлім бойынша қорытынды қайталау	33

II бөлім. Тарихқа саяхат

§15. Қазақстан аумағын мекендеген алғашқы адамдар мен ежелгі тайпалар	35
§16. Сактар	37
§17. Тұмар патшайым	38
§18. Алтын киімді адам.....	41
§19. Мөде – Ғұн мемлекетінің негізін қалаушы.....	42
§20. Еділ патша	44
§21. Ертедегі түріктер	47
§22. Көне түркі жазуы.....	49
§23. Ұлы Жібек жолы	52
§24. Әбу Насыр әл-Фараби	54
§25. Қазақстанның ортағасырлық қалалары.....	55
§26. Моңғол шапқыншылығы.....	59
§27. Қазақ халқының қалыптасуы.....	62
§28. Қазақ хандығының құрылуы	64
§29. Қазақ билері.....	66
§30. Жеті жарғы	67
§31. Қазақ батырлары	70
§32. Қазақстан және Ресей.....	73
§33. Абылай хан	76
§34. Тәуелсіздік жолындағы күрес	78

§35. Шоқан Уәлиханов	80
§36. Абай Құнанбайұлы.....	81
§37. Ыбырай Алтынсарин.....	82
§38. II бөлім бойынша қорытынды қайталау сабағы.....	83
III бөлім. Ғажайыптар әлемінде	
§39. Көрікті кесенелер.....	86
§40. Наурыз	89
§41. Қазақтың шешендік өнері.....	91
§42. Дала музыкасы.....	94
§43. Халық ауыз әдебиеті	96
§44. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері.....	97
§45. Материалдық мәдениет.....	99
§46. III бөлім бойынша қорытынды қайталау сабағы	100
IV бөлім. XX ғасырдағы Қазақстан	
§47. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы	102
§48. Алаш қозғалысы	103
§49. Қазақстанда 1920–1940 жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы	107
§50. Қазақстанның 1920–1940 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі.....	107
§51. Ұлы Отан соғысы	109
§52. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында	111
§53. Сталинград шайқасы. Қазақстандықтардың ерлігі	113
§54. Ұлы жеңіс.....	114
§55. Тың игеру.....	115
§56. Қазақстан – ғарыштық держава	116
§57. Қазақстанда ғылым мен өнердің дамуы	118
V бөлім. Тәуелсіз Қазақстан	
§58. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, егемен мемлекет	119
§59. Қазақстан Республикасының Конституциясы.....	121
§60. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	122
§61. Біздің теңге	123
§62. Байтақ қала – Астана.....	124
§63. Бүгінгі Қазақстан.....	126
§64. Қазақстан және дүниежүзі	128
§65. IV–V бөлімдер бойынша қорытынды қайталау сабағы.....	129
§66. Туған өлке тарихы.....	131
§67. Өлкеміздің тарихи ескерткіштері.....	132
§68. «Қазақстан тарихынан әңгімелер» курсы қайталау	134
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	135
Пайдалануға арналған электронды оқулықтар тізімі	136

Оқу құралы

Әбдіғұлова Бағлан Қапаровна

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ӘНГІМЕЛЕР
Әдістемелік құрал

Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің
5-сынып мұғалімдеріне арналған

Әдіскер-редактор **Ф.С. Лекерова**

Редактор-корректор **Ә.Б. Орынбаева**

Мұқабасын безендірген **Д. М. Надбережный**

Компьютерде беттеген **Т. Досмағамбетова, С. Жұмагелдиева**

Басуға 02.03.10 қол қойылды. Пішімі 60x89¹/₁₆.

Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Мектептік».

Офсеттік басылым. Шартты б. т. 8,75.

Есептік б. т. 6,48. Таралымы 2500 дана. Тапсырыс №518.

«Алматыкітап баспасы», 050012, Алматы қаласы,
Жамбыл көшесі, 111, тел.: (727) 250 29 58, факс (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Кітаптарды «Алматыкітап баспасы» ЖШС-нің Астана қаласындағы
Абай көшесі, 73-үй, тел.: (7172) 32 77 67,
Иманов көшесі, 10-үй, тел.: (7172) 22 33 03
және Алматы қаласындағы Абай даңғылы, 35/37, тел. (727) 267 13 95;
Гоголь көшесі, 108, тел. (727) 279 29 13;
Қабанбай батыр көшесі, 109, тел. (727) 267 54 64;
Жандосов көшесі, 57, тел. (727) 221 25 21, 221 34 06;
Бруно көшесі, 95, тел. (727) 256 05 55;
кітап дүкендерінен сатып алуға болады.

Кітаптарды «Кітап-пошта» дүкені арқылы алуға да болады.
Мекенжайымыз: 050035, Алматы қаласы, а/ж 145,
тел.: (727) 221-34-06, 221-25-21; e-mail: JalynAK@mail.ru.
Маркетинг бөлімі: (727) 292-57-20, e-mail: almatykitap@mail.ru
Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды
www. almatykitap.kz сайты арқылы білуге болады.

ISBN 978-601-01-0364-1



9 786010 110364 1